

# БАЯН БАТЫР

**БАЯН БАТЫР**  
(зерттеу мақалалар жинағы)

Петропавл – 2008 жыл

ISBN

Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы  
жанындағы «Асыл мұра» орталығы

Кітапты құрастырып, баспаға дайындаған:  
**Социал Жұмабаев, Зейнолла Олжабаев.**

Редакция алқасы: Қайролла Мұқанов,  
Ермек Баймұратов, Ниязбек Нұғыманов,  
Жәлел Жанабаев, Ғомар Сажаратов.

Редакторы: Таңат Сүгірбаев

«БАЯН БАТЫР»

Петропавл қаласы - бет

Кітапқа ХҮІІІ ғасырдағы қазақ-қалмақ  
соғысының батыры Баян батыр Қасаболатұлы  
туралы жазылған зерттеу еңбектердің жинағы  
енген.

ISBN

## АЛҒЫ СӨЗ

Дербестікке қолымыз жеткен сәттен бастап-ақ осыншама кең байтақ жерге ие болған, оны қорғаған, тәуелсіздік үшін күресіп, сол жолда құрбан болған ата-бабаларымызды еске алып, іздей бастадық.

Шығысында Алтай тауынан бастап, батысында Еділ өзеніне дейін үш мың шақырым, Солтүстігінде Сібірден, оңтүстігінде Тянь-Шаньға дейін 2 мың шақырымға созылып жатқан ұланғайыр жерді қаумалаған қалың жаудан қорғап тұру үшін батырларымыздың көп болғаны, әрине, барынша заңды. Жазу өнері кеш дамығандықтан хатталмай, көмескіленгені, ұмытылғаны қанша? Құдайға шүкір, есіміздегісіне ескерткіш орнатып, ұлттық өнеге салтымызға сай ардақтап ас беріп, барымызды бағалап, жоғымызды іздеп жатырмыз. Еліміз құл, жеріміз күл болмасын деп алтын басын ажалға тіккен батырларымыздың бірі – Баян батыр Қасаболатұлы.

Осы уақытқа дейін атақты жерлесіміз Баян батыр туралы баспа беттерінде үлкенді-кішілі 30 шақты мақалалар жарық көрген екен. Мақалалардың текстологиясына қарап отырсақ, 1989 жылдардан бастап, яғни Мағжанның ақталған уақытынан басталып жазыла бастаған. Оған дейін қазақ-қалмақ соғысының атақты батырларының қатарында жай ғана аталып жүрді. Басқа

батырлардай арнайы зерттеуге, мадақтауға болмады, өйткені «халық жауы» атанған Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» атты дастанының бас кейіпкері. Баян батырды мадақтау Мағжан шығармашылығын мадақтаумен бірдей еді. Сөйтіп, Баян батырдың есімі Мағжан Жұмабаевпен бірге тұтқындалып, бірге ақталды. Ақталған ақынның бүкіл шығармашылығы сияқты Баян батыр жайлы зерттеу мақалалар тоғанда қамаулы тұрған судың бөгетін ашып жібергендей лақ етіліп, жөппелдете жазылды. Жерлес жазушы марқұм Хамза Абдуллин, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты марқұм Ерік Асқаров, Филология ғылымының кандидаттары Бақытжамал Қанарбайқызы, Салтанат Ізтілеуова; жерлес жазушы марқұм Бақыт Мұстафин, өлкетанушылар: Қосыл Омаров, Қайролла Мұқанов тағы басқалар батыр бабамыз жайлы көлемді мақалалар жазды. Қазіргі қалың оқырмандарымыздың Баян батыр туралы түсініктері осы азаматтардың мақалалары арқылы қалыптасты деуге толық негіз бар.

Булаев қаласының бір мектебіне батырдың аты беріліп, ескерткіш қоюылуына, Алматы және Астана қалаларының бір-бір көшелеріне батыр бабамыздың есімінің берілуіне аталмыш мақалалардың ықпалы тимеді деуге болмайды.

Дейтұрғанмен, батырдың өмірі мен қызметі толық зерттелді, ғылыми сараптамаға түсті дей алмаймыз.

Жоғарыдағы айтылған саны жағынан отыздан астам зерттеу мақалалардың бәрі де үш негізге сүйене отырып жазылған. Әрине, үшеуі де осал емес.

Біріншісі: жыраулардың толғаулары Қожаберген жырау (1663-1763), Үмбетей жырау (1706-1778), Шал ақын (1748-1819), Тәттіқара ақын (XVIII ғасыр), Қобылан Бәрібайұлы ақын (1760-1840), Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931), Шәді Жәңгірұлы (1855-1933), Мәжит Айтбаев және халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, т.б.

Екіншісі: Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уалихановтың «Исторические предания о батырах XVIII в.» атты еңбегі;

Үшіншісі: Мағжан Жұмабаевтың «Баян батыр» дастаны. Баян батыр жайлы мақалаларды осы үш дүниелікті алдарына ашып қойып отырып жазғандықтан бірін бірі қайталайды. Тіпті болмаса араға уақыт салып бір баспадан екінші баспаға беріп қайталатады. Сондықтан жазылған мақалалардың саны көп те, келтірген деректері бірдей.

Баян батырды тану ісі, жоғарыда айтқанымыздай, қолға кеш алынғанымен осы уақыт аралығында батыр есімін ел есінде қалдыру шаралары аз емес деуге болады.

Белгілі кинорежиссер С.Тәуекеловтың «Батыр Баян» киносы түсіріліп, қазақ мәдениетінің алтын қорына қосылды. Алматы, Астана, Петропавл

қалаларының бір-бір көшелеріне батыр бабамыздың есімі берілді. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев қаласының бір мектебіне аты беріліп ескерткіші орнатылды. Қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында тұрып жатқан батырдың ұрпақтары ас беріп, бабаларының рухтарына тағзым етті.

Осы кітабымызда Баян батыр туралы бұрын жазылған зерттеу мақалаларды жинақтап және бабамызды тану, оны ел есінде қалдыру іс-шаралары туралы жазылды.

Баян батырдың тарихи тұлға екеніне күмандана қарап, Мағжан Жұмабаевтың әдеби кейіпкері ғана деп күдіктенушілер де болғанын ескеріп, батыр бабамыздың шежіресін толық жазуға тырыстық.

## БАТЫР БАЯН

(бірінші тарау)

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол баяғыға.  
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар  
Әдемі ертегідей баяғыда.  
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,  
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,  
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?  
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,  
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.  
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,  
Қанды ор боп ақын жолы қалады да,  
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,  
Күрсініп көзіне жас алады да.  
Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытамын қаламыма,  
Арқаның көз жіберсем алабына.  
Сарыарқа-сары дария, қиыры жоқ  
Көз болсын, қандай қыран, талады да.



Ішінде сары дария көз тоқтатар  
Көкшетау- Сарыарқаның аралы да.  
Көкшеде күні кеше қойдай өрген  
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да,  
Айырылып асау, ерке аңдарынан  
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.  
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға,  
Бөлектау: "Ой, бауырым!" - дер анадайда.  
Оқжетпес найза қия-қыранға ұя,  
Қарасаң жанның шері тарамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,  
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.  
Бурабай-Арқа аралы, жер еркесі,  
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш,  
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.  
Арудың ақпен өрген тұлымындай,  
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.  
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,  
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!  
Қабірінен әулиенің алашқа артық,  
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.  
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,  
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш.

Қиын күн туған алаш баласына,  
Шұбырып жапанның сар даласында,  
Кез болған жаудан үркіп "Ақтабанға"  
Дұшпанның қалғандай боп табасына.  
Арқаға аяқ салып, түскен барып,  
Екі оттың- орыс, қытай арасына.  
Күндерде сонау- қара, тапсырған ел  
Тағдырын Абылайдай данасына.  
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың  
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай - ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.  
Артында - ор, алдында - көр, жан-жағы жау,  
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?  
Сол кезде ерге қорған болған Абылай  
Қалмаққа (ойына алды) - ойран салмақ.  
Ханынан: "Аттан" - деген сөз шыққан соң,  
Ордаға батыр, билер келді аңдап.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,  
Ту баста Абылайды хан көтерген  
Қамқорды Қарауылдың шешен Қанай.  
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай  
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі  
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.  
Найзасын нажағайдай ойнататын

Жас барыс Бәсентиін Сары Малай.  
Балталы, екпінді оттан Оразымбет,  
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек,  
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін  
Тәкаппар Қошқар ұлы ер Жәнібек,  
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған  
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.  
Майданда от шашқандай оқ шашатын,  
Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет,-  
Осындай өңшең көкжал жиылыста,  
Күңіреніп жолбарыстай:”Жау қайда?”- деп.

Әрі ақын,әрі батыр Қарабұжыр,  
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр.  
Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда,  
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр.  
Осылай думанменен күндер өтіп,  
Батырлар ерікті енді жатқанға құр.  
“Аттан” деп әлі айтпаған Абылайға,  
Көкжолдар дей бастады: “Жүр енді, жүр!”.  
Алайда Абылайдан сөз болмады,  
Сондықтан бұғып, бықсып туды күбір.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,  
Алаштың кебесіндей ізгі жайға.  
Батырлар бұғаудағы арыстандай,  
Абылай тұңғиық бір терең ойда,  
Бәрі де ел қорғаны-батыр, билер,  
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:

“Жүрелік, жау басынар!” – деген сөзбен  
Салады Қанай биді Абылайға.

Би Қанай: Бұ қалай?-деп бастағанда,  
Абылай сұрайды одан: “Баян қайда?”

“Қанайым, ойың удай, тілің шаян,  
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның әруақты құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?!  
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат  
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!  
Би Қанай, аттанбайды хан Абылай,  
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!”-

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,  
Аяндап батырларға қайтты Қанай.  
Байлаулы бөрілерді ыза қылмай,  
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай.  
Күндеу ме, көтеру ме – кім біліпті,-  
Батырлар десті жалғыз “Баян бала-ай!”  
Көкшенің бауырында өңшең көкжал  
Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.  
“Жау” десе жатпайтұғын батыр Баян.  
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.

Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!  
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,  
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?  
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр  
Баяндай “Алашым” – деп еңіреп пе еді?!  
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,  
Тұлпарым кез болды ғой орға, тегі!

Арқада бір өзенді дер Обаған,  
Сол жерде аз ғана Уақ қоныс қылған.  
Уақтың ерте күнде өжет-қайсар,  
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.  
Сол ері ерте күннің, Ер Көкшенің  
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.  
Баянның ер ағасы батыр Сары,  
Қос қыран тізе қосып жауын қуған,  
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,  
Ер Баян алашының бетін жуған.

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ,  
Қыранмен қара құстай алысқан шақ.  
Баласы алты алаштың Абылайдың  
Астында ақ туының табысқан шақ.  
Қазақтың батырлары бәрі қыран,  
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.  
Жауының бір жорықта бір сұлуын  
Ер Баян алып қайтқан артына сап.

Баянның алып қайтқан сол сұлуы-  
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Тоғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері - су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.  
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.  
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан  
Еліне сол сұлуды, естен танбай.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,  
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.  
Қан жауып екі көзін қанды балақ,  
Ілмекке қоңыр қазды көңіл бөлген.  
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ,  
Кезеңде кез келсе де қандай мерген.  
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,  
Ер Баян қарындас қып ерік берген.  
Алайда ар алысқан жүрегімен,  
Теңізде алысқандай күшті сеңмен.

Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,  
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.  
Жап-жас қыз сұмдығы мол, сыр бермейді,  
Жандай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған.

Алаштың аруы боп кетсе-дағы,  
Жанымен өз жұртынан айырылмаған.  
Сұм сұлу анадайдан “ағатайлап”,  
Баянда жан қоймаған жандырмаған.  
Сонда да сыр шығармай батыр Баян,  
Жастық қып жанын естен таңдырмаған.  
Осылай іштен күйген батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның інісі бар он бес жаста –  
Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян,  
Ноянның бар ақылы білегінде,  
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.  
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан  
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.  
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян,  
Алысып жүрегімен, алас ұрған.

Жастықта жалыңданып сүйген қандай,  
Баладай өксіп жылап, күйген қандай.  
Көрмесен жан-жарынды өлгендей боп,  
Қайғырып күлден кебін киген қандай.  
Кеудеңе жан кірмей ме, көзің шалса,  
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.  
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,  
Жүрегің сол минутта жарылғандай.  
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,  
Өгіздей өмір сүрген сүймей – жанбай!

Ноян да сол сұлуға – тәтті балдай,  
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.  
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,  
Жұтқандай сол сәулені демін алмай.  
Алайда бұзық ойдан аулақ еді.  
Сұлуға, тәңірі көріп табынғандай.  
Жанса да жап-жас Ноян, сұм сұлу қыз  
Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.  
Сонда да кейбір кезде ақ бетіне  
Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай.

Айға алтын күн нұрынан сәуле бермек,  
Шалқыған махаббат – от аспанға өрлеп.  
Жүрегін өзі сүйген отты жүрек,  
Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп.  
Басында сыр бермеген сұм сұлуға,  
Біраздан бола бастар күлкі кермек.  
Нояннан ол да көзін алмас болды,  
Күйдіріп жас жүрегін жалын кернеп.  
Шешілді екі жастың жұмбақтары,  
Екеуі бір іңірде сайда кез кеп...

Сиқырлы гүлге оралған жібек майда,  
Сылдырлап сылқ-сылқ күлген терең сайда.  
Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,  
Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.  
Сондай бір жібек кеште жаны өртеніп,  
Екеуі “әу” дескендей барған сайға.



Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,  
Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!  
Анттасып, айырылмасқа сөз байласып,  
Бастық деп арсыға адым санамай ма?!

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.  
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.  
Келді де қызға жалын сөздерімен  
Шығарды жан ұшырып іштегі өртті.  
Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,  
Біресе жас баладай жасын төкті.  
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,  
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

Қыз сонда: “Ноян бауырым – кебем!” – деді,  
“Мен сенің сүйгеніңе сенем”, - деді.  
“Сүйгемін мен де сені , тәңірі куә,  
Тән түгіл, жаным саған берем”, - деді.  
“Нояным, бірақ сенен қалауым бар”, -  
Деді де сұлу айға тереңдеді.  
Сұлудың сырға сұлу толы торғын беті-ай,  
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.  
Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,  
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

Қыз сонда: “Қалауым бар, Ноян батыр,  
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр .

Арқаның аруы боп жүрсем-дағы  
Алыста туған, өскен жерім жатыр.  
Өткізген балаусадай бөбек күнім,  
Барқыттай белес-белес белім жатыр.  
Айбынды арыстандай құмда кезген,  
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр.  
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,  
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.”

Ер Баян біздің елге барған еді,  
Көп қойға көкжал ойран салған еді.  
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде,  
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.  
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,  
Қан жылап менен бір ант алған еді.  
Ол анты: “Елдің шетін, анаң бетін  
Бір көрмей, қозым, ерге барма!” – деді.  
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,  
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

Көр болсақ, көрді көрмей, тәңірі оңдай ма,  
Ер Баян неге батқан терең ойға?  
Мен сорды көргеннен-ақ сүйген Баян,  
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма,  
Биікке кетпей киік өрде ойнаса,  
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?  
Екеуіміз Сарыарқадан сапар қылсақ,  
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?

Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,  
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!”

Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,  
Толтырып меруерттей жасқа көзін.  
“Шыдашы, кәне күймей”, - дегендей-ақ,  
Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.  
Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,  
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!  
“ Жарайды, даярмын!”- деп айтып салды,  
Ойланып бір минут та қылмай төзім.  
Сол сайда уәделерін бекітісіп,  
Екеуі аймаласты ыстық жүзін.  
Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,  
Төзім ғып албырт Ноян күтпей таңды,  
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,  
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.  
Азырақ азық алып, қару-жарақ,  
Жүйрікке әсем әбзел тұрман салды.  
Сөйтті де Сарыарқамен есеңдесіп,  
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.  
Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,  
Алдымен ер Баянға хабар барды.

Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз-  
Керілген күнге еркелеп жас жолбарыс,  
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген,  
Деп бастап: “Баян-айым, бір маскара іс  
Өткен түн болып қапты...”- деп шұбыртып,

Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.  
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,  
Дей берді: “Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз”.  
Ер Баян сұп-сұр болып деді бірақ:  
“Жарайды...Бар, ақсақал, Ойланармыз”.

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,  
Жаралы жолбарыстай күңірөнді.  
Қорғасын миын, ойын төмен басып,  
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.  
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,  
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді,  
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,  
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.  
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян  
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,  
Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды.  
Дулыға, қалқан, көбе қалған ұмыт,  
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.  
Бауырынан Обағанның орғып өтіп,  
Арыстан айдалада дүбір салды.  
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,  
Түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.  
Кермиық Жолдыөзектің даласында,  
Алыстан екі қараны көзі шалды.

Атығай қоныс салған Жолдыөзекке,  
Құнарсыз, ащы татыр сорлы өзекке.  
Жолдыөзек – жолсыз өзек, құтсыз, отсыз,  
Алдымен жау да салған қолды өзекке.  
Айырылып байлығынан көп соққы жеп,  
Көз жасы Атығайдың толды өзекке.  
Алаштың Асан Қайғы данышпаны,  
Кетпеген “ Қанды өзек” деп, тіпті текке.  
Ежелден құт дарымай, қағынған жер,  
Қайғылы бір іс болды сол өзекте.

Алыстан екі қара көрді Баян,  
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.  
Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,  
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.  
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын  
Танымай қалғандай да болды Баян.  
Байланған белде сала садағына  
Қалшылдап қалды салып қолды Баян.  
Ашуын арыстанның байқаған соң,  
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,  
Жас Ноян ер Баянға қарсы жүрді.  
Жақындап келіп қалып ағасына  
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.  
Жапанда аға-іні: Баян, Ноян, -  
Алып кел көз алдыңа Ай мен Күнді.

Дұрысы – күміс күлген күндізбенен  
Түнерген қара бұлттай қара түнді.  
Алайда еркебұлан Ноян-ұлан  
Ашулы ағасына қарап күлді.

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,  
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.  
Еріксіз сотқарлығын кешіретін  
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.  
Көрсен де дауыл гүлді – басылмады,  
Ер Баян арыстандай жаны жара  
Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай  
Байланған садағынан белде сала.  
Жас Ноян: “Жан көке!” – деп сөз қатқанша,  
Сұлу да жетіп келіп: “Баян аға!” –  
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті  
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.  
Жын шуы басқандай боп естімеді,  
“Жан көке, аға” деген сөзді Баян.  
Садағын сол секундте тартты тағы,  
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.  
Үстіне інісінің денесінің  
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,  
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.

Жүректен атып, ыршып шыққан қанмен,  
Жалғыз-ақ “ah” десті де: “жаным!” – десті.  
Қомағай қара топырақ бүкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті.  
Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,  
Жия алмай, тұр теңселіп, ақыл-есті.  
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,  
Атынан есі ауғандай құлап түсті.

Бірталай талғандай боп жансыз жатып,  
Тұңғиық көмескі көп ойға батып,  
Ер Баян есін жиып, екі жасқа  
Бір қарап, қара тастай қалды қатып.  
Сол кезде сар дала да күнгірт тартты,  
Еңкейіп бара жатты Күн де батып!  
Құшақтап ақ селеулі жылады жел,  
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.  
Құшақтап екі жасты күңіренді ер,  
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жаралғандай қайран жүрек,  
“Үh-үh” деп үзілгендей есіл өзек.  
Қасіреті қара түндей ер Баянның,  
Алдында бүлдіргендей екі бөбек.  
Аузынан уыз шыққан екі жасты,  
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек,  
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді,  
Әлгіде ойды улаған ашу-кезеп.

Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл,  
Күбірлей бастады енді: “Мұның не?” – деп.

Зарланып күңіренді батыр Баян,  
Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:  
“Кең ақыл, отты - қайрат, сырттарным” – деп,  
Ер едім еркелеткен алаш тамам.  
Сындырдым аз ғана Уақ елім белін,  
Елімнен кешіп елді қайдан шабам?  
Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,  
Ісімді мынау ағаш немен жабам?  
Қарабет болдым алаш баласына,  
Ер дер ме еді мені Абылай данам?!

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге,  
Тобына көк бөрідей кірдім неге,  
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды,  
Көр болғыр екі көзім, көрдің неге?  
Садақтан жүрегіне тартып кетпей,  
Жыландай бауырыма сап келдім неге?!  
Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын,  
Есалаң жүрекке ерік бердім неге?  
Буынып сол боз үйден шықпай өлмей,  
Атылып оқ жыландай тұрдым неге?!

Ойламай белді бекем будым неге?  
Қозымды қас дұшпандай кудым неге?  
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,  
Қаскиып қарсы алдымда тұрдың неге?



Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,  
Бір ата, бір анадан тудым неге?  
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым,  
Қанымен өз қозымның жудым неге?

Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,  
Өлмедім ішіп зәрін удың неге?  
Сұлу-ай, қалмай маған ердің неге?  
Қадалды оқ-кірпігің жүрегіме,  
Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?  
Жұлдыздай аспанда алыс жымыңдаған,  
Алыстан “ағатайлап” күлдің неге?  
Секіріп суда ойнаған шабағымды,  
Сұм сұлу, қармағыңа ілдің неге?  
Тірлікте бетіңнен бір сүйе алмадым,  
Тіл тартып, ерке тотым, өлдің неге?

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!  
Алдымда айнама жатыр бөбек пішін.  
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегің,  
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.  
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,  
Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.  
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!  
Қайтейін, арымадың, арда күшім!

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде...Өлтірдім бе  
Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?  
Айбынды алашымдай ел бола ма?  
Алашта ертеде өткен екі арыстан:  
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?  
Солардың нәсілінен Сары, Баян,  
Барыстай ойын салған сар далада.  
Інісі ер Баянның жасық Ноян,  
Атадан азып туған дер болар ма?  
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны,  
Алашқа бұдан ауыр шер бола ма?

Дариға, жұбанамын, жел ойменен,  
Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.  
Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,  
Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.  
Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген,  
Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!  
Алдымда “көкежан” – деп күліп тұрған,  
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.  
Ел беті енді маған болсын арам,  
Алашым, аттанамын, жауыңда өлем!”

Деп зарлап, күңіренді жаралы ер,  
Айрылған екі жаннан қаралы ер.  
Зарланып көзінен қан тамшылатты,  
Тұңғиық жанды жеген қап-қара шер.  
Жүрегі тас болса да шыдай алмай,  
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.  
Молайтып минут сайын қасірет жырын,

Жаныңда өксіп-өксіп жылады жел.  
Бозарып бел артынан таң атқанда,  
Соққыдан сенделгендей тұрады ер.  
Күміс таң жерге күміс сәуле шашты,  
Сәуле мен қараңғылық араласты.  
Алыспас адал адам бекерге ұзақ,  
Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!  
Сол кезде жаны жара батыр Баян,  
Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.  
Жапанда қазған суық тар үңгірге  
Көтеріп көмді әкеліп екі жасты.  
Топырақ екі жанын жасырған соң,  
Ер Баян тағы көл ғып төкті жасты.

Ер Баян көмді екеуін дөң басына,  
Түсірмей бір топырақ ортасына.  
Ап шыққан қаруларын сүйеп-сүйеп,  
Ноянның көмді бәрін өз қасына.  
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,  
Шомылып қанды ыстық көз жасына.  
Аздан соң мінді атына батыр Баян,  
Сыйынып бір жаратқан Алласына.  
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,  
Шаңдатып Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірген еді.

Жебесі көбе бұзып, жүректі узіп,  
Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді.  
Бірін айт, бәрін айт та - Батыр Баян,  
Туғаннан “Алашым” деп еңіреп еді.  
Көкжалдың осы жолы кешіккені,  
Осындай тұлпар орға кез кеп еді.

(екінші тарау)

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,  
Ерлері ертегінің өрт еді ғой,  
Айрылып от екпінді ерлерінен  
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.  
Сонау дерт түгелімен ауып маған,  
Дариға, жүрегімді өртеді ғой!  
Ер көрмей, көрден басқа, сұр өмірде  
Шерлі жан шерлі кеңес шертеді ғой.  
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,  
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой.

Күңіреніп ойлағанда алаш жайын,  
Жанымды орай берсе улы уайым.  
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,  
Жырлаймын алты алаштың Абылайын.  
Арсыға асқандаймын, тауап қылсам,  
Кебедей Абылайдың Бурабайын.  
Күңіренген жырымменен мен разымын,  
Алаштың жоқтай білсем Баян-айын.  
Жырлаймын, күңіренемін өткенді ойлап,  
Кеудеме улы уайым толған сайын.

Кірейін кеңесіме күңіреңткен,  
Ер Баян жөнелді енді Жолдыөзектен.  
Қамшыны көміп-көміп алды батыр,  
Ашуын алатындай тұлпар көктен.  
Мұңайып мәңгі мұңды белдер қалды,  
Жынды жел сақ-сақ күліп сүйді беттен.  
Жан-жақта жас қайыңдар қала берді  
Иіліп әдеппенен сәлем еткен.  
Ер жортты. Сәске болды. Көзі көрді  
Көкшені бал алысқан аспан-көкпен.

Көкшеде өңшең көкжал аялдаған,  
Қырандар қанаттарын жая алмаған.  
Ханына Абылайдай: “Болады” – деп,  
Бір берген сөзден елдер тая алмаған.  
Ерігіп, әңгіме қып өткен күнді,  
Қанішер Болат жайын баяндаған,  
Қайратқа құса болған сол қырандар  
Алыста қара көрді аяндаған.  
Жақындап қара ордаға келген шақта,  
Шықты айғай топтан шулап: “Баяндаған”-

Аяндап топқа тура келді Баян,  
Келді де көпке сәлем берді Баян,  
Қудай боп құс төресі топ төрінде  
Отырған Абылайды көрді Баян.  
Басқаға мойын бұрып бір сөз қатпай,  
Абылайға балпаң басып жүрді Баян.

Бәйтерек тұңғыық төнгеніндей,  
Алдында қол қусырып тұрды Баян.  
Тұрды да деді: “Алдияр, сөзім қысқа,  
Екенім менің Баян алашқа аян.

Алдияр, ел ағасы, ханым дана,  
Алашқа ауыр күнде болған пана.  
Кешігіп, күнәлі боп, енді алдына  
Келді ерің іші жалын, жаны жара.  
Тұңғыық кез болды ғой кешуі жоқ,  
Болмаса шыққанда “Аттан!” ер тұра ма?  
Талқыға жан жарасын сала алмаймын,  
Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама!  
Тілегім – енді жауға аттаналық,  
Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!”

Абылай ерін күткен көптен зарығып,  
Қолынан Баян-айын алды тартып.  
Алдына отырғызып, күміс кернеу  
Керсеннен көкжалына берді сарқыт.  
Берді де бүгіп басын ойға кетті,  
Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.  
Аздан соң көтеріліп жан-жағына  
Қарады жер жиһанның бәрін тар ғып.  
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:  
“Таң ата жүреміз!” – деп берді жарлық.

Ежелден Абылайда екі сөз жоқ,  
Сөз шықты: “Болады!” – деп, тарады топ.

Топ тарап, ат-тұрманын даярлады,  
Біраздан дамылдады ел, мезгіл түн боп.  
Жібектей жұмсақ жылы жаздың түні,  
Бұлтымен құшақтады Көкшені көк.  
Керілді ерке Көкше күміс Айға:  
“Сәуленді, сәулем, көбірек төкші-төк!”- деп.  
Бетінде Бурабайдың ерке толқын,  
Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.

Түн өтті, Жер шетінде алтын таңды  
Жорғалап, жүз бұралып жел қарсы алды.  
Сарғайып сары белден таң атқан соң  
Абылай қолға: “Аттан!” деп хабар салды.  
Бәрі де болат тұяқ бедеу мініп,  
Батырлар қатар түзеп келіп қалды.  
Жөңкіліп күзді күнгі көшкен бұлттай,  
Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды,  
Асырып ертегіше айтқан жанға,  
Қара нар қайыспайтын жер шайқалды.

Жөңкіліп көшкен бұлттай барады қол,  
Кейде қол түнерген тау, қайғысы мол.  
Кей кезде тентек толқын екпінімен  
Шу қойып, шабуылдап алады қол.  
Шаңы – бұлт, бұлты – шаңға айналған соң,  
Атаған ерлер жолын деп: “Шаңды жол”  
Тартты қол. Қалды ерлер. Қалды белдер.  
Бастаған Бұғыбай басшы қол көрмес шөл.  
Бірнеше тәулік бойы тынбай тартып,

Қол енді жүрді бойлап бір айдын көл.  
Балқаш қой, бұл айдыны сылдыр қаққан,  
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.  
Қаратал, Аягөзбен – екі көзі,  
Еркесі – Іле өзені ұзын аққан.  
Басы егіз ерке Іленің: Кеңес, Текес,  
Тәңірінің тентек Текес дәмін татқан.  
Бойында сол Іленің қалың қалмақ,  
Абайлап Абылайды күтіп жатқан.  
“Қайда, - деп, - қазақ?” бұрын желіккен жау,  
Көрген соң көп қазақты ойға батқан.

Қазақтың қалың қолы – ерлер кілең,  
Батырды көп қалмақты ойға терең.  
Қазақтан қулықпенен құтылмаққа,  
Кеңесті қос қоңтайшы: “Ұса, Серен.  
Жіберді кеңесті де жеті қалмақ.  
Сөздері: “Абылайдан бар да тілен!  
Ағаттық бізден болды, кешсін Абылай.  
Ақ отау, айдаған мал – бәрін берем.  
Тағы да ер басына бір ару мен  
Қара нар – айыбымыз, қалы кілем”.

Жеті елші осы сөзбен келген ханға,  
Қаратып өз жауабын ертең таңға,  
Салады мынау сөзді хан Абылай,  
Би-батыр, қасындағы көп қыранға.  
Салса да алдыменен өзі айтады:  
“Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға!



Күні ертең не бергенін жолдан алып,  
Қалғанын алсақ қолдан арғы таңда.  
Ерлерім, ойым осы!” – деді Абылай,  
Бұл ойды теріс дейтін адам бар ма?

Абылай айта қалса істің жайын,  
Би-батыр теріс дей ме Абылайын.  
Қалың топ тым-тырыс боп тұрған шақта,  
Дегендей: “Ерік иеде, біздер дайын!” –  
Ерлігі алашқа аян батыр Баян,  
Тұрды да деді: “Алдияр, Абылайым,  
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,  
Қырдағы адам түгіл құландайын.  
Сөзімді не кектерсің, не жұптерсің,  
Ойыңды теріс дейді Баян-айың!

Талқыға салмай шындық табылмайды,  
Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.  
Қу қалмақ күні кеше алдамап па ед,  
Шоңқитып Ой қытай мен Өр қытайды?  
Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,  
Қытайға қалмақ неге қанат жайды?  
Абылай артық туған неге ұмытсын,  
Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.  
Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да,  
Алдатпас, алдап кетер Абылайды!” –  
Тоқтады Баян. Абылай тағы өз сөзін  
Қайта айтты, біраз шытып қарлы жүзін.  
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,

Алмастан бір-біріне тіккен көзін  
Жиналып көздеріне қызыл жалын,  
Қалса да, сыр беріспей қылды төзім.  
Қалың топ хан ашуын байқаған соң,  
Ағытты “әрине” деп сөздің бөзін.  
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,  
Елшінің ертеңінде келер кезін.

Алты алаш Абылайдай арғымағын,  
Алаштың әруағына пар қылатын.  
Бетіне Абылайдай ардагердің  
Келуді алты алашқа ар қылатын.  
“Бетіне келген жанды соғар кие”, -  
Деп жырау, жауырыншылар жар қылатын.  
Баянның сөзін естіп қариялар,  
Ішінен ерін аяп: “А, шырағым! –  
Десті де күрсініп кесіп қойды:  
-Қайтад,- деп, - осы жолы, Баян, бағың! ”  
- Серпілді соныменен кеңес енді,  
Қол күтіп жатып қалды келер күнді.  
Жібектей жылжып өтіп жаздың түні,  
Таң құлан, күн шығыста, иектенді.  
Алтын күн алыстағы арайынан,  
Жарқырап шығып жерге сәлем берді.  
Қол тұрды, ауқаттанды, хабар күтті,  
Ерлердің еріккені аңға жүрді.  
Қол күтті, уақыт өтті, ерікті ерлер,  
Ауыр ой биледі Абылай кеменгерді.

Қол күтті, уақыт өтті, күн батар шақ,  
Жерде еді қой көшіндей қалың қалмақ.  
Кең ойлы Абылайдай данышпанды,  
Қу қалмақ кеткені ме шын-ақ алдап?!  
Күн кірді арайына, шапақ батты,  
Қап-қара толқындарға толды жан-жақ.  
Қол тынған бір толқынсыз тұңғиықтай,  
Мүшкіл боп Абылайға бір сөз салмақ.  
Іңірдің соңын ала хан Абылай,  
Серпіліп ерлеріне қылды жарлық.

Ерлерін жиып Абылай ел ағасы,  
Сұрайды: “мынау істің не шарасы?”  
Қырандар әрі-бері толқысқан соң,  
Қанайы Қарауылдың, топтың басы,  
Саңқылдап суырылып сөйлей берді:  
“Қытайдың қол ұсыным шекарасы.  
Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,  
Қазақтың бірі қалмай мерт боласы!..”  
Тұнжырай қалса-дағы хан Абылай:  
“Қайту!” – деп, сөздің болды бітуанасы.  
Таң ата қол қозғалмақ кейін қарай,  
Ұрылған көңілі қаяу хан Абылай.  
Қол жатқан, жым-жырт басқан Тәңірі тау,  
Жалғыз-ақ жатқан ояу Баян бала-ай:  
“Апырым-ай, алаш арын жоқтамастан,  
Жөңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?” –  
Деді де атып тұрып топ ішінен,  
Ерлерден от екпінді, жолбарыстай,

Жүз жасты жолдас қылып тарта берді,  
Таң ата: “Қайдасың, - деп, - қалың Қытай?”  
Қол қалды. Жүз жолбарыс майданды ойлап,  
Тартады шабуылмен Іле бойлап.  
Алдында ақ сұңқардай батыр Баян.  
Екпіні қауға тиген өрттей ойнап.  
Бедеулер болат тұяқ желден ұшқыр,  
Алысып, ауыздықты қарш-қарш шайнап.  
Сәскеде сағымменен көрді Баян  
Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап.  
Жүз бөрі аз дамылдап алысты да,  
Ат қойды қалың жауға “Абылайлап!”

Жүз қыран мың сан қолға араласты,  
Орғыған асқар таудан судай тасты.  
Шыдамай жүз екпінге, шулай беріп,  
Қалмақты ә дегенде қара басты.  
Аздан соң есін жиып бөріккен ел  
Қару ап қара құрттай құжынасты.  
Аз болса, бір қазаққа жүз қалмақ кеп,  
Ат қойып, қиқу салып, қамаласты.  
Тер саулап тебінгіден, қылыштан қан,  
Шаң, түтін будақ-будақ аспанға асты.

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,  
Көк аспан қара түтін, шаңға тойды.  
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,  
Қанішер, қайқы қара қанға тойды.  
Жып-жылы адам қаны бүлкіл қағып,

Қуалап жылжи берді ойдан-ойды.  
Көк көбе шүберектей шүрк-шүрк болып,  
Жыртқызды ерлер дал-дұл тұла бойды.  
Анадай дөң басында Ұса, Серен  
Қуыршақ құдайына қасқа сойды.  
Шаңқай түс. Қызыл-жалын бір жел ескен,  
Зәндем от, әуе айналып жерге түскен.  
От түбі тоқтап қалған, жылжымайды,  
Аспанда жоқ бір жапырақ бұлт та көшкен.  
Сол кезде қара бұлттай қалың қалмақ,  
Қажытты жүз қыранды жаннан кешкен.  
Қазақтың көбін аттан түсірген соң,  
Қалмақтың қуаныш пен қиқуы өскен.  
Сол кезде қалың топтың ортасында,  
Шықты шу: “Мұнда Баян! Баян!” - дескен.

Қалың қол ортасында батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,  
Аузынан көбік болып бұрқырап қан,  
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,  
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.  
Жанында жалғыз жолдас – жас Жанатай,  
Қаңсырап зорға ғана кірпік қаққан.  
Түзеліп отыруға халі қалмай,  
Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ақ қан майданда,  
Жан беріп жолдасы үшін алдаспанға,

Еңкейіп сүйемек боп батыр Баян.  
Жолдасы Жанатайға айналғанда,  
Бір қалмақ еңгезердей көк найзамен,-  
Білмеген, сірә, тою қызыл қанға,-  
Қапыда қайран ердің сүбесіне  
Бойлатып сұғып тұрып, бұлғағанда  
Ер Баян Жанатайды алдына алып:  
“Қыларың, қатын қалмақ, тағы бар ма?”-  
Деді де суырып ап жау найзасын,  
“ Алаштың әруағы, - деп, - қайдасың? ”  
Жыландай жарқ еткізіп қалмақ алдаспанды,  
Түсірді топ еткізіп қалмақ басын.  
Бұлақтай аспанға атып, қан шапшыған  
Жараға тығып тұрып бармақ басын.  
Қасқайып қан майданда тұрып қалды  
Қайран ер, қайсар Баян, жолбарысым?!  
Алайда уақыт өтті, құлап түсті,  
Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын.

Жер мен көк шыр айналып араласты,  
Көз алдын қара түтін тұман басты.  
Тәтті бір жазғы таңда қалғығандай,  
Ер көзін оқтын-оқтын жұмып, ашты.  
Көргендей болды ашулы Абылайды,  
Қалың қол: “Әне, Абылай!” – деп шуласты.  
Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді  
Алдында жас ұлан мен толқын шашты.  
Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр,  
Басымен ишара етіп амандасты.

Алдында Ноян менен Ақшамандай,  
Жұлдыздай жымындаған сөнбей-жанбай.  
Сұлудың сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,  
Еркіне әлде болса күлкі алғандай.  
Жоқ...Күлкі жоқ... бетінде тамшы қан жоқ,  
“Ағалап ” жан ұшырып жалбарғандай.  
Жоқ... өзі Жолдыөзекте жортады-мыс,  
Алыста екі қара көз шалғандай...  
Ұмтылды оқ жыландай садақ пен қан,  
Кезерген ердің ерні қозғалғандай:  
“Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,  
Жан беріп, жазғаным ғой, жан жарасын.  
Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?!  
Дариға, жазамнан да күнәм басым!  
Күнәмді тәңірі кешпес, кешер бірақ,  
Жауында жан берген соң алты алашым!”-  
Қайран ер аласұрып, жанұшырып,  
Көтеріп көз жұмылу, алып басын,  
Жан бауыры жас Ноянға ым қағып ед,  
Жас Ноян құша түсті Толқыншашын.

Екі жас қайғысы мол, құп-қу жүзді,  
Екеуі құр қарап тұр алмай көзді.  
Көкесі жан бергенде, бөбек Ноян  
Тұрғаны мәні қалай құшып қызды?  
Дариға, беті қара сорлы Баян  
Шығарған өз қолымен екі көзді:  
“Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?  
Қоштасып айтысалық соңғы сөзді

Келіңдер, қарақтарым, кешіңдер!” – деп,  
Ер Баян әлсіз ғана қолын созды.  
Көз алды енді мәңгі тұман болды,  
Жабырлап жан-жағына қалмақ толды.  
Баянды балағаттап, ісіп-кеуіп,  
Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.  
Сылқ етіп созылған қол жерге түсіп,  
Жүзінің бірте-бірте нұры солды.  
Баянның басын бірі кесіп алып,  
Бұлғады найзаға іліп оңды-солды.  
Қуанып, қос қонтайшы – Ұса, Серен,  
Алғысқа көмді елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,  
Қуанып сырнай-керней қылды сауық.  
Алайда Абылайдан сескенген соң  
Жөнелді ертеңіне Қытайға ауып.  
Алаштың ардагері батыр Баян,  
Бір қырда қала берді топырақ қауып.  
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,  
Күңіреніп ер денесін құммен жауып.  
Іленің толқындары әлі күнге,-  
Айтады ерге жырау ауық-ауық...

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.  
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.  
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,



Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.  
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Зейнолла Әкімжанов  
Ақын. Қазақстан жазушылар  
одағының мүшесі

### БАЯН БАТЫР!

Өткен өмір кейде қызық, кейде мұң,  
Көңіліңмен шарлайсың ғой ой көгін.  
Шабыт кернеп, сезім өрлеп, жыр-өрнек  
Қалайды екен жүрек қана сөйлеуін.

Құлақ түрсең – жүрегіңнің сазына,  
Өлең тулап айтады бір базына.  
Алқымы іспес қазанаттай жыр келіп,  
Көсіледі қос бүйірі жазыла.

Тербетеді тұла бойды күй-ырғақ,  
Сонда ақын жыр-піріне сыйынбақ.  
Өткен өмір – хан, батырлар заманын  
Оймен шолып отырамын шиырлап.

Тәнті болып ел иесі – хандарға,  
Тарихты ойла, өмір жолын аңғар да.  
Бұл Алашта Абылай мен Баянды  
Сүйгендіктен аянатын жан бар ма?

Жырдан тапсаң несібең мен олжаңды,  
Өлең үшін аяйсың ба сол жанды?  
Отқа күйіп көбелектей жанбаса –  
Ақын жаны емес әсте болжаулы.

Осы Баян Абылайдың тұсында  
Батыр екен жауы найза – ұшында.  
Аттанарда Батыр Баян болмаса –  
Абылайдың толады екен іші уға.

Ел айтады, жыр айтады көп қызық,  
Хандар кеткен талай дәурен өткізіп.  
Сөл сарынды ұлы дастан-жырында  
Мағжан жазған кейінгіге жеткізіп.

Бұрын-сонды айтылмаған мұндай ән,  
Мағжан жазған арыс екен бұл Баян.  
Қазақ болсаң – Мағжан жырын ұмытпа,  
Баян десе – шырт ұйқыңнан тұр да оян!

Ал есіңе осы арыс батырды,  
Болсын оның ерлігі мен аты үлгі.  
«Абылайлап!» ел қорғаған майданда,  
Туған жерден қоныс таппай ақырғы.

Батыр Баян өзгелерден биік тұр,  
Хан ұнатқан, жұртқа болған сүйікті ұл.  
Жалғыз жортқан арлан сынды жырақта  
Жер құшуы, әттең жанға күйік бір.

Дәріс алған Мағжан жазған нұр-жырдан,  
Зердеме де қонған еді бұл жылдам.  
Баян-Ноян, махаббаттың әлегі...  
Әттең, содан түсіп кеткен ұнжырғаң.

Болған содан үнім бәсең, пәс көңіл,  
Баянға мен тілер едім басқа өмір.  
Қалың жауын табанына салатын  
Өзге арналы тағдыр болса-ау, әсте, бір.

Уақ деген жұртқа жиен ұл едім,  
Жырын берген, тарту еткен тілегін.  
Батыр Баян – ұлы тұлға болғасын  
Ерлігіне сүйсінеді жүрегім.

«Болсын, деген, жұртым аман, ел мығым,  
Ақ тілекпен арнапты ғой ерлігін.  
Мағжан ақын жылатыпты жүрегін,  
Нақ Баяндай тебіrentcін енді кім?!

Батырларға арналмайды өлең жай,  
Баян бөлек, өзге батыр жоқ ондай.  
Алашқа да Абылайға ардақты  
Баян батыр Қабанбай мен Бөгенбай.

Елге тарап батыр жайлы бұл шындық,  
Мағжан сынды жыр жазуға құлшындық.  
Ерлік өлмес! Ескерткіш боп қалсын ол –  
Батыр аты ел есінде жүрсін нық!

## **БАСПА БЕТТЕРІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЗЕРТТЕУ МАҚАЛАЛАР**

1. Батыр Баян. Хамза Абдуллин жазушы. («Дауа» газеті. 1991 жыл).
2. «Сөз басы - Батыр Баян». Ерік Асқаров ақын, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты. («Дауа» газеті. 1991 жыл).
3. Тарихта бар тұлға. Бақытжамал Канарбайқызы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты. («Егеменді Қазақстан». 1997 жыл).
4. Алаштың ардагері батыр Баян. Салтанат Ізтілеуова. Филология ғылымдарының кандидаты. («Қазақ әдебиеті». 2004 жыл).
5. Қазақтың қос қыраны – Сары-Баян. Қосыл Омаров. («Солтүстік Қазақстан» 2002 жыл).
6. Батыр Баян. Бақыт Мұстафин. («Солтүстік Қазақстан» 1998 жыл).
7. Батыр Баян. Ерлігі халқына аян. Жақсыбай Самрат. («Егеменді Қазақстан» 2005 жыл).
8. Батыр Баян ақын, жазушылар шығармаларында. Қайролла Мұқанов, өлкетанушы. («Қызылжар нұры». 2007 жыл).
9. Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат. Өмір Есқали. («Егеменді Қазақстан» 2006 жыл).

## БАЯН БАТЫР («Дауа» газеті 1991ж.)

Батыр Баян Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ Жәнібек, Қарауыл Қанай би сияқты «Ақтабан шұбырындының» алғашқы жылдары есейіп, - ер жеткен қырандардан емес, «Ақтабанды» жерімізден түбегейлі аластайтын ерлердің екінші толқынына жататын. Демек, Баян жас жағынан ұлы Абылайдың замандасы. Өйткені, Батыр Баянның ұрпақтары ер атасының 1710 жыл мен 1715 жылдың арасында туып, 1757 жылдары қалмақтармен болған бір соңғы соғыста қаза тапқанын аңыз қып айтып отырады.

Баян – уақ руынан. Уақ-Шоға, Шәйгөз, Баржақсы, Жансары, Мұрат дейтін тайпалардан тұрады. Шоға – Баянның арғы атасы. Бірақ осы тайпалар қатарласып белгілі бір аймақты ғана мекендеп отырған емес. Уақ руының біраз тайпалары Семей, Кереку, Аягөз, Өскемен аймақтарын мекендейді. Тіпті, Уақ тайпаларын Шу өзені төңірегі мен Баянауыл маңынан да, қала берді Ақтөбе төңірегінен де, Қытай мен Моңғолиядан да кездестіруге болады. Қалай болған күнде де уақ елінің ескі ата-мекені Қостанай мен Қызылжар қалаларының екі аралығындағы Обаған өңірі.

Баяннан – Бұлан, Бұланнан – Мұсабай, Мұсабайдан – Басшығұл (Басшығұл 1842 жылы туған), Басшығұлдың – Құлжабай, Жаныбай, Олжабай дейтін үш баласы болды. Құлжабай мен Жаныбай – соғыс жылдары қайтыс болды. Олжабай бұдан он жыл бұрын дүние салды. Олжабайдың баласы Зейнолла қазір есен-сау, тірі. Солтүстік Қазақстанның Булаев ауданында жауапты қызметте. Құлжабайдың баласы Шери өткен, 1990 жылы қайтыс болды. Шеридің Қайырбек, Қаһарман атты екі ұлы қазір есен-сау, Булаев ауданындағы Қарағанды совхозында қызмет істеп жүр.

Біздің елде: «Баян әкесі Қасаболаттың қолында емес, Қасаболаттың інісі Абылдың қолында тәрбиеленген!» – деген сөз бар. Ол туралы «Баян Абылдың бауырында өскен. Қара шекпенді Қасаболат шөккен түйеге де өз бетімен міне алмаушы еді. Тегі, күндей күліп, оттай лаулаған Баянды айбарлы да айбынды Абыл-батыр тәрбиелеген ғой!» – деседі.

Иә, сөйтіп Есқараның Қасаболат, Абыл, Алтыбай атты үш баласынан тараған ұрпақ қазір Солтүстік Қазақстандағы Булаев ауданында өмір сүреді: Абыл, Жарбол, Аралағаш атты үш үлкен ауылдың үшеуі де таза Батыр Баянның ұрпақтарынан тұрады.

Уақтың Шоға атты тайпасы он сегізінші ғасырдың отызыншы жылдары Сырымбет бойына

келіп біраз тұрақтап, шамалап айтқанда 1860 жылдары келіп Жолдыөзек жазығына жеткендігін біздің елдің қариялары хикая етіп айтып отырады.

Қазақ белсенділері соңғы 60-70 жылдың ішінде Батыр Баянның атын да ататтырмай қойды. Оның себебі екеу: біріншісі – Баян ұлы Абылайдың ең сүйікті батыры, екіншісі – Мағжан Баянның ұлы тұлғасын өз халқына ересен шеберлікпен сипаттап берді.

Ерік Асқаров, ақын, М.Мақатаев  
Атындағы сыйлықтың лауреаты.

### «СӨЗ БАСЫ – БАТЫР БАЯН»

(Дауа» газеті, 1991 жыл)

Мағжанның көркемдік қуаты аса жоғары, сарыншыл (романтикалық) поэмаларының бірі – «Батыр Баян». ХҮІІІ ғасырдағы ел қорғаған батыр, ірі тарихи тұлға, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған даңқты адамға дастан арнауының көптеген себептері бар. Ақынның әжесі – Баянның немере қызы. Баян ұрпақтары оларға аталас Шоға Уақтың әлденеше ауылдары Есентаңрық атығайлармен қоныстас. Есентаңырықтың басты адамы Мағжанның әкесі Бекен (Бекмағамбет) Келтесор болыстығына таласқанда әлді қарсыласы, Баянның шөбересі – Басшығұл болған. Бала Мағжан – Баянның ақылды немересі, әділдігімен аты шыққан. Байтоқа бидің әңгімесін тыңдап,

өсиетіне ұйып, батасын алған. Байтоқадан да басқа сөз дарыған талай шешен, ақын-жыраулар Батыр Баян жайлы көп әңгімені Мағжанның құлағына ертеден сіңірген. Осының бәрі жас ақынның көкірегіне батырдың бейнесін ұялатқаны анық.

«Батыр Баян» дастанында Мағжан ел аңызының арасында қалмай, керісінше кейбір тарихи шындықтарды шығарманың көркемдік қуатын арттыру мақсатында «бұрмалауға» барады. Онысы қисынын тапқан да. Сонымен бірге, Мағжан Баянға қатысты жазба мағлұматтарды да жетік білгені байқалады. Сондағы негізге сүйенгені Шоқан еңбектері, 1904 жылы Петербургте Н.И.Веселовский бастырып шығарған Шоқанның бір томдығы Мағжанның қолынан түспес кітабына айналса керек.

Қара шежіре Баянның Ер Көкше, Ер Қосайдың тікелей ұрпағы екенін айтады. Оны Ә.Марғұлан да теріске шығармайды. Батыр Баянның атасы – Қарабас та Уақ елінің ноқта ағасы Шоғаға өте сыйлы адам болған деседі. І.Есенберлиннің «Жанталас» романында «Баянның арғы аталары Монғолдан сіңген Саян, Аян дегендер еді», - деуі негізсіз. Өйткені Саян, Аян деген батырлар қазақтың да, Монғолдың да тарихында болмаған ...

Дастанда Баянның туған інісі ретінде алынған Ноян кім? Мағжанның Ноян деп алғаны – Баянның шөберелес ағасы Сары батырдың баласы Қыстаубай. Ел есінде қалған әңгімеге қарағанда



Қыстаубай расында да ауылдағы қалмақтың Лағда деген қызын алып қашса керек. Баласының қылығына Сары батыр қатты долданады. «Сары батыр долданса, соғыста екі көзін қан жауып кетеді екен. Қашан оншақты дұшпанын түйреп тастағанша көзі ашылмайды. Оған дейін шылбыры Баянның тақымында жүреді екен», - деп әкелеріміз өз әкелерінен естігенін айтып отырушы еді. Сол Сары: «Қыстаубайды қуып жетіп өлтір, киім мен қару-жарағын, көзімше көм!», - деп Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп бір қабат киімін алып қозының қанына малып, Сарыға алып келеді. Қыстаубайлардың нағашылары кіші жүзде екен, сол жаққа бар деп кеңес береді. Кейін алты алаш дүр көтерілген бір соғыста кіші жүз әскерімен келген ұлын көріп, Сары жібудің орнына Баян батырға қатты ренжіпті деседі. 1986 жылы 82 жасында қайтыс болған марқұм әкем Хафиз Асқарұлының маған арнап жазып кеткен дәптерінің бірінде Баян атамызға қатысты осы бір әңгіме де бар.

Бұл әңгімелерді, Қыстаубайдың, Сарының кім екенін Мағжан жақсы білген. Алайда, нақты тарихи деректер мен аңыздарды бұлжытпай қайталауды мақсат етпеген. Ақын мүддесі – ел қорғау жолында мерт болған, Шоқан сөзімен айтсақ, «Абылайдың ең аяулы батыры» Баянның ұлы тұлғасын сомдау. Ұлы тұлғаны, ұлы ақынның қалай сомдағаны жайлы замандастары әділ баға беріп үлгірмеді.

Уақыт солай болды. Қазақ топырағында туған дастан атаулының ең бір озығы «Батыр Баян» біздің қолымызға енді ғана тиіп отыр.

Бақытжамал Қанарбайқызы,  
М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер  
институтының ғылыми қызметкері,  
филология ғылымының кандидаты.

### ТАРИХТА БАР ТҰЛҒА («Егеменді Қазақстан» 1997ж.)

Бұдан 270 жыл бұрын қазақ жеріне қалмақтардың жасаған қанды жорығы ел өмірінде із қалдырды. Халқымыздың азаттығы үшін жолбарыстай жортқан батырлардың ерлігін жыраулар жыр етсе, халық аңызға айналдырды. Осы тарихта аты қалған ерлердің бірі – Батыр Баян. Бірақ Баян «ақтабан шұбырындының» алғашқы жылдары есейіп, ер жеткен қаһармандардың алғашқы тобынан емес, ол «хас дұшпанды» жерімізден түбегейлі аластайтын ерлердің екінші толқынына жатады. Демек, Баян жас жағынан Ұлы Абылайдың замандасы. Өйткені, Батыр Баянның ұрпақтары ер атасының 1710 мен 1775 жылдар арасында өмір сүріп, қалмақтармен болған ұрыста қаза тапқанын аңыз етіп айтып отырады. Баянның Абылайханның сүйікті батыры болғаны да рас.

Бірақ ол Мағжанның дастанындағыдай қалмақтардың қолынан қаза таппаған, керісінше қалмақты Қытай шекарасына дейін қуып соғыса

отырып, ақыры жорықтан қайтып келе жатып, соғыста өлген адамдардың денесі тасталған бір көлден су ішіп, содан ұшынып өлген. Елдің ақсақалдары да солай айтады. Шоқан Уәлиханов та өзінің «Исторические предания о батырах ХУІІІ века» деген мақаласында Баянның өлімін осылайша сипаттайды.

Баян – Уақ руынан, Уақ-Шоға, Шәйкөз, Баржақсы, Жансары, Мұрат деген тайпалардан тұрады. Шоға – Баянның арғы атасы. Уақ руының біраз тайпаларын Шу өзені төңірегі мен Баянауыл маңынан да, қалаберді Ақтөбе төңірегінен де, Қытай мен Монғолиядан да кездестіруге болады. Уақ елінің ең ескі ата мекені – Қостанай мен Қызылжар қалаларының екі аралығындағы Обаған өңірі.

Шоға – Баянның жетінші атасы, Шоғадан – Байыс, Байыстан – Қырғызәлі, Қырғызәліден – Мүлкіс, Мүлкістен – Қарабас, Қарабастан – Есқара, Есқарадан – Қасаболат, Абылай, Алтыбай атты үш бала, Қасаболаттың үлкен баласы – Баян, кіші ұлы – Жарбол.

Баяннан – Бұлан, Бұланнан – Мұсабай, Мұсабайдан – Басшығұл (Басшығұл 1842 жылы туған), Басшығұлдан – Құлжабай, Жаныбай, Олжабай дейтін үш баласы болады. Құлжабай мен Жаныбай – соғыс жылдары қайтыс болады. Олжабай бұдан он жыл бұрын дүниесін салды. Олжабайдың баласы Зейнолла қазір есен-сау тірі.

Құлжабайдың баласы Шери 1990 жылы қайтыс болған. Шеридің Қайырбек, Қаһарман атты екі балалары қазір Булаев ауданында тұрады.

Тоталитарлық жүйе билік құрып тұрған кезде батыр Баян туралы айту мүмкін болмады. Кейінгі ұрпақ ел тарихы мен аталарының ерлігін білмей өсті. Ұрпағына батыр бабаларының ерлігін жеткізбей санасын тұмшалап барып бағындыру үшін ол туралы деректер қол жетпейтін «қара құлыптар» астына жабылды. Шора мен Едіге батыр тәрізді Баян батыр да қалтарыста қалды. Баян батырға байланысты қайсыбір мәліметтер мен тарихи дастандар тас қамауда жатып-ақ үшті-күйлі жоғалып кетті. Сондықтан, батыр Баян туралы зерттегісі келетін жас ғалымдардың алдында тұрған міндеттердің бірі – көрші қытай жазбаларына көбірек ден қою. Олай дейтін себебіміз, жоңғарлар арасында Баян есімі кеңінен танымал болған, әрі Мағжан айтқандай, есімі үрей тудырған.

Сондай-ақ қолымызда бар тарихи деректерге үңілсек, Баян батыр ғана емес, сыбызғыда ғаламат ойнаған күйші де болған екен. Қорқыттың «Ақсақ құлан – Жошы хан», «Боз інген», «Суға кетті ер Қотан», «Жеті қыз», «Саймақтың сары өзені» т.б. күйлерін сыбызғыда майын тамызып орындаған деседі.

Баян батырдың елімізге есімі танылуы Мағжанның ақталуымен тікелей байланысты

болды. Тұңғыш рет тарихи Баянды халыққа таныстыру мақсатында Мағжанның «Батыр Баян» поэмасының негізінде 1990 жылы режиссер С.Тәуекелдің қоюымен «Баян Батыр» атты көркемсуретті фильм түсірілді.

Тарихи шындыққа бой ұрсақ Баян батырдың Ноян деген інісі жоқ. Сары деген немере ағасы ғана болған екен. Ол да батыр болған. Ал Мағжанның Баянның артынан Ноянды тудыруы фольклорлық сарын. Ақын қиялына халық ауыз әдебиетінің тигізген ықпалы.

Бүгінде Мағжанның осы поэмасының ықпалымен, Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы «Полудин» совхозының бойындағы обалардың бірінде екі жастың мәйіті жатыр-мыс деген аңыз да пайда болған. Сол обаларды қазып тексерсек деген де баспасөз беттерінде түрлі ұсыныс пікірлер айтылды.

Енді біз айтайын деген негізгі пікірімізге көшейік. Дәл қазіргі кезде Булаев ауданының ақсақалдарын толғандырып отырған жәйт біреу. Ол – Баян батырдың кіндік қаны тамған жерде бір көшені де, тіпті бір мектептің де жоқ екендігі. Батырдың еңбегі өз жерінде еленбей отырғандығы.

Қазір құдайға шүкір, дербес ел болдық. Ұлттық тіл заңымызды қабылдадық. Енді еркін көсіліп кең тыныстасақ та болғандай. Өткенімізді оралтуға кең мүмкіндігіміз бар. Ендеше Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласын

Қызылжар деп, көпестің атындағы Булаев ауданын Батыр Баянға беруге болатын уақыт жеткен шығар. Тіпті Петропавл қаласының орталық даңғылдарының бірін Батыр Баянның атына берсек, оның несі сөкет екен?

Салтанат Ізтілеуова  
Филология ғылымдарының кандидаты

### АЛАШТЫҢ АРДАГЕРІ БАТЫР БАЯН...

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қасаболатұлы (шамамен 1710/15-1757). Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып «Батыр Баян» атанған. Батыр есімі қазақ жұртына ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы арқылы кеңінен таныс. Алайда, батыр Баян жайында жазба тарихи деректер өте аз. Оның есімін жыраулар шығармаларынан кездестіреміз. Аз-маз деректі Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен де таптық. Сөйтіп, зерттеулер барысында батыр Баян туралы жүйелеп әңгімелеуге мүмкіндік туып отыр.

Тарихи деректерде батыр Баян Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырлары шоғырының арасында шоқтығы биік болып көрсетіледі. Абылай хан билік құрған кезеңдегі тарихи оқиғалар, сол заман туғызған

қазақ халқы елдігі мен бостандығы үшін арпалысқан батырлар жыраулар поэзиясында қомақты орын алады. Қазақ батырларының елдікті сақтаудағы ерлігі Үмбетей мен Тәтіқара толғауларында айтарлықтай баяндалған. Олардан Баян жайлы да мәлімет ала аламыз. Мысалы, Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» атты ұзақ толғауында мынадай дерек бар:

Қара Керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Сары, Баян мен Сағынбай,  
Қырмап па еді жауыңды,  
Қуантпап па еді қауымды,  
Ұмыттың ба соны, Абылай.

Үмбетей толғауынан батыр Баянның Абылай ханның тірегінің бірі екендігін байқаймыз. Баянның ел ардақтаған, ел қорғаған батырларымен бірігіп, қазақ халқының туын жықпаған, талай қан майданда ерлік көрсеткен еліміздің хас батырының бірі болғанына көз жеткіземіз.

Ал Тәтіқара былай толғайды:  
Бөкейде айт Сағыр менен Дулаттағы,  
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.

Баян батырдың ержүрек батылдығымен ел қорғаны, халықтың тұлғалы азаматы болғанының айғағын Тәтіқара жырау толғаулары дәлелдей түседі. Үмбетей де, Тәтіқара да Баянмен қоса

Сарыны да атайды. Сары – Баянның ағасы, Уақ руының белгілі батырларының бірі болған.

Батыр Баян туралы деректер Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде кездесетінін жоғарыда айттық. Зерттеушінің «Исторические предания о Батырах XVIII века» атты мақаласында Баян жайлы мағлұматтар бар. Шоқан да Баянның батылдығын, ержүректілігін және ақылдылығын Абылай ханның жоғары бағалағанын айтады.

Уақ батыры Баян Абылай ханмен бірге Қытай жасақтарына қарсы соғысқа қатысады. Қытайлармен бір айқаста Абылай қолы шегінуге мәжбүр болғанда Абылайдың әскерінің шегінуіне мүмкіндік жасап, Баян қолы қытайлармен айқасады. Бұл шайқаста Баян өзінің тапқырлығымен, ержүректілігімен, найзагерлігімен көзге түсіп, хан әскерін құтқарады.

Шоқанның айтуынша, батыр Баян Абылайдың ең жақын батырларының бірі болған. Ол өзінің ағасы Сары батырмен бірге Уақ-Керей руларының жасақтарын бастап қалмақтарға қарсы соғысқан. Осындай бір жорықта Сары мен Баян қаза болады. «Халық аузында қос батырдың аттары біріктіріліп Сары-Баян деп қосақталып айтыла да береді», - деп жазады Шоқан.

Абылай ханнан «үш жүздің батырларының арасында кімдерді ерекше бағалайсыз», - деген сұраққа хан екі батырдың есімдерін айрықша атайды. «Бәсентиін Малайсары байлығымен,



батырлығымен, мінезімен ерекшеленсе, Уақ Баян ақылдылығымен, батылдығымен, ержүректілігімен ерекшеленеді», - деп айтқан екен Абылай хан. Шоканның бұл мәліметтері өз заманында батыр Баян ханына да, қазақ жұртына да мәлім, айбынды қолбасшы және ержүрек жауынгер болғандығын айғақтайды.

Абылай қалмақтарға жорықпен келе жатқанда қалмақтан жеті адам елші келіп, қалмақ ханы Серенхан:

-Қалмақтар мен қазақтар ағайынды болған. Біз сіздерге ақ киіз үйлер сыйлаймыз. Бейбіт болайық, - деп ұсыныс жасайды. Абылай батырларын жинап кеңес құрады. Хан:

-Ақ киіз үйлерді алайық, оларды сендірейік, одан кейін шабуыл жасайық, - дейді. Сол кезде Баян:

-Сіз ақ киіз үйлерді алмаңыз, қалмақтарды алдаймын деп ойламаңыз. Ұса менен Серен жоғары және төмен Қытайды да алдаған, сені де алдайды, - дейді. Хан өз сөзінен қайтпайды. Қазақтар екі күн қалмақтарды тосады. Ақ киіз үйлер де, басқа сыйлықтар да жоқ.

Шолғыншылар екі күн бұрын қалмақ қолының жасырын кетіп қалғандығын хабарлайды. Баян мың адамдық жасақпен қалмақтарды қуып, Қытай жеріне кіреді. Бірақ қалмақ қолын толық талқандай алмай, қайтуға мәжбүр болады. Қайтар жолда қалмақтардың өліктерінен уланған судан ұшынып

ауырған Баян және оның жауынгерлері қаза болады. Бұл деректі де Шоқан айтады.

Шоқан Уәлихановтың батыр Баян туралы айтқан деректері, Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасына мазмұндық арқау болған сияқты. Шоқан айтқан деректер мен оқиғалар дастанда да кездеседі. «Батыр Баян» дастанының қазақ поэзиясында алатын көркемдік, тағылымдық орны бөлек. Поэма аса көркем деңгейде, ерекше шабытпен жазылған. Жалындаған жырлар ой қозғайды, адам жанын баурап әкетеді. Сезім де, махаббат та, батырлық та, жан күйзелісі де дастанда жыр болып өріледі. Поэма қуаты Баян образына байланысты. Дастан желісі эпикалық жыр-дастандар желісіне ұқсас. Онда қазақтың батырлық жырларының дәстүрлік сарыны бар. Алайда, бұл поэмада Мағжанның өзіндік стилі, өзіндік үні, әдемі сөз қолданыстары тұнып тұр. Поэманың көркемдік деңгейі қазақ поэзиясындағы жаңа бір үлгі іспеттес. Ол оқырманын еріксіз баурап әкетеді. Батыр Баян тағдыры ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды.

Дастанның тақырыптық арқауы елін қорғаған, Абылайдай ел данасының тірегі болған, халықтың біртуар ұлдарының бірі – Баян жайлы. Ер Баянды Мағжаннан асып, атын тарихқа қалдырып, бейнесін әдеби көркемдеген, даңқын марапаттаған ешкім жоқ. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы – отты жүрек ақынның батыр тұлғасын дәріптеп, бар

шындық-болмасын, батыр-пенденің ішкі иірімін, жан күйзелісін шебер суреттеген, ірі туындылардың бірі.

От-жалынға толы Мағжан жырларының құнын арттыратын, биік белеске көтеріп, ақындық қуатын танытатын бұл дастан – батырлық пен ерлік, өлім мен махаббат, ел тағдыры, сонымен қоса, адамның ішкі сезімі мен жан күйзелісінің бір сәттік пенделік қалпын да аңғартатын шығарма.

Поэмада Көкшенің сұлу табиғаты мен тарихи оқиға қатар беріледі. Әу баста, Абылай ордасына «Жиылды өңшең ноян ығай-сығай» деп жиналған қауымды тізбелеп, ішінен шоқтығы биік Баян батыр бейнесі дара көрсетіледі.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға

Алаштың кебесіндей ізгі жайға.

Міне, осы топты көп күттірген Баян батырды:

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,

Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.

Көп жаудың албастысы, ел еркесі,

Баянның батырлығы алашқа аян.

Баянның аруақты құр атынан

Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ ноян?

Наркескен, өрттей ескен қайтпас болат,

Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,

Келмесе қандыбалақ батыр Баян», - деген Абылай сөзінен батырдың хан ордасындағы орны мен беделін байқайсыз. Тарихи деректерден

Мағжан дастанында айтылғандай батыр Баянның қазақ елін қалмақ соғысынан қорғауда жасаған ерлігін білеміз.

Абылай ханның батырларының ішіндегі ең бір шоқтығы биігі болғанын көреміз. Қандыбалақ батыр Баян Жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте қазақ жасақтарының абыройы мен рухы болғандығы тарихи шындық.

Поэмада басты кейіпкер – Баян батыр. Оқиға Баян мен батырдың айналасы, Абылай хан, Ноян, қалмақ қызы арқылы өрбиді.

Мағжан Баян батырдың соғыс өртіндегі сәтін суреттегенде ел рухы мен батыр рухының биіктігін барлық құндылықтан жоғары қояды. Елдің мүддесі Баян үшін қымбат, халқының тағдыры жау табанында басылмауы жолында жан аямай күрескен Баян батыр ерліктің, отаншылдықтың үлгісі.

Дастанда жер-су аттарына да көп мән берілген. Кең байтақ қазақ жерінің тарихи иесі тек өз жұртымыз екендігін сезіне түскендей боласың. Баян да туған жер үшін ерлік істерге барады.

Баянның жан сезімі, ішкі психологиясы дастанда кең суреттеледі. Әсіресе, ажал үстінде де Ноянына қолын созып, кешу сұраған Баян жүрегінің соңғы сәттегі соғысын да Мағжан шебер суреттеген. Ержүрек аңғал батырдың сәбидей сезімі ең соңғы тынысы үзілер шағында да еліне,

алты алашына деген адалдық пен сүйіспеншілікке толы.

Күнәмді тәңірі кешпес, кешер бірақ

Жауында жан берген соң алты алашым, - деп Баян батыр жасаған бір қателігін өзі арқалап, алты алашынан кешу сұрап, бақиға аттанады.

Иә, жүрегінді дір еткізер, мұңға толтырар Мағжан жырының әуеніне елітесің, сөйтіп от та, су да, шөл де, жел де, сел де, дала да ер Баянын жоқтап тұрғандай әсерге бөленесің.

Иә, бұл жыр дастанды бей-жай оқи алмайсыз. Сонымен:

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,

Ерлерді ұмытса да ел, жері ұмытпас.

Арқаның селі, желі, шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса ел де ұмытпас! – деп Мағжан дастанын аяқтайды. «Батыр Баян» дастаны болашақ жас ұрпақты елі мен жерін сүйеге, ұлттық рухын ұштауға тәрбиелейтін бірден-бір тағылымдық дүние.

Ұрпақ тәрбиесі ұлт өркенінің тірегі емес пе?! Елі мен жері үшін халық тағдыры қыл ұшында тұрғанда жанын қиған ел боздақтарының ерлігі елінің жадында, халқының санасында жаңғыруы да ұрпақ үшін, халық рухын биікке көтеру үшін де қажет.

Ел тәуелсіздігін, жерін сақтап қалу үшін, басқыншыларға қарсы толассыз күрес жүргізген қазақ батырларының есімі, тарихтан іргелі орнын

алуға лайықты. Өткен бабалардың елсүйгіштік, бейбіт тіршілікті аңсау, сол үшін жан аямай күрескен саясаты бүгінгі ұрпаққа қымбат мұра, тарихи үлгі.

Қазақ елін, жерін сүюдің үлгісі болар, ел қорғауға үйрететін, тәрбиелейтін тұлғалар қазақ тарихында көп. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Райымбек... тізе берсең лек-легімен қастерлі есімдерді атай беруге болады. Міне, осындай батырлардың жанкешті ерлігінің арқасында қазақ халқы тағдыры мен келешегін қорғап қалды. Олардың ерлік істерін қастерлеу, уағыздау келер ұрпақ рухының тірегіне айналдыру – міндетіміз.

Осыған орай бүгінгі ұрпақ өзінің асыл ұлдары Шоқан мен Мағжан қалам тартып, халық жадында жаңғыртқан батыр Баян есімін қастерлеп есте қалдыру шараларын қолға алу қажет. «Батыр Баян» кинофильмі түсірілді, жуырда Астанада осы аттас музыкалық спектакль қойылды. Батыр Баян есімін есте сақтау мақсатында Астана мен Алматы қалаларының бір көшесіне «Батыр Баян» атауы беріліп, ескерткіші орнатылғаны ләзім. Ғасырларды араға салып «Алаштың ардагері батыр Баян» деп Мағжан жырлаған ержүрек батырдың есімін қастерлеп, өнегесін үлгі етудің маңызы зор болмақ.

Қосыл Омаров

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС ҚЫРАНЫ САРЫ-БАЯН («Солтүстік Қазақстан», 2002 жыл)

Тарих үшін өткен 10 жыл қас қағымдай ғана уақыт болғанымен, осы кезеңде әрқайсысы ғасырға жүк боларлық оқиғалар тізбегі көз алдымыздан зырқырап өтіп жатыр. Шынын айтсақ, егемендіктің лебі, демократияның желі өскен мына заманда өркениетті елдердің жүз жылдап өткен жолын, біз кешегі он жылда еңсеріп тастаппыз. Әсіресе көзбен көріп, жан-дүниемізбен сезініп отырған рухани өміріміздегі өзгерістер ел еңсесін көтеріп, ұлттық санамызды асқақтатып тастады. Халқымыздың сан қырлы тарихы мен сан қырлы тағдырына үніле қарасақ біздерде өнеге тұтар ірі тұлғалар да тәлім аларлық қанды-қансыз оқиғалар да баршылық екен. Отаршылықтың илеуі, тоталитарлық өкіметтің билеуі кезінде шаң-тозаң басқан тарихымызды, аттары халық жадынан ұмытыла бастаған біртума арыстарымызды аршып ала бастасақ: «Осылардың батыр-билері таусылмайды екен. Ұшарымызды жел біледі, қонарымызды сай біледі деп, қанбақ сияқты қысы-жазы көшіп жүрген қазақтарда қандай мемлекет болсын, қараңғы, жартылай жабайы халықтың не тарихы бар дейсің. Ел бастаған серкесі, қол бастаған батырлары да болмаған», - деп күңкілдейтіндер көбейіп бара жатыр. Қазақтың бытырай қонған елін, ұланбайтақ жерін қызғыштай қорғап, «толарсақтан қан

кешкен» бабаларымызды ұлықтай берудің бір қажеттілігі осында.

Күңкілдеушілер ғана емес, басқа ұлт өкілдері де қазақтың егеменді, іргелі ел болғанын, шетінен жауынгер, айбынды ер болғанын біле берсін. Біз әңгімелеп отырған Сары, Баян батырлар да қазақ халқының ұлт болып қалуының өзі қыл үстінде тұрған кезде Қабанбай, Бөгенбайлармен тізе қосып жоңғар басқыншыларына төтеп берумен қоймай, оларды жер бетінен жойып жіберуге атсалысқан сардарлар. Екеуі де Уақ руынан. Он екі аталарына дейін батыр болған екен. Орта жүздің алты арысының екеуін құрайтын Керек мен Уақ (шын аты Жанар) ағайынды екі кісінің баласы. Керейдің әкесі – Ошыбай, Уақтың әкесі – Жаубасар, екеуі де ел ұранына айналған адамдар. «Жаубасар» деп жауға шабатын Уақ руынан шыққан батырлар Қарақасқа атты Қамбардан бастасақ та бір төбе. Қазақ қауымына танымал тұлғалар: Еркөкше, Ерқосай, Бетеге, Қылды батыр, Өтеміс, Ерсары, Батыр Баян ел тарихында іздері сайрап жатқан батырлар.

Кейбір тарихшылар Сары мен Баянды бір-ақ адам, Баян батыр денелі сары кісі екен, сондықтан халық «Сары Баян» – деп атап кеткен дейді. Ол қате, Сары, Баян батырлармен жорықта бірге болған Тәттіқара ақынның:

Бөкейді айт Сарыменен Дулаттағы,



Дәріпсәлі, Маңдайды айт қыпшақтағы.  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,  
Сары менен Баянды айт Уақтағы, - дегені бар.  
(«Әй, заман-ай, заман-ай», 1 том, 70 бет).

Үмбетей жырау да Сары мен Баянның ерлігін  
көзімен көрген адам:

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай  
Сары, Баян мен Сағынбай  
Қырмап па еді жауыңды,  
Қуантпап па еді қауымды,  
Ұмыттың ба соны, Абылай? («Әй, заман-ай, заман-  
ай», 1 том, 79 бет).

Сары батырдың Баянның ағасы екенін Шоқан  
Уәлиханов та растайды. «Исторические предания о  
Батырах ХУІІІ века» деген еңбегінде Баянға түсінік  
бере отырып былай деп жазған: «Это любимец  
Абылая и первый храбрец того времени. Родом был  
из рода Уак-Керей и был убит в одном из набегов  
на калмыков с братом своим батыром – Сары: от  
чего часто называют их вместе Сары-Баян»  
(Ч.Валиханов. Избр.произведение, Алматы 1958г. стр.122).

Сары (Ерсары) 1690 жылы туып, 81 жасында  
қайтыс болған екен. Оның зираты Солтүстік  
Қазақстан облысының Докучаев селосынан 4-5  
шақырымдай жерде. Сары және Сүгір батырлар  
жерленген қос оба алыстан көрінеді.

Сары батыр (көзсіз ерлігіне риза болған жұрт  
«Ерсары» деп құрметтеп, кейбір әңгімелерде, осы  
атымен белгілі) Баяннан екі мүшелден де артық

үлкендігі бар екен. Қазақ әскерінің 28 жылдай Ордабасы болған атақты Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында:

Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек,

Қалмақты қойша қыпар, зар еңретер, - деп Ерсарыны атайды да, Баян батыр туралы айтпайды. Оның сыры мынада: «Елім-ай» дастаны туғанда (1723 жылдары) Баян Батыр 9 жаста ғана, көзге түсіп, ерлік жасайтын жасқа толған жоқ еді. Ал Ерсары Орда бұзар 30 жаста еңсеріп тастаған, Уақ жасағының қолбасшысы болатын. Сары батыр ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі адам болыпты. Жас кезінде атақты балуан болды деп те кәрікөз қариялар айтып отыратын еді. Оның жорыққа мінетін тортөбелі есік пен төрдей, басқа аттар тортөбелдің қасында тайдай ғана болып көрінетін еді деген де әңгімелер есімізде. Қару-жарағы да өзіне сай болса керек, беліне қыстырып жүретін шоқпарын екі кісі көтере алмайтын еді деген әңгімені жас кезімізде естігеніміз бар.

Сары батыр жау көргенде екі көзі қанталап, жоңғар әскерінің қалың тобына кіріп кететінін өзі де білмейтін әдеті болса керек. Ержетіп, жау түсіре бастаған батыр Баян жауға жақындағанда ағасының тортөбелін шылбырынан ұстап алып дұшпан әскерінің бір шетінен ұрысқа кіргізетін көрінеді. Содан тізе айырмай тиіскен ағайынды қос батыр қойға шапқан қос бөрідей қалмақтарды жапыра

қуып отырса керек. Ақиық ақынымыз Мағжан Жұмабаев:

Баянның ер ағасы – Батыр Сары,

Қос қыран тізе қосып жауын қуған, - дейтіні содан.

Сары батыр Баян өлгеннен кейін 80 жасқа келсе де Еділ бойындағы қалмақтармен соғысқа қатынасқан көрінеді. («Қазақ батырлары» № 11, 2002ж.). Осы жорық туралы ертеректе үлкендерден естіген әңгіме бар. Қалмақтармен кескілескен бір ұрыста (шылбырынан ұстап, тізерлесе соғысар Баян жоқ) Сары батыр көзі қанталап, жау тобының ордасында қалып қояды. Жаралағанына қарамай, оңды-солды шоқпар сілтегенімен көптің аты көп, батырды әлсіретіп-ақ тастайды. Сол кезде «Жаубасарлап» ұрандатып бір топ қазақтың сарбаздары лап қойып, қалмақтарды тықсырып тастайды. Көз тоқтатып, жан-жағына қарап тұрған қарт батыр «Жаубасар» деп ұрандатып бір топ сарбаздарды бастап келген жігіт өзінің баласы – Қыстаубай (Ноян) екен. Баласын танып қалған Сары батыр иығынан қаны сорғалап тұрып: «Әй, арамсідік, сен әлі тірі ме едің, кет жолымнан!» – деп бұрылып жүре берген екен. Бұл Қыстаубай Сары батырдың бәйбішесі Мақпалдан туған кенжесі болатын.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Ноян – осы Қыстаубай. Шындығында, тұтқын қыз Құралайды алып қалмаққа қашқан Қыстаубайды (поэмадағы –

Ноянды) батыр Баян Жолдыөзек деген (қазіргі Аққайың ауданында) жерде қуып жетеді. Бірақ, Баян Қыстаубайды да, Құралайды да өлтірмейді. Жағалбайлы елінде Қыстаубайдың нағашы жұрты болатын, соған жол сілтеп, батасын беріп қоя береді. Екі жастың киімдерін, атып алған аңның қанына былғап, ағасы Сары батырға өлтірдім, - деп баяндайды. Кіші жүзге сіңісіп, қол бастаған батыры болып кеткен Қыстаубай – Ноян әкесі Сарыменен осындай жағдайда кездесіп қалған екен. Сары батырдың өлім аузында тұрса да, баласының жас кезіндегі ағат ісіне кешірім жасай алмағаны бір бет қайсарлығы ма екен? Әлде баласының қалмақ еліне қашты деген ойынан арыла алмағаны ма? Қалмақтармен болған осы соғыста ауыр жараланған Сары батыр еліне жеткенмен, жарадан сауыға алмай 1771 жылы қайтыс болады.

Қыстаубайдың ұрпақтары нағашы жұртымен қоштасып, 1888 жылы Ақжайықтың Қызылжар деген жерінен жеті шаңырақ болып еліне оралады.

Қазір олар Шал ақын, Тимирязев аудандарында (Солтүстік Қазақстан облысы) тұрып жатыр. Сары батырдың үлкен баласы Сексенбайдың ұрпақтары да осы облыстың Шал ақын ауданында. Ал батырдың қалған бес баласының ұрпақтары бізге беймәлім.

Баян батыр 1714 жылы қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Аралағаш деген ауылда туған, әкесі Қасаболат момын адам болған. Темірден

түйін түйген ұста, бірақ зергелік өнері басым екен. Баянның шешесі Ажар Байбақты Шопан батырдың қызы, Сырымның әкесі – Даттың қарындасы. Шоң Торайғыр-Едіге бидің балаларының анасы – Ақкенже Даттың екінші қарындасы (біреулер қызы деп жүр).

Баян Уақтың Шоға руынан тарайды. Шоға баласы Бәйімбеттен екі ұлы болған. Қырғызәлі, одан Баян, Қозымеріктен Сары батыр тарайды. Баян батыр он төртінен жорыққа қатысқан, он жеті жасында аты шыға бастаған. Абылай ханмен жасы тетелес болғандықтан ба, ханның жорықтарына түгел қатынасқан. Абылай батырларының ішінен көзсіз ерлігіне сүйсініп, жақсы көретіні Баян екен. Шоқан өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «Когда спросили у Абылайхана, кого он из своих батыров более уважает из всех 3 орд, он ответил... Из моих батыров Басентине Малай-Сары, по богатству и по характеру и Уаковец Баян по уму и храбрости стоит выше всех» (Ч.Валиханов, Избр. произв. Алма-Ата, 1958г. стр.126). Шоқанның сөзін растағандай Машһүр Жүсіп Абылайхан туралы әңгімелерінде мынадай жолдарды келтіреді:

Ғақыл тұрмас қашқанда,  
Дегбір тұрмас сасқанда.  
Баяндай ерді көрмессің,  
Бұрылып жауды шанышқанда.

Үйде батыр көп еді,

Жау жолында Баяндай

Көзге түсері жоқ еді, - (Абылайхан, Тарихи жырлар. 1 том, 1993 ж.).

Баян батырдың ерлігі, батырлығы, қол бастаған беделді сардар екендігі туралы қазақ-жоңғар шайқастарына бірге қатысқан ақын-жыраулардың толғауларында ғана емес тарихи шығармаларда айтылады.

Илияс Есемберлиннің «Жанталас», Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» шығармалары соған дәлел.

Баян батыр туралы айтқанда қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевқа соқпай өте алмайсың, өзінің аты шулы «Баян батыр» поэмасында:

Қанайым ойың удай, тілің шаян,

Амал не келген жоқ қой Батыр Баян.

Көп жаудың албастысы, ел еркесі,

Баянның батырлығы Алашқа аян.

Баянның аруақты құр атынан

Көп қалмақ болмаушы ма еді қорқақ қоян.

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,

Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.

Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,

Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді? – деп жырлаған. Көркем шығарма болғанымен осында көп шындық бар. Шоқан келтірген Абылайдың бағасымен Мағжанның толғауы үндесіп жатқанын көру қиын емес. Жауапты жорықтарға аттанарда Абылайдың Баян батырды іздейтіні шындық сияқты. Абылайхан жинағында: «Абылай хан

атақты ардақты, бақытты хан болған күнде Уак Сары, Баянсыз, Балта Керей Тұрсынбайсыз, Шанышқылы Бердіқожа, Көкжал Барақ, Сырым, Малай-Сарысыз жорыққа аттанбайды екен» деген тұжырым ойымызды бекіте түседі. («Абылай хан». Тарихи жырлар, 1 том, 1993ж.).

«Батыр бір оқтық» дегендей талай шайқаста «жауларын қойдай қырған» батыр Баян 1759ж. ауыр жараланады. Сол кезде шартарапқа аты шыққан Еруәлі деген емші болған екен, батырдың сарбаздары найзаға салып майдан шөбінен Қарқаралы өңіріне қарай жолға шығады. Бірақ еңбектері еш болып, емшіге жете алмай Баян батыр көз жұмады. Батырдың жерленген жері Шекшек (Қаракесек) бейітінде, Қарқаралыда бұрынғы Нүркен Әбдіров кеңшары деген пікірге көпшілік ден қойған сияқты. Оны айтып отырған себебіміз Баян батыр қазасы туралы басқа да пікірлер бар. Шоқан өзінің жоғарыда аталған еңбегінде: Баян батыр 1000сарбазымен қалмақтарды қытай шекарасына дейін қуып тастайды. Енді елге оралып келе жатып жоңғарлардың өлімтік тастап уландырып кеткен құдығынан су ішіп, қаратышқақтан біраз жауынгерлерімен бірге Баян батыр да өлген», - дейді. Тағы бір жерінде: «Қалмақтардың бір шабуылы кезінде өзінің ағасы батыр Сарымен бірге өлді», - дейді. Бұл да қате пікір, өйткені Сары батыр көп кейін (1771ж.) өлген.

Міне, бұл қазақтың қос батыры туралы сақталған әңгімелерден үзінді ғана.

Кейінгі жылдары, әсіресе, тәуелсіздіктің 10 жылында қазақ тарихында өзіндік орны бар ел бастаған көсемдерді, қол бастаған сардарларды, ақын-жырауларды айта бастасақ жершілдіктің ауруы ма немесе іштарлықтың салқыны ма ондай адам болған ба, құжаты қайда? – деп шыға келетіндер өз қандастарымыз арасында бар. Қазақ хандығы құрылғаннан бері соғыстан, бодандық бұғауынан көз ашпаған ұлтымыз сан жағынан аз болса да ұлан-байтақ жерден жан-жақтан анталаған жауларға тоқымдай да жер бермей келді. Қазақ байғұс шетінен батыр болмағанда қайтсын, ішінде қол бастап ерлігімен көзге түскен батырларды жыраулар жырламағанда кім жырлайды?!

Сары мен Баянның да еңбектері еленбей, тарих төрінен орындарын ала алмай келе жатқаны осыдан емес пе? Қос қыран атында өздерінің туған жерінде көшенің де аты жоқ. Қазақ тарихында, энциклопедиясында аттары да аталмайды. Бұл түйін де өзінің оң шешімін табар деген ойдамыз.



## БАТЫР БАЯН

(«Солтүстік Қазақстан», 1998ж.)

Осыдан қырық жылдай бұрын Қызылжардың жанға сая, жүрекке дауа майдақоңыр жазғы кешінде жасыл бақта сырлы сұхбат шертіп, шалқыған көңілдің шермұңын тарқатып бір топ әдебиетшіл қауым гүлесіп отырды. Әңгімелері әсем, әсерлі. Көлденеңнен құлақ шалған адамның өзі бері бұрылып селтиіп, тыныс тартып, тынып қалғанын көрер едіңіз. Сол тұста көз қиығымен тындарман ықыласын аңғарып қалған арқалы ақын Хамза Абдуллин дауыс мақамын мәнерлей түсіп, жыр маржанын жарқылдатып шаша берді.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол баяғыға,  
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар  
Әдемі ертегідей баяғыда.  
Әдемі өткенді айтып айнымасам,  
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Мен де ойды ағытамын қаламыма,  
Арқаның көз жіберсем алабына:

Сарыарқа – сары дария, қиыры жоқ  
Көз болсын, қандай қыран, талады да.  
Ішінде сары дария көз тоқтатар  
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да.  
Көкшеде күні кеше қойдай өрген  
Түрлі аң: бәрі, бұғы, маралы да.  
Айырылып асау, ерке аңдарынан  
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!  
Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сынсың қарағайға.  
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға  
Бөлектау: «Ой, бауырым!» – дер анадайда.

Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,  
Қарасаң жанның шері тарамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,  
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға,  
Бурабай – Арқа аралы, жер еркесі,  
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Ақын Хамза жыр тұлпарының жалында ойнап,  
асау арын құшағында асқақтап, аспандап, алысқа  
қиял сермеп кеткен еді. Бірде зарлы, бірде шерлі,  
бірде мұңлы пернелерді сыңсытып, кейде  
солқылдата басып, кейде сызылтып, биіктен  
төмендеп құлдырап, қоңырлап, жүректі шым-шым  
шымырлатқан жыр құдіреті қандай еді шіркін.

-«Батыр Баян» ғой.

-Мағжан! Қайран жыр пырағы жарқылдаған! – дескен үндер тамсанып, таңырқап, тамашалап тынды. Таңғажайып аңыз мұнарында қалқып, жүрек сыздап ұлы Мағжанмен бірге Батыр Баянды да көкірек тереңінде тұнығымен тербеп едік. Сол тұстың өзінде Мағжан, Баян есімдерін топ ішінде ашық айта алмадық. Хамза ақын сыңды жанкешті қияли қаһармандар ғана Мағжан жырларын жатқа соғудан жасқанбай жүрсе, Батыр Баянды көне тарих шаңынан аршып алар жан табыла қоймағанды.

Ия, көне тарихтың өзі там-тұм таңба, яки жаңаша жаңғырық жобасы түрінде тым болмаса қағаз бетіне бірер белгімен де хатталып жетпей отыр. Тек, ел аузындағы аңыздар ғана Баян Батырдың болғанын, оның қаһарман ерлігін, қалмақтармен қырғын шайқаста елін, жерін қорғап толарсақтан қан кешкен толағай тұлғасын бүгінгі ұрпаққа жыр етіп толғайды. Ол аңыздар қазынасы алтын сандығының кілті де еліміз еркіндік алған бүгіндері ғана ашылып отыр.

Сонымен Батыр Баян өмірде болған ба? Ол кім? Қай жерде туған? Оның бүгінгі күнге жеткен ұрпақтары бар ма? Бүгінгі ұрпақ, әсіресе, жастар жағы мұндай сұрақтардың жауабын іздері әбден орынды. Өйткені, үш ғасырға жуық орыс патшасының отаршылдығы, одан қалды қызыл империяның қазақ зиялыларына жасаған қанды қырғыны ел, жер тарихын ұмыттыруға ұрындырды,

мәнгүрттікке мұрындық болды. Батырлардың, ақындардың, шешендердің, жыраулардың, билердің, байлардың есімдерін еске алып, ауыз ашуға қорықтық. Міне, Батыр Баянның аңызды ерлігі ұмытылып бара жатқаны да осындай сұмдықтың салдары екені де сөзсіз.

Зейнолла Олжабаев ақсақалды көптен бері білуші едім, ұзақ жыл аудандық деңгейде басшы қызметте істеді. Облыстық жиналыстарда жиі көретінбіз. Ол кісінің Батыр Баянның тікелей ұрпағы екенін бұрын біле бермейтінмін. Бұл да міне кеңестік кезеңнің кесірінен дендеген дерт қой. Ол кісі де «атам батыр» - деп айта алмай тұншықты. Енді өкінеміз.

Редакцияға үлкен папка құшақтап келген Зекең шаруасын дәттеп, үстелдің үстіне газет қиындыларын, кітаптарды, журналдарды көшірме парақтарды, хаттарды, суреттерді жайып тастады.

Хамза ағамыз Абдуллиннің тоқсаныншы жылдардың басында бір газетте жазғаны есіме түсті. Онда мынадай жолдар бар еді: «Батыр Баян Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ Жәнібек, Қарауыл Қанай би сияқты «Ақтабан шұбырындының» алғашқы жылдары есейіп, ер жеткен қырандардан емес, «Ақтабанды» жерімізден түбегейлі аластайтын ерлердің екінші толқынына жататын. Демек, Баян жас шағынан ұлы Абылайдың замандасы. Өйткені Батыр Баянның ұрпақтары ер

атасының 1710 жыл мен 1715 жылдың арасында туып, 1757 жылдары қалмақтармен болған бір соңғы соғыста қаза тапқанын аңыз қып айтып отырады.

Баян – уақ руынан. Уақ-Шоға, Шәйгөз, Баржақсы, Жапсары, Мұрат дейтін тайпалардан тұрады. Шоға – Баянның арғы атасы. Бірақ осы тайпалар қатарласып белгілі бір аймақты ғана мекендеп отырған емес. Уақ руының біраз тайпалары Семей, Кереку, Аягөз, Өскемен аймақтарын мекендейді. Тіпті уақ тайпаларын Шу өзені төңірегі мен Баянауыл маңынан да, қала берді Ақтөбе төңірегінен де. Қытай мен Монғолиядан да кездестіруге болады. Қалай болған күнде де уақ елінің ескі ата мекені Қостанай мен Қызылжар қалаларының екі аралығындағы Обаған өңірі.

Баяннан – Бұлан, Бұланнан – Мұсабай, Мұсабайдан – Басшығұл (Басшығұл 1842 жылы туған). Басшығұлдың Құлжабай, Жаныбай, Олжабай дейтін үш баласы болды. Құлжабай мен Жаныбай соғыс жылдары қайтыс болды. Олжабай бұдан он жыл бұрын дүние салды. Олжабайдың баласы Зейнолла қазір есен сау, тірі. Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында жауапты қызметте».

Батыр Баянның сол ұрпағы Зекең міне бізге бабасы жайлы әңгіме шертіп отыр:

-Біздің елде: «Баян әкесі Қасаболаттың қолында емес, Қасаболаттың інісі Абылдың

қолында тәрбиеленген» деген сөз бар. Ол туралы «Баян Абылдың бауырында өскен. Қара шекпенді Қасаболат шөккен түйеге де өз бетімен міне алмаушы еді. Тегі, күндей күліп, оттай лаулаған Баянды айбарлы да айбынды Абыл батыр тәрбиелеген ғой», - деседі.

Ия, сөйтіп Есқараның Қасаболат, Абыл, Алтыбай атты үш баласынан тараған ұрпақ қазір Булаев ауданында өмір сүреді. Бір кезде Абыл, Жарбол, Аралағаш деген үш үлкен ауыл болған, үшеуінде де Батыр Баянның ұрпақтары тұрды. Қазақ белсенділері соңғы 60-70 жыл ішінде Батыр Баянның атын да ататтырмай қойды. Оның себебі, екеу: біріншісі – Баян ұлы Абылайдың ең сүйікті батыры, екіншісі – Мағжан Баянның ұлы тұлғасын өз халқына ересен шеберлікпен сипаттап берді деп Хамза ағамыз ауылға келген сайын айтып отырады.

Соңғы кезде Батыр Баян туралы біраз жазылып жүр. М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, белгілі айтыскер ақын Ерік Асқаров, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық басқармасының төрағасы Қосыл Омаров газеттерде мақалалар жазып, оқырмандарды Батыр Баян жайлы біраз мағлұматтармен қанықтырды.

«Мағжанның көркемдік қуаты аса жоғары, сарыншыл (романтикалық) поэмаларының бірі – «Батыр Баян» ХҮІІІ ғасырдағы ел қорғаған батыр, ірі тарихи тұлға, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған даңқты адамға арналуының көптеген

себептері бар. Ақынның әжесі – Баянның немере қызы. Баян ұрпақтары оларға аталас шоға уақтың әлденеше ауылдары Есентаңрық атығайлармен қоныстас. Есентаңырықтың басты адамы Мағжанның әкесі Бекен (Бекмағанбет) Келтесор болыстығына таласқанда әлді қарсыласы, Баянның шөбересі – Басшығұл болған. Бала Мағжан – Баянның ақылды немересі әділдігімен аты шыққан Байтоқа бидің әңгімесін тыңдап, өсиетіне ұйып, батасын алған.

Абылай хан үш жүзден әскер жинап қалмаққа қарсы шешуші шайқасқа Бурабайдың түбінде жиналғанда Батыр Баянды тосып қалған екен.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға  
Алаштың кебесіндей ізгі жайға,  
Батырлар бұғаудағы арыстандай  
Абылай тұңғыш бір терең ойда.  
Бәрі де ел қорғаны – батыр, билер.  
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:  
«Жүрелік жау басынар» деген сөзбен  
Салады Қанай биді Абылайға.  
Би Қанай: «Бұ қалай?» – деп бастағанда,  
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»  
«Қанайым», ойың удай, тілің шаян,  
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның аруақты құр атынан,  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?

Наркескен, өрттей өскен, қайтпас болат  
Баянсыз қанатымды қалай жаям?

Би Қанай! Атанбайды хан Абылай,

Келмесе қанды балақ батыр Баян! – деп  
Мағжан зерлі сөз, көркем кестемен сомдаған  
айбынды тұлға, асқақ бейне көз қуанытып, көкірекке  
ұялайды.

-Булаев ауданы Жолдыөзек бойын ертеден мекендеген тұрақты ел. Асанқайғы бабамыздың «мың бітпес, жүз кетпес» деген даналы сөзі осы мекенге арналған, құтты жер. Осы ата қонысымыздан Абылай ханның оң қолы болып жорыққа шыққан Батыр Баянның кіндік қаны тамған асыл топырақ. Қазір осы төңіректе Батыр Баянның мыңнан астам ұрпақтары тұрады, - дейді Зекең. – Баянның ерлігін осыдан 150 жыл аса бұрын қазақтың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов зерттеген, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев, бертінде аса көрнекті жазушы Ілияс Есенберлин шығармаларына арқау еткен. Дегенмен зерттеу әлі де жетіспей жатыр. Батыр Баянды жергілікті жерде әлі жете білмегендіктен тіпті оның бүгінгі аталас ұрпақтарының өзі түсінбестік танытады. Еліміз егемендік алып, әлемге танылып, кешегі өткен батырлар, шешендер, жыраулардың есімдері мерейлі тойлар үстінде биік мінбелерден аталып жатыр. Міне сол тізімнің ішінде Батыр Баянның есімі тым болмаса бірде-бір аталмайтыны өкінішті.



Шоқан Уәлиханов өзінің «ХҮІІІ ғасырдағы қазақ батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде былай деп жазды: «Абылайдан: үш жүздің батырларының ішінен көбірек ұнататыныңыз кімдер – деп, сұрағанда: Батырларымның ішінен Бәсентиіннен шыққан Малайсарыны байлығы, ерлігі және соған тән мінезін ұнатамын, ал ақылына батырлығы сай уақтағы Баян бәрінен де биік тұр».

Мінекей қазақтың үш жүзінің басын біріктірген Абылай хан ұлы дана десек, Батыр Баян оның оң қолы болған. Хан өз аузымен айтып тұр.

Зекең батыр бабасының тарихтан әлі де өз орнын алмағанын, ұмытылып бара жатқанын айтып Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы тарих институтының директоры академик Манаш Қозыбаевқа хат жолдапты. Бізге академиктің жауабын да көрсетті. Академик жергілікті жерде Батыр Баянның тұлғасын кең танытарлық біраз жұмыстар тындыру қажеттілігін санамалап, тізіп тәптештеп беріпті.

-Бәрі өзімізден, өзіміздің қандастарымыздың, туыстарымыздың алауыздығынан, бас бірікпейтіндігінен, - деп өкінеді Зекең. Ол сонау 1994 жылғы бір әңгімені айтып берді.

«Қарағанды» кеңшарына Батыр Баянның есімін беру туралы мәселе сол кезде көтерілген. Шаруашылықтың сол кездегі басшысы марқұм И.И.Миллер бұл ұсынысты қолдаған. Бірақ

өзіміздің қазақтар: «Бізде басқа да батырлар болған, Баян батырды білмейміз» – деп келіспепті.

Ия, бұл арада мұндай психологияның, пиғылдың, пайымның қалыптасып, сіресіп қалуына елінің еркіндігі, жерінің кеңдігі үшін қасық қаны қалғанша күрескен қазақ батырларын қанішерлер, жаугершілер етіп көрсеткен, сөйтіп ел есінен ұмыттырған қызыл империяның нәлет насихаты кінәлі.

Осыдан біраз жыл бұрын ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың есімін Петропавлдағы педагогика училищесіне және бір көшеге беру жөнінде ұсыныс жасалғанда білместіктің біраз қарсылығына ұшырағаны бар. Ал, қазір Мағжан тарихтан да, Петропавл қаласынан да өз орнын тапқанын көріп отырмыз. Батыр Баян есімі де алтын әріптермен жазылары анық.

Академик Манаш Қозыбаев өз хатында Батыр Баян туралы үлкен әңгіме әуелі төменнен басталуы қажет екенін өте орынды атап көрсеткен. Орайын тауып пайдалана білсек Батыр Баян туралы материалдар біраз бар. Мағжанның бір кезде біраз жұрт жатқа соққан «Батыр Баян» поэмасының өзі ғаламат дүние емес пе? Қазақ батырларының арасынан алғашқы болып Батыр Баян туралы фильм түсірілді. Осы фильмді пайдаланып қызықты да көрікті кештер өткізуге болады.

Облыстық өлкетану-тарих мұражайына, аудандардағы, мектептердегі мұражайларға Батыр

Баянды «біриықтатып» кіргізу керек. «Батыр біриықтап кірсе, арғы жағындағы орынды өзі табады» дейді ғой халқымыз.

Батырларымызды, ақындарымызды, ұлыларымызды басқа жұртқа таныта білуіміз керек. Сонда барып басқа ағайындар әдемі әңгімені әуелі мәре-сәре көңілді дастархан басында бастап, содан соң үлкен жиынның мінбесінен: «Достар-ау, мынадай батырды бұрын білмеппіз ғой, мен енді таныдым, ұқтым, түсіндім. Оның есімін туған жеріне берейік» деп ұсыныс айтары анық. Сонда олар да, біздер де жүрекпен ұғысып қол соғамыз. «Бәріне де уақыт емші» дейді қазақ. Ілгеріде облыс орталығының көшелерінде де Абылай хан, Батыр Баян есімдері пайда боларына сенемін. Батыр туған Булаев ауданы Батыр Баян ауданы болуы да ғажап емес. Ол ұсынысты халық өзі айтады.

Жаксыбай Самрат

## БАТЫР БАЯН – ЕРЛІГІ ХАЛҚЫНА АЯН!

(«Егеменді Қазақстан». 2005 ж.)

...Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары мен Баянды айт уақтағы.

Тәтіқара.

Асты қазына, үсті құт көсіліп жатқан байтақ даламыз бар. Сол даланың байлығын емін-еркін сапырып, төсіне Еуропаның төрінде ғана көретін Қызығын көріп, қызметін тұтынудамыз. Иншалла, ұзағынан болсын. Бірақ сол даланы ұрпағына мұра

қылып қалдырған, оны жауға бермеймін деп күндіз-түні сарытоқым болып аттан түспеген, қу жанын шүберекке түйіп, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен оны қорғаған батыр бабаларымыздың бәріне бірдей ризашылығымызды білдіре алмай келеміз-ау, әттең. Сонын бірі Баян батыр.

Жұрттың көбі Баян есімін Мағжанның көркемдік қуаттылығы ғажап «Батыр Баян» поэмасынан біледі. «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға. Сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл қолым емес кісендеулі. Сондықтан жаным күйіп жанады да...» деп басталатын дастан қуғында жүріп, қамыққан ақынның нағашы жұрты батыр Баянның рухынан медет сұрағаны тәрізді. Ақынның туған әжесі Баян батырдың немересі екен. Оның үстіне, ұрпақтарының айтуына қарағанда, бала Мағжан батырдың немересі Байтоқа бидің әңгімесін тыңдап өскен көрінеді.

«Батыр Баян» поэмасындағы екі жастың махаббатына байланысты оқиғалар өмір шындығынан сәл ауытқығанымен, негізгі желі: Абылайдың жауға қарсы Бурабайда қол жинап, бірақ оған Баян келмей қозғалмауы, одан батырдың Абылай қосынына келіп, 540 жауынгерімен үлкен ерлік көрсеткені - өмір шындығы. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов та жазған. Баянды тосып шаршаған ханның қолына асығып жеткен батыр Абылайға келіп: «Куда, что прикажешь, я

исполню». Аблай-хан обратился к народу и сказал: «Вот зачем я так долго ждал Баяна» деген екен деп жазады ғалым. (Валиханов Ч.Ч. Собр.Соч. Т-І., стр.225-227).

Одан әрі ғалым, өзінің естуі бойынша, қазақ қолынан қорыққан қалмақ басшылары оларды алдау үшін өз елшілерін жібергенін, сөзге шешен елшілер жылы сөзбен арбап, келісімге келмектің белгісіне өздерінің ханы ертең жасаулы ақ киіз үй тарту ететінін мәлімдейді. Абылай хан батырларымен ақылдасқанда, Баян олардың Қытайды да алдағанын, сондықтан сенбеу керектігін айтады. Бірақ хан елшілердің сөзіне тоқтап, екі күн тосып қалады. Ал жау бұл екі ортада алысқа кетіп қалған екен. Оны 1000 адамдық қолмен Баян батыр Қытай жеріне дейін қуып, талқандайды. Бірақ қайтып келе жатқанда қалмақтың улап кеткен құдығынан су ішемін деп жантәсілім етеді дейді.

Ал, Абылай ханмен батырлардың алғашқы рет кездесуін ғалым былай жазады: «Самым знаменитым среди уаков был, несомненно, Баян-батыр, герой антиджунгарской войны, один из тех, кого высоко ценил Аблай-хан. А встреча Аблай-хана и Баян-батыра, согласно записанному нами преданию, произошло на поле битвы и вот как». Осы жерден әрі ұлы ғалым жазған оқиғаның қысқаша мазмұнын қазақша берейік.

Өзі де батыр Абылай кескілескен бір шайқаста аз ғана топпен артына алаңдамай, ет қызуымен жау

жатағына ендеп, кіріп кетеді. Бір уақытта өздерінің қоршауда қалғанын көреді. Сонда хан: «Қайсың барсың, қоршауды бұзып шығар», - дегенде кеудесін көк найзаның ұшына тосар адам табыла қоймай, ешкім үндемейді. Абылай екінші рет айқайлайды. Бұл жолы да дыбыс жоқ. «Қазақтың қатыны жауға шабар бір ұл тумап па еді?» деп ашынған хан соңғы рет ақырғанда, ақ боз атты алып жігіт кесе көлденеңдеп келе қалып: «Қазақ жауға шапса сенен сұрай ма, хан ием», - деп анталаған жаудың арасын қылышымен қақ айырып қойып кетеді. Батырдың көзсіз ерлігіне қызған басқалар да қосыла шауып, жау қоршауын бұзып өтеді. Сол жолғы ұрыста басқа қолмен қосылып, қалмақтарды тегіс талқандайды.

Ұрыстан кейін хан бағанағы батыр жігітті табуға бұйрық береді. Сөйтсе, ол мұрты жаңа ғана тебіндеген бозбала екен. Абылай хан: «Жаудан қайтпайтын бетің бар, менің бірінші айғайыммен неге шаппадың?» дейді. Сонда жас жігіт: «Алдымен ханға жол бердім. Одан аға баласы Арғынның жолын кеспедім, ақырында ажалдан басқа жол қалмаған соң өзім шаптым», - деп ұтымды жауап береді.

Жалпы, қазақ ұлысы жалаң ерлікті емес, батырдың сөзінде нәр, бойында ар болса қатты бағалаған. Белгілі батырлардың бәрі де сөзге шешен, тапқыр, жан-дүниесі таза болғандығы белгілі. Қол бастайтын адам ерлігімен ғана емес,

ерлікке бастайтын елдік сөзімен де сардар болған ғой. Баянның ағасы Сары да көзсіз батыр болған, жырларда екеуінің есімі қатар аталады. Дегенмен, оның есімі Баяндай атақты емес, соған қарағанда, ол сөзге шорқақтау болған секілді. Абылайға үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше бағалайсыз дегенде бәсентиін Малайсары мен Баян батырды ерекше жақсы көретінін айтқан екен. (Ш.Уәлихановтың жоғарыда аталған еңбегі, 218 бет).

Жоңғарларға қарсы азаттық көтерілісінің батыры, ұлы Абылай ханның бас батырларының бірі бар. Мәселен, Үмбетей жырау:

«Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Сары, Баян мен Сағынбай  
Қырмап па еді жауыңды,  
Қумап па еді қауымды

Ұмыттың ба осыны, Абылай?», - деген екен бірде ханға.

Баян батыр туралы Шоқаннан басқа біздің заманымызда І.Есенберлин, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Х.Абдуллин, Ж.Бектұров, М.Мұқанов, С.Ізтілеуова, Е.Асқаров, солтүстік-қазақстандық жерлестері Б.Мұстафин, Қ.Омаров, ұрпағы З.Олжабаев, т.б. жазды Мағжанның «Батыр Баян» поэмасының желісінде кинорежиссер С.Тәуекел тамаша фильм түсірді. Астанада осы аттас музыкалық спектакль қойылды. Сөйтіп, есіл ердің есімі қалың жұртшылыққа біршама жақсы таныс

болды. Бірақ... Ердің есімі қашанда ел есінде болуы керек қой.

Батырдың ардақты есімін қастерлеп, ұрпаққа үлгі етуде біршама кемшін тұстар бар. Абылаймен алғаш кездескенде мұрты жаңа тебіндеген балаң кезі болса, ол ханнан кем дегенде 5-6 жас кем, яғни шамамен 1715, я 1716 жылы туған. Бірақ сол әлі күнге нақтыланған жоқ. Қалай десек те, 300 жылдығы таяп тұр.

1998 жылы сол кездегі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, әйгілі ғалым, академик Манаш Қозыбаев Баян батырдың елі Солтүстік Қазақстан облысындағы Мағжан Жұмабаев ауданының әкіміне хат жазған еді. Онда ғалым Баянның ерлігін айта келіп: «Институт истории и этнологии считает не только возможным, но целесообразным увековечить память выдающегося героя освободительной войны казахского народа батыра Баяна. Имя батыра служило бы делу патриотического воспитания молодого поколения суверенного Казахстана», деп жазды. Бірақ мәселе аудан орталығы Булаев қаласындағы бір орыс мектебіне есімін берумен шектелді.

2002 жылы сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ.Нағмановтың атына еліміздің аса көрнекті тұлғалары Зейнолла Қабдолов, Өмірзақ Сұлтанғазин, Нағима Айтхожина, Қабдеш Жұмаділов, Кәкімбек Салықов секілді ғалым,



жазушылар қол қойған хат түседі. Онда батыр Баянның есімімен Булаев қаласын атап, Қызылжарда бір көшенің атауын беру сұралады. Өкінішке қарай, бұл өтініш қанағаттандырылмады. Оған Қ.Нағманов мырзаның осы тұста басқа қызметке ауысып кеткені де себеп болған секілді.

Қазір елді мекендердің атауын өзгерту қиын мәселеге айналып кетті. Ол, әрине, дұрыс та шығар. Бірақ кезінде елді мекендерге беріліп кеткен қиғаш атауларды түзетудің несі айып?

Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы Булаев қаласының атауын көпшілік соңындағы «ев» жұрнағына қарап, орыс адамының тегі деп қалады. Шындығында олай емес. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы материалдарға қарасақ, «Булаев» деген сөз қазақтың «Былай, былай» деген бұйрық райлы етістігінен алынған секілді. Өткен ғасырдың басында осы жерді басып темір жол тартылған. Ал, осы жолдан өтетін кеспе жолды бір қазақ күзеткен. Ұзамай оның үйшігінің маңына қазақтар қоныс салған. Темір жолға жақындаған мал немесе балашағаны әлгі күзетші қазақ: «әй, былай, былай (кет)» деп қуатын көрінеді. Содан орыстар ол жерді «Булай» деп атап кеткен ғой. Мұрағат қызметкері М.Мелехин «Булай» деген сол қазақтың есімі болса керек деген болжам айтады. Бірақ «Бұлай» деген қазақта есім болмайтынын біз білеміз ғой...

Кейін осы жерге салынған стансаны келімсектер «Булаево» деп атаған. Сөйтіп, өз жұрнақтарын жалғап, бұрып алғаннан кейін орыс атауы пайда болып шыға келген.

Міне, осылайша бұрыс атауды дұрыс атауға өзгертсе, несі айып?

Баян бабамыздың есімін құрметтеуде әзірге Алматы қаласының бұрынғы әкімі В.Храпуновтан асқан ешкім жоқ сияқты. Ол Алматыдағы бір көшеге батырдың есімін бергізіпті. Ал туған жеріндегі жағдай жоғарыдағыдай. Алдағы уақытта бұл мәселе оң шешімін табар деген үміттеміз. Баяндай батырларымыз соншалықты көп емес қой.

Қайролла Мұқанов, өлкетанушы

## БАЯН БАТЫР

(«Қызылжар нұры» 2007ж.)

Бүкіл өмірін қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагер батырлардың бірі Батыр Баян Қасаболатұлы тарихи деректерде, әдеби шығармаларда орнықты орын алған атақты тұлға. Ол өзінің асқан батырлығымен, тапқырлығымен әйгілі Абылай ханның құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарындағы ерен ерлігі үшін Батыр Баян атанған. Баян батыр есімі қазақ қауымына Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы арқылы кеңінен таныс. Алайда, Батыр Баян жайында жазба тарихи деректер өте аз.

Дегенмен, Баян есімін оның кезінде жорықтарда бірге болған ақын-жыраулар шығармаларынан кездестіреміз. Аздаған деректер қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде де баршылық. Тарихи деректерде Батыр Баян жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырларының арасында шоқтығы биік болып көрсетіледі. Сол кездегі қазақ батырларының елдікті сақтаудағы ересен ерлігі Үмбетей мен Тәтіқара жыраулар толғауларында баяндалады. Сол толғауларда атақты Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібектер мен қатар Уақ Баян батырдың да есімі аталып отырады. Мысалы, Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту – атты ұзақ толғауында мынадай жолдар бар:

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Сары, Баян мен Сағынбай  
Қырмап па еді жауыңды,  
Қумап па еді қауымды  
Ұмыттың ба осыны, Абылай?

Шоқанның айтуынша, бірде Қытайдың қалың қолынан сескенген Абылай өз әскерін сақтап қалу үшін шегініп қашуға мәжбүр болады және бұл ісі қоластындағы еліне жаман әсер қалдырады-ау деп әрі уайымдап, әрі ренжіп, ашуланып келе жатады. Сол кезде ханның сүйікті жырауы, қатардағы жауынгер Тәтіқара қашып келе жатқан

сарбаздардың да, ханның да көңілдерін көтеру үшін мынадай өлең шығарып айтыпты:

Кебеже қарың кең құрсақ,  
Артық туған Абылай,  
Көтере көр бұл істі.  
Көп Қытайдың жылқысы  
Тұрымтайдай құнысты.  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етектен алғанда,  
Ер Абылай қорыққан жоқ  
Әншейін еңкейе бере жылысты.  
Бәсентиін Сырымбет  
Оқ жіберіп ұрысты.  
Ақыл қалмас қашқанда,  
Дегбір қалмас сасқанда.  
Баяндай ерді көрмессің

Бұрылып жауды шанышқанда! – деп Баян батырдың ерлігі мен тапқырлығын көрсеткен.

«XVIII-ғасырдағы қазақ батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде Шоқан: «Абылайдан үш жүздің батырларының ішінен көбірек ұнататыныңыз кімдер? – деп сұрағанда: Батырларымның ішінен Бәсентиіннен шыққан Малайсарыны байлығы, ерлігі және соған тән мінезін ұнатамын, ал ақылына батырлығы сай уақтағы Баян бәрінен де биік тұр», - деп жазған екен. (Ч.Ч.Валиханов. избранные произведения. Алматы. 1955, с.124).

Ал, Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихат» атты дастанның «Абылайдың Үргенішке барғаны» деген бөлімінде:

Қазыбек қаз дауысты, ер Жәнібек,  
Бөгенбай қанжығалы, қоңырат Мәмек,  
Уақтан – Сары, Баян, Қыпшақ, Шорман,  
Арғыннан - Жолай палуан, Найман -Төлек.  
Осы айтқан Орта жүздің жақсылары  
Ханның алдына кеп сонда бәрі,  
Еліне қайтпағына рұқсат алды.  
Ұзамай қосын жинап келтіргелі.  
Қыпшақ пен сол уақытта қоңырат елі,  
Сарысу, Сарқұдыққа жақын еді.  
«Алты айда бәрің сонда келесің» – деп,  
Күн кесіп Абылай хан жарлық берді.

(Абылай хан. Тарихи жырлар. Алматы, 1993, 114-ші бет).

Осы дастанның «Жорық» деген бөлімінде:

Бар еді неше қилы батырлары,  
Майданға бет-бетімен кірді бәрі.  
Әлеке, Алтынсадақ деп айтылған  
Әлібек, Найман Төлек ерлік қылған.  
Шапырашты Наурызбай, Табын Серке,  
Қаракерей Қабанбай өңкей қыран.  
Жаппастан Өтетілеу, Есет – тама,  
Бөгенбай Қанжығалы, Қантай және.  
Тарақты Көбек, уақ – Сары, Баян.  
Қоңыраттан Бәйтелі мен Жаманқара.  
Алшыннан Абай, Арғын Олжай палуан  
Жалайыр Жәтен батыр, Қыпшақ Шорман

Осындай батырлар бар мағлұмдалған. (Сонда, 132-бет).

Міне, осы екі үзінді де Абылай ханның белгілі батырларының арасында Баян батыр да үнемі көрсетіліп отыр.

Баян батыр туралы халқымыздың белгілі ақыны әрі ойшыл ғалымы Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің «Абылай хан дәуірі» деп аталатын қысқа-қысқа әңгімелерінде жазған екен. Оның айтуынша, Баян тек батыр ғана емес, сөз жүйесін табатын шешен, ой арнасын табатын ақылды кемеңгер адам болған. Мәшекең бір дастанында: әйгілі Олжабай батырмен, Бәсентиін Малайсары батырмен 1756 жылы қалмақты қойдай қырған Баян батыр дейді. Және ол (Баян) сыбызғыны сызылтып әсерлі ойнаған күйші де болған екен. Мысалы: Қорқыттың «Ақсақ құлан – Жошы хан», ««Боз інген», «Суға кетті ер Қотан», «Жеті қыз», т.б. күйлерінің майын тамызып орындаған деседі, - дейді Мәшекең.

Тағы бір әңгімесінде ол:

«Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барак, Балта Керей Тұрсынбай, Тарақты Байқозы, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай, Уақ Сары, Баян... Бұл айтылған батырлардың бәрі де Ербекейше бұзау жарып батыр атанған емес, жалғыз жүріп қалмақтың қамалын бұзған батырлар», - дейді. («Абылай хан». Тарихи жырлар. Алматы, 1993, 315 бет).

Соғыс жылдарында фашистік Германияда тұтқында болған қазақ ақыны Мәжит Айтбаев сондағы Милли Түркістан комитеті жанындағы әдеби ғылыми бөлімде істеп жүріп, «Хан Абылай» атты дастан жазып, 1943 жылы шығарған екен. Осы дастанда да Баян аты аталады:

Сол шақта, керемет бір жаз таңында,  
Абылай батырларын алды жиып.  
Хан орда мекен еткен Шыңғыс тауын  
Қаптайды өңкей батыр айтып бауын.  
Жиналды ел ұлдары, ел қорғаны  
Жоймаққа ел шетіне келген жауын.  
Ойқастап Қанжығалы Бөгенбай жүр,  
Бой тастап Қаракесек Қазыбек тұр.  
Бір өзі мыңға тектес ер Баянның  
Ойнауда бойында күш көзінде нұр.  
Сырғалы Елшібек жүр тіктеп көзін,  
Балталы Оразымбет етпей төзім.  
Бәрі де батырлардың ынтығуда  
Тыңдауға Абылайдың айтқан сөзін.

(«Абылай хан». Тарихи жырлар. Алматы, 1993, 264-бет).

Баян батырдың ерлігі, батырлығы, қол бастаған белгілі сардар екендігі туралы қазақ жазушыларының тарихи шығармаларында да айтылады. Оған дәлел Ілияс Есенберлиннің «Жалаңтөс», Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романдары.

Ілияс Есенберлиннің аталған кітабында Баян батырдың қазақ елінің жауларымен болған бірнеше шайқастағы ерлігі көрсетілген. Бірде, Сәмеке

ханның тұсында қалмақ ханы Сыбан Рабтан мен соғыста қоршауда қалған Сәмекеңнің әскерін өзінің үш мың жауынгерімен келіп қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап қоршаудан шығарып алады.

Қытай империясы 1755 жылы Жонғарияны жаулап алғаннан кейін қазақ жеріне көз тігеді. Бір-екі рет қазақ жеріне кіре бастаған қытайлықтарды Абылайдың жауынгерлері кейін қайтарып тастайды. Енді Қытай императоры Цзын-Лун 90 мың адамнан тұратын әскер дайындап жатқаны белгілі болады. Абылай жаз ортасы болмай үш жүзге ұран салып, бар әйгілі батырларын жинап, Көкше теңіз (Балқаш) түбінен күншығысқа қарай қалың қолмен (30 мың сарбаз) жорыққа аттанады. Ілемен жоғары көтеріліп құмырсқадай қаптап келе жатқан Чжао Хой мен Фу Де әскеріне қарсы жүрген Абылай осы жорықта қазақтың үш жүзінің басын біріктіруді ойлады. Ол ойы іске асты. Қытайдан қорыққан қазақ руларының басы бірігуге айналды, - дейді автор кітабында.

Алайда, қытайлықтардың келе жатқан әскері Абылай қолынан үш есе басым еді. Осыны ойлаған Абылай барлық мыңбасы батырларын жинап кеңес құрып, сарбаздарын аман сақтап қалу үшін қытай әскерімен ірі соғысқа бармай, Көк теңізге дейін шегінуге шешім шығарады. Тек бір батыр өз әскерімен қалқан болып қалсын дейді. «Кім қалады?» – дегенде, Баян Батыр: «Әскер соңында



қалуға мен бармын», - дейді. Беттерін Іленің төменгі жағасына бұрған Абылай бастаған қалың әскерді арт жағынан қорғап, өзінің таңдаулы мың атты қолымен Баян Батыр қалды. Бұлар бос жатқан жұрттың әр жерінен от жағып, негізгі әскердің шегінгенін жауға сездірмеу үшін алдамшы көрініс жасайды.

Абылай бастаған негізгі қосын күн шыға жаңбыр басылысымен буырқана ақ көбік атып, долдана тасыған өзенге кеп тірелді. Тасыған өзеннің түрі адам шошырлық. Алдарында өткел бермес долы өзең арттарында қытайдың қалың әскері, жұрт дағдарып қалды. Осы кезде мың жауынгерімен Батыр Баян келіп қосылды.

Бұлар таң ата Қытай шебіне тиіпті. Бұлардың аз екенін біліп қалған Чжан Хойдың атты әскері қарсы шауыпты. Әйтеуір жер жағдайын жақсы білетін қазақ жігіттері, жұбын жазбай ұрыса шегініп құтылып кетіпті. Сөйтіп, қазақтардың қашқаны қытайлықтарға мәлім болып қалыпты. Енді бұларды қытайдың көп әскері қайта қууы мүмкін. Қауіп әр сағат сайын күшейе берді. Оның үстіне өзеннің тасуы бұрынғыдан да күшейе түсті. Жұрт бұл араны «Күркүреуік» деп бекер айтпаған екен. Қалың қол тасыған өзен мен жау әскерінің арасында қалып, қатты қысылды. Міне, осы кезде Тәтіқара ақын алға суырылып шығып, домбырасын безектете саңқылдап қоя берді:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шақшақұлы болатын найза.  
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда  
Ер жігіттің ерлігі осындайда.  
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,  
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы.  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт уақтағы.  
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,  
Жігіттік ерлікте айтсаң Бөгенбайды айт.  
Найзасының ұшына жау мінгізген

Еменалы Керейде ер Жабайды айт! – деп батырлардың аруағын қозғап, өзенге түсіндер деп ұран тастады. Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірген. Аты аталған батырлар тасып жатқан өзенге түсуге ыңғайлана бастады. Бәрінен бұрын үстіндегі ауыр киімін де шешпестен, долы ағынға бірінші боп батыр Баян қойып кетті. Батыр Баянмен ілесе аты аталған батырлар суға түсе бастады. Оларға өзге жігіттер де қосылды. Бұлар бергі бетке шығып, үстеріндегі киімдерін кептіріп жатқан кезде, Күркүреуіктің арғы бетінде Чжао Хойдың атты әскерінің барлаушылары да көрініп қалды. «Өзеннің бергі бетіне жаудың бірде-бірі шығушы болмасын», - деп Абылай тағы да батыр Баянды мың жігітімен қалдырып, өзі қалың қолмен алға қарай жүріп кетті. Бірақ бұлардың соңынан сол күні де, келесі күні де ешкім қуып келмеді. Қытай әскері қазақ жеріне өтісімен Шыңжандағы қазақ,

ұйғыр көтеріліске шыққан. Енді сол көтерілісті басу үшін қытай әскері кейін шегінген. Сөйтіп, қазақ даласы бұл жолы да қытай басқыншыларының қаһарынан аман қалды.

Бір жұмадай жауды күтіп, тынығып қалған батыр Баян жасағы бір күні түнде Күркүреуіктен өтіп Қытай шебіне қарай беттеді. Қытай әскерлері он мыңнан астам. Батыр Баян қолы мыңнан аз. Дегенмен батыр тәуекелге бел буды, - ойламаған жерден тиген қолдың бірі жүзге татиды, оған тыныш жатқан елін шапқан қытай басқыншыларына деген қазақ жауынгерлерінің жүрегінде ашу-кегін қос. Тәуекел!

Батыр Баян сол күні түн ортасы ауа, қытай әскерлері тегіс ұйқыға кеткен кезде жауын шаппақ болды. Алдарында бір шақырым жерде жау жатыр. – Уа, аруақ! Ақжол ата! – деп Баян тыпыршып тұрған тұлпар көгіне қамшы басты. – Абылай! – Қарақожа! – Қабанбай! – деп ұрандасқан жігіттер ұйықтап жатқан жау үстінен жөңкілтіп келіп қалды. Түнде шапқан жау қандай қорқынышты, үстеріне қазақ жігіттері жетіп келгенде, қытай сыпайлары не істерін білмей қостарынан шыға беттері ауған жаққа қашты. Қытай әскерлерінің бір мыңға жуығы қаза тапты. Қытай қолбасшылары әскерін тәртіпке келтіріп үлгергенше, қазақ жігіттері көзден ғайып болды. Кешікпей бозарып таң да атты. Жау қостарынан үш шақырымдай бүйірдегі қамысты тоғай арасына кіріп үлгерген

Баян жасағы шығындарын есептеп еді, қолға түскені, жараланғаны, қаза болғаны бар үш жүздей жауынгер жоқ боп шықты. Батыр Баянның түсі қашып кетті. Енді Іле өзенінің арғы бетіне шығып, кейін қайтпақшы боп тұрған қолға кенет ол: «Жау қолына серіктерімізді тастап кеткеніміз жөн болмас. Өлсе өлігін, өлмесе жаралысын алып шығуымыз керек. Қытай қостарын шабамыз!» – деді. Алғашында кейбір жауынгерлер: аттар да, өзіміз де шаршап қалдық, - деп уәж айтып еді, кейін барлығы да батырдың соңынан еретінін білдірді. Жасақ қытай қостарына бір шақырымдай қалғанша аяндап келді де, тізгінді қоя берді. Жер бетін ұран жауып кетті. Батыр Баян бастап қарсы келген сыпайларды жайпай алға ұмтылды. Бұл жолы қытай сыпайлары білте мылтықтарымен қазақ жігіттерін көздеп атып қарсылық көрсетті. Ұрыс күн көтерілгенше созылды. Баян батыр өзіне қарсы келіп қалған қытайдың бір сыпайын қайқы бел қара алдаспанымен қақ бөліп түсті. Сол сәтте қолтығының астынан ұп-ұзын сүйір ұшты көк найза қадалды. Көк найзаны қытай сыпайы тағы бір ырғағанда өкпе тұсынан өткендей болды. Батыр Баян ат үстінен сырғып жерге құлай берді. Мұны көрген жауынгерлерінің бірі сыпайды алдаспанымен сермеп қалпақтай түсірді, басқалары батырды көтеріп алып, жау қоршауын бұзып өтті. Сөйтіп, «батыр бір оқтық» дегендей, талай шайқаста «жауларын қойдай қырған» Батыр Баян

1759 жылы ауыр жараланды. Сол кезде Қарқаралы жақта шартарапқа аты шыққан Еруәлі деген емші болған екен. Батырды сарбаздары найзаға салып, майдан шебінен Қарқаралы өңіріне қарай жолға шығады. Бірақ емшіге жетпей Баян батыр көз жұмады. Оның жерленген жері Шекшек (Қаракесек) бейітінде, Қарқаралыдағы бұрынғы Нүркен Әбдіров кеңшары маңында деген пікірге көпшілік ден қойған сияқты. (І.Есенберлин. Жанталас. Роман. Алматы. 1976, 264-267 беттер).

Баян батыр туралы айтқанда қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасына тоқталмай өте алмайсың. Аты аңызға айналған батырдың ең жарқын бейнесін (образын) Мағжан ақын өзінің осы поэмасында жасаған. Бұл поэманы жазғанда ақын Шоқан Уәлихановтың Баян батыр туралы жазғандарын пайдалана отырып, поэмасына Баянның немере інісі (Сары батырдың баласы) Ноян мен тұтқынға түскен қалмақ қызы Құралайдың мөлдір махабаты туралы сюжет енгізеді.

Поэма сюжеті екі арнада дамиды. Бірі – Абылай хан, оның айналасындағы батырлар, олардың қалмақ шапқыншыларына қарсы бүкілхалықтық күреске қатысуы. Екінші арна – батыр Баянның қалмақ елін шауып, жас қызды қолға түсіруі, оған ғашық болуы. Бірақ жас сұлу Баянның немере інісі Ноянмен көңіл қосады. Екі жас жарастық табады да, бір түнде қыздың еліне тартады. Бір жағынан қызғаныш сезімі өртеп,

екінші жағынан інісінің тұтқын қызбен жау еліне кеткеніне намыстан күйген батыр Баянның басындағы психологиялық күйзелісті, қым-қуат құбылысты ақын ел намыс, махаббат, туыстық сезімі және қызғаныш сияқты шытырман әуездермен астастыра шебер бейнелеген. Інісінің қызға еріп жау еліне кеткенін Отанын сатқандық деп түсінген батыр ағасы Сары батырдың (Ноянның әкесі) тапсыруымен оларды қуа жөнеледі. Оларға Жолдыөзек деген жерде (қазіргі Аққайың ауданының аумағында) қуып жеткен батыр ашу үстінде екеуін де атып өлтіреді. Автор батырдың бұдан кейінгі психологиялық күйзелісін шынайы көрсетеді. Олардың денесін жерлегеннен кейін ғана қатты қиналған қалпында ханның батырларын жинаған жеріне кешігіп келеді.

Ал поэманың бірінші желісіне орай, ханның шақыруымен Бурабайға жиналған батырлар жауға қарсы жүрудің себебін білуге Абылай ханға белгілі шешен Қанай биді жібереді. Автордың тілімен айтсақ:

Бәрі де ел қорғаған – батыр, билер,  
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:  
«Жүрелік, жау басынар деген сөзбен  
Салады Қанай биді Абылайға.

Қанай би мен Абылайдың сұхбатын автор былай өрбітеді:

Би Қанай «Бұ қалай?» – деп бастағанда  
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,  
Амал не келген жоқ қой батыр Баян.  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның ардақты құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян.  
Наркескен, өрттей өскен, қайтпас болат  
Баянсыз, қанатымды қалай жаям?  
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай  
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!

Поэмадағы ерекше шабытпен жырланған эпизод Баянның қалмақтармен соңғы айқасы. Алапат атыс-шабыс суреті, батырдың сол айқастағы қимылы, көз жұмар сәтіндегі Ноян мен тұтқын қызды есіне түсіруін бейнелейтін жолдар ешкімді бейжай қалдырмайды. Осындай жан алысып, жан беріскен алапат айқаста Баян бастаған жүз кісіден құралған шағын жасақтың қалмақтың мыңдаған жауынгерлерімен ерлік шайқасын ақын былай суреттейді:

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,  
Көк аспан қара түнек шаңға толды.  
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,  
Қанішер қайқы қара қанға тойды.  
Қалың қол ортасында Батыр Баян,  
Баянның батырлығы Алашқа аян.  
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен.  
Аузында көбік болып бұрқырап қан.  
Оң-солға алдаспанды сілтегенде

Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.

Бірақ екі жақтың күші бірдей емес еді. Осы шайқаста Батыр Баян өзінің жүз жауынгерімен ерлікпен қаза табады. Ақын «Батыр Баян» поэмасын мынадай есте қаларлық жолдармен аяқтайды:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса ел, жел ұмытпас,  
Ел үшін жанын кешіп, жауды қуған  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.  
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жатқан  
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.  
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы өзі ақталғаннан кейін ғана қазіргі оқырмандарының қолына тиді. Содан бері талай оқырман ақынның поэмасымен, басқа да тамаша шығармаларымен танысты. Оның поэзиясымен сусындаған халық ақынды мәңгі есте қалдыру үшін көптеген игі шаралар жасады. Қызылжар қаласының ең бір жақсы көшесі оның есімімен аталады, осы көшеде Мағжан алаңы бар. Сол алаңға ақынның мәрмәр ескерткіші орнатылды. Бір кезде өзі сабақ берген педагогикалық техникумға (қазір колледж) оның есімі берілді. Өзі аз уақыт тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Бұрынғы



Булаев ауданы Мағжан Жұмабаев ауданы деп аталды. Сол аудан орталығында ақынның мүсіні қойылды. Өзінің туған елі Сартомар ауылында ақын мұражайы ашылды. Өткен жылы облыс әкімі Т.А.Мансұровтың бастауымен Мағжанның бірнеше кітабі Мәскеуде және Қызылжарда басылып шықты.

Мағжан жырлаған Баян батыр да ескерусіз қалған жоқ. Булаев қаласындағы бір мектепке батыр аты берілді. Өткен жылғы қыркүйек айында сол мектептің алдында облыс басшысы Баян батырдың ескерткіш мүсінін ашып берді. 1993 жылы Мағжанның поэмасының желісімен «Батыр Баян» атты көркем фильм шықты (режиссері С.Тәуекелов). Мұндай ел қорғау жолында жан аямай күрескен, еліміздің тәуелсіздігі үшін шаһит болған батыр жерлесімізге бұдан басқа да құрмет көрсетілсе артық емес. Өткен 2006 жылдың жазында қалалық ономастикалық комиссия қаладағы Пархоменко көшесіне Баян батырдың есімін беруге келісіп, қалалық мәслихатқа өз ұсынысын тапсырған еді. Оған да 9 айдай уақыт болды, бірақ әлі ешқандай дыбыс жоқ. Әлде мәслихат депутаттары осы күнге дейін Батыр Баянның кім екенін білмей ме? Немесе батырға бір көшенің атын беруге қимай ма? Біздіңше қаланың бір көшесін Батыр Баян есімімен атау қазіргі және келешек ұрпаққа жақсы үлгі болып, олардың патриоттық сезімін көтеруге септігін тигізер еді.

НАРКЕСКЕН, ӨРТТЕЙ ЕСКЕН,  
ҚАЙТПАС БОЛАТ

(«Егемен Қазақстан». 2006ж.)

Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай сияқты дарабоздармен тізе қосып, жоңғарларға атой салған, Абылай ханның өжет батырларының бірі болған ерен ер Батыр Баян жайлы көпшілік бүгінде Мағжан жырлары арқылы жақсы таныс. Белгілі кинорежиссер С.Тәукелов ақынның «Батыр Баян» поэмасының желісі бойынша түсірген көркем фильмі кезінде жақсы қабылданғаны белгілі. Асқан ерлігін Тәтіқара жырау:

«Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын

Сары менен Баянды айт Уақтағы»,

- деп сипаттаса, Мағжан:

Наркескен, өрттей ескен қайтпас болат,

Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,

Келмесе қандыбалақ батыр Баян», - деп жырлап, «оңды-солды алдаспанын сілтеп, бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан» жаужүректің ерлігіне бас иеді.

Алайда, елін, жерін жаудан қорғап, атқа қонған арыстарымызды ұлықтауға, қазіргі ұрпаққа жеткізуге келгенде жергілікті билік орындарының тартыншақтай беретіні түсініксіз еді. Батырдың

алтыншы ұрпағы Зейнолла қажы Олжабаев, тағы басқа қамқоршылардың қайта-қайта мәселе қоюмен Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның орталығы – Булаево қаласындағы мектепке есімі берілгені болмаса, өзге қошемет жасалмады. Қарағанды кеңшарына атын беру туралы ұсыныс қолдау таппады. Зекең қанша індете қуғанымен, қолынан бар келгені батыр Баянның арғы аталары Уақ-Шоға жайлы шежіре жазумен ғана шектелді. Жағдай осылай тығырыққа тірелгенде бір топ ақсақал былтыр облыс әкімі Т.Мансұровқа өтініш жасады. Тайыр Аймұхаметұлы орынды ұсынысты бірден демеп, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жергілікті шарасына енгізді. Бюджеттен қаржы бөлгізді. Петропавлдағы Қарасай-Ағынтай батырлардың, саяси қуғын-сүргін құрбандары ескерткіштерінің авторы, сәулетші Хасен Абаевқа батыр Баянның мүсінін жасауға қолқа салды.

Батырдың ұрпақтары жуырда өшкені жанып, өлгені тірілгендей қуанышқа бөленді. Булаеводағы батыр Баян атындағы мектеп алдына жаужүрек ердің еңселі мүсіні орнатылды. Оның ашылуына облыс басшысы Т.Мансұров қатысып, батырлығын Абылай ханның өзі жоғары бағалаған баба рухы өшпейтінін, қамқорлық пен құрметтің жалғаса беретінін жеткізді. Оның асқан өжеттігі жайлы аз жазылған жоқ. Шоқан да ерекше атап өткен. Осындай арыстарымызды қадірлеу арқылы өскелең

ұрпақ бойына отаншылдық сезімдерді дарыту асыл парызымыз болып қала береді деді ол.

Облыс әкімдігінің тапсырмасын аудан әкімі Ержан Айнабеков тап-тұйнақтай атқарып, Алматыда жасалған ескерткішті батырдың туған жеріне дер кезінде жеткізді. Дәл осы күні 120 орынға лайықталған «Балдәурен» балабақшасының тұсаукесері өтіп, қазақ тілін оқып-үйренуді мақсат еткен өзге ұлттың бүлдіршіндері де есік ашты.

Дегенмен, көптен бері айтылса да, түпкілікті шешімін таппаған мәселелердің бірі – Петропавл қаласындағы көшелердің біріне батырдың есімін беру. Жұртшылық ұсынысы ономастика комиссиясында тиянақталғанымен, мәслихат депутаттары екі жылдан бері созып келеді. Деректерге қарағанда, бабамыздың бейіті Қарағанды облысында жатқан көрінеді. Оның басына белгі қою, құлпытас орнату – ұрпақтарының арманы. Шын ниет етсе, түйіні тарқатылар бұл шаруалар жергілікті билік басшылары тарапынан қолдау табарына сенімдіміз.

## ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ СОҒЫСЫ

Екі жүз жылға созылған қазақ-қалмақ соғысының тарихын білмей, бұл соғыстағы қазақ батырларының жанқиярлық ерліктерін жазу қиын және де қандай ғана тарихы тұлға болмасын оның өмір сүрген заманы тұрғысынан бағалануы керек екені ескеріліп қазақ-қалмақ соғысына арнайы тоқталдық.

Бұл соғысты екі жүз жылға созылды десек те соғыс ұзақ жылдар үзіліспен жүргізілді. Араға 5-6 жыл, кей уақытта араға 10-16 жылдан кейін жалғасты. Мысалы, жоңғар хандығымен соңғы соғыс 1754-1755 жылдары болса, Еділ қалмақтарымен соғыс 1771 жылы 16 жылдан кейін болды, бұл соғыс тарихта “Шаңды жорық” деп аталған қалмақтармен болған соңғы соғыс болды.

Екі халық көп жыл соғыса жүре, бір-бірімен достық қарым-қатынас жасаған уақыттары да болған. Қазақ хан-сұлтандары мен батырлардың қалмақ қыздарын әйелдікке алу салты да болды. Орта жүздің сұлтаны Абылай мен Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың бір-бір әйелі қалмақ қызы болған.

Абылай сұлтанның қалмақтармен соғыса жүре қалмақ нояндары Әмірсана мен Давадиді (Давашы) қазақ жеріне паналатып, Жоңғар хандығын сақтап қалу үшін Қытайдың Цин империясымен соғысқанына да тарих куә.

“Жоңғар” деген сөз 12 ғасырда Шыңғыс хан әскерінің сол жақ қанаты деген ұғымнан шыққан. Шыңғыс хан империясы тарап кеткеннен кейін де бұл атақ сақталып, Жоңғар хандығының негізін салған төрт тайпа – шорос, хошоут, дурвэд, хойттар жоңғарлар деп аталып, 17 ғасырдың 30 жылдарында Жоңғар хандығын құрды. Жоңғар хандығына кірмей қалған монғолдардың бір тайпасы – торғауыттар еді. Билік үшін тартыста жеңіліске ұшыраған Торғауыт тайпасының көсемі Хоо-Орлог өз қоластындағыларды ертіп, 1607-08 жылдары Тарбағатайдағы қоныстарынан қазақ жерін басып өтіп Еділ-Жайық, Жем, Елек, Ырғыз, Үлкен және Кіші өзен, Самар өзендерінің бойларында тұрақтап қалды.

Хоо-Орлогтың қол астында торғауыттардың 50 мың отбасысы, 250 мың адамы болды. Хоо-Орлогтың соңынан Алтай жерінен Хондлок-Уваш басқарған үш мың отбасысы көшіп келді. Бұлар осы жерде, (Еділ өзені бойында) 17 ғасырдың 60 жылдары Ресей боданындағы Қалмақ хандығын құрды. Осы Қалмақ хандығының негізін Дайшын тайшы мен оның мирасқоры Моншақ (Пучнук) қалаған. Осы уақыттан бастап Еділ бойына қоныс аударған ойраттардың Торғауыт тайпасы “қалмақтар” деп аталып, кейін жоңғар хандығының балама атауы болып кетті. “Қалмақ” деген сөз ойрат тілінде “өз жерінен ауып, қалып қойған” деген ұғымды білдіреді. Қалмақ ғалымы Хара-

Даван: “Біз де атажұртымыздан ауған “казакпыз”. Ежелден бері казачество құрамында болуымыз сондықтан” деп жазған. (В.А. Мойсеев “Джунгарское ханство и казахи ХУП-ХУІІІ вв.” 35 стр).

Ресей мемлекетінің оңтүстік-шығыс шекарасын қорғаған Қалмақ хандығы Ресейдің қолшоқпары болды. Ислам мемлекеттері Қазақ, Башқұрт, Татар елдеріне, Дон, Запорожье казактарына шабуыл жасап отырды. Әсіресе, қазақтарға тоқтаусыз шабуыл жасады.

Қазақтың көптеген батырлық эпостары “Ер Көкше”, “Ер Қосай”, “Ер Тарғын” тағы басқалары осы тарғауыт-қалмақтармен болған соғыстан алынған.

Еділ қалмақтарына бірінші рет Есім ханның тұсында Орта жүзден шыққан Дәулен батыр (Қожаберген жыраудың атасы) қолы қатты соққы береді. Алайда, Еділ қалмақтары батыс Қазақстан жеріне үнемі қауіп төндіріп отырды. Жоңғар хандығымен бірігіп 1699 және 1708 жылдары қазақ жеріне шабуыл жасап қатты шығынға ұшыратты. Ресей қоластындағы Қалмақ хандығы 1771 жылға дейін өмір сүрді. (Кеңес үкіметі кезінде құрылған Қалмақ АССР-ы осы Қалмақ хандығы жерінде құрылған болатын.) Тарбағатай жерінде 1640 жылдары құрылған Жоңғар хандығы да қазақ жеріне шығыстан қауіп төндіріп отырды.

Жоңғар хандығының қазақ жеріне жасаған жойқын шабуылының бірі 1698-1699 жылдары Тәуке ханның тұсында болды. Қазақ жерін қатты

шығынға ұшыратып, малдарын айдап кетті. Тәуке ханның бір баласын тұтқынға алды. Тәуке хан тұтқынға түскен баласын қайтаруды талап етті. Баласын қайтармақшы болып еріп келген 500 жоңғар жауынгерін Тәуке хан өлтіруге жарлық береді. Бұған қатты ашуланған Жоңғар ханы Цеван-Рабдан қазақ жеріне келесі жорыққа дайындалады. Бұл жорық 1708 жылы болып, қазақ жеріне зор шығын келтіреді.

1710 жылы Қарақұм деген жерде қазақтардың үш жүзінің бастары қосылған жиында жоңғарларға қарсы қазақ жасағы құрылады. Осы жиында қазақ қолының бас сардары Қожаберген батыр-жырау Толыбай сыншыұлы өзінің өтініші бойынша сардарлық орынды Бөгенбайға береді. Өйткені, бұл уақытта Қожаберген батыр-жыраудың жасы келіп қалған еді. Бөгенбай батыр бастаған халық жасағының қолы Жоңғарлармен 1718 жылы Аягөз жерінде соғысып, жеңіске жетті. Жалпы қазақтар Қарақұм съезінен кейінгі 1711-1722 жылдар арасында жоңғарларды жеңіп отырды. Өйткені, ойраттар бұл уақыт аралығында екі майданда соғысты. Басты күшті Қытайдың Цин империясына қарсы жұмсады.

1722 жылы Цин императоры Канейдің өлімінен кейін жоңғарлардың Қытаймен соғысы тоқтатылып, басты күшті қазақ хандығына салды. 1723 жылдың көктемінде Жоңғар ханы Севан Рабданның жүз мың адамдық жасағын басқарған



оның балалары Қалден Серен мен Шона қазақ ауылдарына басып кіріп, ойран салды. Қазақ жерін қанға бөктірді, малдарын айдап, байлықтарын тонады. Бұл тарихта “Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” деген атпен қалған ел басына күн туған ауыр кезең еді. Қожаберген батыр-жыраудың “Елім-ай...” дастаны осы кезең уақиғасына арналып жазылған. Дастанның мынадай шумақтары ел аузында жиі айтылып жүр.

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртынан айрылған жаман екен  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман қай заман? Бағы заман  
Баяғыдай болсайшы тағы заман.  
Атадан ұл, енеден қыз айрылды,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын

Мына заман қай заман? Қысқа заман,  
Бақыт құсы алаштан ұшқан заман  
Көк аспаннан топырақ пен шаң болады.  
Күні суық қаңтардан, қыстан жаман.

Қош аман бол, Қаратау, атам өлкем.  
Төрт түлік пен ел екен жердің көркі.  
Бақ, байлықпен даңқты алаш ұлы.  
Қайсы жұрттың болар-ау келекесі.

1726 жылы Ордабасында Болат хан үш жүз қазақтарының жиынын өткізіп, Әбілқайырды әскер басы етіп сайлайды. Осы жылы Бұланты өзені бойында болған соғыста қазақ қолы үлкен жеңіске жетеді. Бұл соғыс тарихта “қалмақ қырылған” деген атпен қалады. Халықтың жеңіске деген сенімін арттырады. Бұл соғыста қазақ қолының жеңіске жетуінің бір себебі, қалмақ ханы ордасындағы талас. 1727 жылы Жоңғар ханы Цеван-Рабдан белгісіз себептен кенеттен қайтыс болады. Орнына үлкен талас, жанжалдан кейін Галден-Цэрен болды. 1727-1730 жылдар арасындағы Галден-Церенмен болған соғыстарда қазақ қолы жеңіске жетіп отырды. Әсіресе, 1729 жылы Балхаш көлінен 120 шақырым “Аңырақай” деген жерде “Ит ішпес Алакөл” жанындағы соғыста қазақ қолы үлкен жеңіске ие болды. Бұл соғысқа Ұлы жүзден 10 мың, Орта жүзден 15 мың, Кіші жүзден 10 мың жауынгер қатысты. Үш жүз жасақтарының қолын бас қолбасшы Әбілқайыр басқарды. Қалмақ жағының қару-жарағы басым еді. Қалмақтар Ресейден сатып алынған әр түрлі қашықтыққа атқылайтын зеңбіректерді пайдаланды. Қазақтар бұл кезде зеңбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгерген еді. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндіктерін байқатты. “Ай қараланды”, “Құйрық жеу”, “Ашамай”, т.б. қазақтың байырғы ұрыс тәсілдерін кеңінен қолданды. Көптеген деректерде 17-20

жасар Әбілмансұрдың (Абылайдың) жауға “Абылайлап” шапқаны осы шайқас деп көрсетіледі.

«Ит ішпестің Алакөлі» маңындағы соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Бірақ қазақтар бұл жеңісті одан әрі дамыта алмады. Оған шайқастың соңғы жағында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ үшін талас кедергі келтірді. Көпшілік Болат ханның баласы жас Әбілмәмбетті қолдады. Бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің қолын Ырғыз арқылы батысқа алып кетті. Бірақ Аңырақай шайқасындағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Бұл жеңіс көршілеріне қазақ хандығының қуатты ел екендігін паш етіп, Орта Азиядағы саяси ахуалды күрт өзгертті. Аңырақай шайқасын қазақ тарихшылары орыстардың Бородин даласындағы, Ұлы Отан соғысындағы, Сталинград түбіндегі жеңістермен қатар бағалады.

Жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған соңғы ірі шапқыншылығының бірі 1739-1741 жылдар арасында болды. Бұл соғыс Орта жүз қазақтарын тез арада жаулап алу үшін болған соғыс еді. Өйткені, бұл уақытта Ұлы жүз қазақтары тұтастай жоңғарлардың қолында, Кіші жүз Хива хандығымен соғысып жатты. Ойраттар Орта жүзге қарсы қолбасшы Сары Манжан 30-35 мың қолымен

1739 жылы шабуылын бастады. Жоңғарлардың Орта жүз жерін жаулап алу қаупі туды. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан амалсыздан Ресей мемлекетінің бодандығын қабылдауға тура келді.

“Церемония подписания акта о принятии казахами Среднего жуза российского подданства, состоявшаяся 28 августа 1740 г., была пышно и торжественно обставлена, был парад войск с артиллерийскими залпами. Перед собравшимися были зачитаны заранее подготовленные тексты речей хана Абулмамбета и султана Абылая. В тот день документы о принятии Российского подданства подписали 128 старшин Среднего жуза”, - деп жазды тарих ғылымының докторы Қадыржан Абуев (“Хан Абылай и его время”).

1741 жылдың февраль айында Жоңғарлардың әскер басшысы Септенъ және Галден Цэреннің үлкен Лама Доржи бастаған Орта жүзге жорығы май айында аяқталды. Жоңғар ханы бұл соғысты тоқтатқаны үшін екі түрлі талап қойды. Біріншісі – Жоңғар хандығына кепілдікке Барақ сұлтанның не болмаса, Жәнібек батырдың баласын кепілдікке берсін. Екіншісі – қазақ жерінде жүрген башқұрттың Россияға қарсы көтеріліс басшысы Қарасақалды ұстап беруін талап етті. Қазақ жағы бірінші талабын орындағанмен екінші талабын “Қарасақал қазақ жерінде жоқ” деп орындамады.

Орта жүз жерін жоңғарлардан сақтап қалу үшін старшындардың Ресей мемлекетіне тәуелді екендіктерін мойындағандықтан және 1741-1743 жылдар арасында Абылайдың жоңғар тұтқынында болғандықтан қазақ-жоңғар арасындағы саяси жағдай тұрақтанып, 1752 жылға дейін ұсақ қақтығыстар болмаса, ірі соғыс болмады.

Бұл аралықта қазақ-қалмақ соғысының тоқталуына басқа да себептер болды. 1744 жылы Қоқан хандығының билеушісі Абд-ал-Кәрім би Галдан-Цэрэннің қойған адамы Айбек билеп отырған Ташкент қаласын 10 мың әскерімен жаулап алып, қала билігін қазақ биі Төле Әлібековке алып берді. Галдан-Цэрэн амалсыздан Орта жүз қазақтарына қарсы ұстап отырған әскерін Қоқан хандығымен соғысуға әкелуге мәжбүр болды. Бірақ, өзі қоқандықтармен соғыса алмай, 1745 жылдың қыркүйек айында кенеттен қайтыс болды.

Галдан-Цэрэннің үш баласы болды. Үлкен баласы Лама Доржи, ортаншы баласы Цэван-Доржи, кіші баласы Цэван Даши. Галдан-Цэрэннің өсиеті бойынша Жоңғар хандығының билігі ортаншы баласы тарихта Аджа-хан деп аталған Цэван-Доржиге беріледі. Бұл үлкен баласы Лама-Доржиге және оның жақтастарына ұнамай оппозиция құрылып, 1750 жылы Цэван-Доржи үкіметін құлатады. Билік басына Галдан-Цэрэннің үлкен баласы Лама-Доржи келеді. Бұл билік

Галдан-Цэреннің басқа ұрпақтары Даваци мен Әмірсанаға ұнамай, бұл екеуі бірігіп оппозиция құрып, Лама-Доржиге қарсы соғысады. Жоңғар хандығын билеушілердің арасындағы осы алауыздықты пайдаланған Абылай сұлтан араларына одан әрі ірткі салады. Осы жайлы А.И. Левшин былай деп жазды. “Умный и предприимчивый султан Аблай не упустил воспользоваться ссорами владельцев зюнгарских и всячески содействовал продолжению их междусобий, понимая совершенно, сколь необходимо для внешней безопасности всех орд казачьих раздробление и обессиление древних врагов их. С сею целию не только дал он Амурсане и Даваци убежище в своем ауле, но даже ходил за них сражаться.” (АВПРИ Ф.Зюнгорские дела. Оп. 113/1. 1755-1757 г.г. Д.4. Л. 316)

1752 жылдың тамыз айында Жоңғар билеушісі Лама-Доржи Абылай сұлтанға қазақ жерінде паналап жүрген Даваци мен Әмірсананы ұстап беріңдер, ұстап бермесендер қазақ жеріне жорық жасаймыз деп елшілерін жібереді. 1752 жылдың күзінде Абылай Ұлытауда бүкіл қазақтардың мәслихатын өткізіп, бұл екі жоңғар нояндарын ұстап бермеуге шешім қабылдатқызады.

Қазақ халқының әдет-салтында адамды былай қойғанда, паналап келген итті де ұстап бермейтінін айтады. Бұған қатты ашуланған Лама-Доржи 20 мың қолымен Орта жүз жеріне басып кіреді. Жоңғарлармен көрші отырған Керей-Уақ, Найман

тайпасын зор шығынға алып, малдарын айдап әкетеді. Абылай сұлтан қазақтың Баян батыр, Қожаберген батыр (Қожаберген батыр-жырау Толыбай сыншыұлы емес, Абақ Керей Қожаберген батыр), Дүйсембет батыр қолдарымен және Давацидің 200 адам ойрат отрядымен жоңғардың 20 мың әскеріне шабуыл жасайды. Абылай бұл соғыста үлкен жеңіске жетіп ойрат қолын талқандап, жоңғар хандығы жаулап алған қазақ жерін қайтарып ала бастайды. Бұл соғыстан кейін Абылай сұлтан ойрат нояндары Әмірсана мен Давацидің қолын жабдықтап, ойраттарға қарсы тағы да жорық ұйымдастырады. Нәтижесінде 1753 жылдың қыркүйек айында бұл одақ Лама-Доржиді өлтіріп, жоңғар үкіметінің басына Абылай сұлтанның одақтасы Даваци келеді. Даваци үкімет басына келгесін Абылай сұлтанға ойраттардың жаулап алған қазақ жерін қайтаруға, қазақ тұтқындарын босатуға, қазақ елімен достық жағдайда тұруға сенім білдіріп, елшілерін жібереді. Бұдан кейін бұрынғы екі одақтас Әмірсана мен Давацидің арасында жоңғар билігі үшін күрес басталады. Абылай сұлтан Әмірсана билігін қолдағанымен, ойрат нояндарының көпшілігі Давациді жақтайды. Давациден жеңілген Әмірсана Қытайдың Цин империясын паналап, Давациге қарсы соғысуға көмек сұрайды. Қазақ-ойрат соғысының барысын бақылап отырған Қытай осы кезенді пайдаланып 1755 жылдың көктем айында

90 мың әскері және Әмірсананың отрядымен Жоңғар жеріне басып кірді. Давацидің 30 мың қолы қарсы тұра алмай тез беріледі. Даваци Шығыс Түркістан жеріне қашады. Цин империясы Жоңғар хандығын құлатып, ойрат жеріне өз үстемдігін орнатады. Әмірсананың жоңғар үкіметі басына келем деген үміті ақталмағасын жоңғар жерінде Цин империясына қарсы көтеріліс ұйымдастырады. Ойрат патриоттарының көмегімен 1756 жылдың басында Әмірсана аз ғана уақыт жоңғар ханы болып жарияланады. Әмірсана Цин империясымен соғысу үшін Абылай сұлтаннан және Ресей үкіметінен көмек сұрайды. Цин империясының Жоңғар жеріне үстемдігін жақтырмаған Абылай сұлтан Әмірсанаға көмекке 10 мың қазақ қолын береді. Қытай әскеріне қарсы тұра алмаған Әмірсана 1756 жылдың басында жеңіліске ұшырап, 200-дей адамымен қазақ жеріне қашады. Қытай аса қуатты Жоңғар хандығын мүлдем құлатып, ойрат халқын этнос ретінде жер бетінен жояды.

### **Қазақ-қытай соғысы**

1756 жылы Қытай елін басқарған Цин империясы Абылай сұлтанға қазақ елін паналап жүрген Әмірсананы ұстап беруін талап етеді. Ұстап бермеген жағдайда қытай “ұлы армиясымен” қазақ жеріне шабуыл жасайтынын айтып, елшілерін



жібереді. Абылай елшілерге Әмірсананы ұстап бермейтінін хабарлайды.

Абылай сұлтан Цин империясынан қазақ еліне төніп тұрған қауіпке қарамастан неге Әмірсананы ұстап бермеді?! Бұған тарих ғылымының докторы К. Әбуев былай деп жауап береді:

“Прежде всего, видимо, по моральным соображениям, казахи издревле считали позором отказывать в убежище кому бы то ни было, если только он не совершил преступления. Во-вторых, Абылай был связан с Амурсаной клятвенной дружбой, сведения об этом имеются и в казахском фольклоре, и архивных источниках. В-третьих и, пожалуй, это было главным, Абылай хотел у восточных границ своей страны иметь ослабленную, но дружественную Джунгарию во главе с Амурсаной, нежели сильную и агрессивную Цинскую империю.” (С.К. Абуев “Хан Абылай и его время” “Елорда” Астана-2006 г. стр. - 121)

Цин империясымен соғысу үшін Абылай сұлтан Орта жүз бен Ұлы жүзден әскер жинайды. Кіші жүзден Ералы сұлтан бастаған қарулы қол келді.

1756 жылдың көктемінде Цин империясының жоңғарлармен соғыста аты шыққан маршал Цэрен басқарған “Ұлы армиясы” қазақ жеріне шабуылын бастады. Қытайдың 3-4 есе басым қолына Абылай бастаған қазақ қолы қарсы соғысты.

Қазақ жасақтары қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күші басым жаумен

жан аямай соғысты. Соғыс тактикасын шебер пайдаланған Абылай сұлтан қолы көбіне жеңіске жетіп отырды. Цин империясының Әмірсананы қолға түсіріп, қазақ жерін басып алу жоспары орындалмады.

21 қыркүйек 1757 жылы Тобыл қаласында қытайлардан жасырынып отырған Әмірсана кенеттен қайтыс болады. Бұдан кейін Жоңғар хандығын қалпына келтірудің мүмкіндігі жоғын білген Абылай сұлтан Цин Империясымен соғысты созғысы келмеді.

1757 жылдың жазында соғысушы екі жақ – қазақтар мен қытайлар бейбіт бітімге келеді.

Пекин қазақ хандығының тәуелсіз мемлекет және Абылайдың осы мемлекеттің ханы екендігін мойындайды.

## **БАЯН ҚАСАБОЛАТҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҚАЛМАҚ СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЫ**

Баян батыр екі ғасырға созылған қазақ-қалмақ соғысының қайсысына қатысып, халықтан батырлық атты қашан алды деген сұрақтың жауабы зерттеушілеріміздің назарынан тыс қалып келеді. Қолда бар аз-кем мұрағат құжаттарын, тарихи әдебиет деректерін, Қазақстан тарихының академиялық шығармаларын сараптай келе осы сұрақтың жауабын беруге болады. Осы уақытқа дейін батыр бабамыздың өмірдеректері жайлы да ала-құла жазылып жүр. Туған уақыты туралы зерттеушілер екі жылды атайды. Бір тобы 1704 жылы туды десе, енді біразы 1714 жылы туған деп жүр. Шоқан Уәлихановтың дерегі бойынша батырдың 1771 жылға Еділ қалмақтарына қарсы «Шаңды жорықта» қол бастағанын ескерсек, 1704 жылы емес 1714 жылы туған деуге толық негіз бар. Өйткені, 1704 жылы туса, 1771 жылы 67 жаста болады екен. Бұл жаста қалмақтармен соғыста қол бастап, ерлік көрсету оңай емес. Және де барлық тарихи әдебиеттерде Баян батыр Абылай дәуірінің батыры екені айтылады. Жасы да 1711 жылы туған Абылаймен шамалас болуы керек.

Баян батыр қай соғысқа қатысты деген сұраққа келер болсақ, сөз жоқ қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды» қойған 1723 жылғы және бұдан кейінгі ірі соғыс 1727-1730 жылдардағы

«Аңырақай» деп атаған соғыстарға қатысқан жоқ. Жас шамасы да келмейді. Абылайдың өзін кейбір тарихшылар «Аңырақай» соғысына қатыспаған десе, көптеген деректерде 18-20 жасар Әбілмәнсүрдің (Абылайдың) жауға «Абылайлап» шапқаны осы шайқас деп көрсетіледі.

Алдыңғы бөлімдерде жазғанымыздай бұдан кейінгі жоңғарлармен болған ірі соғыс 1738-1741 жылдары болды. Бұл уақытта Ұлы жүз тұтастай жоңғарлардың қолында болатын. Кіші жүз Хива хандығымен соғысып жатты. Осы кезеңді пайдаланған жоңғарлар тез арада орта жүз жерін жаулап алмақшы болды. Жоңғарлардың әскери қолбасшысы Сары Манжан 30-35 мың қолымен орта жүз жеріне жойқын шабуылын жасады. Жоңғарлардың орта жүз жерін жаулап алу қаупі туды.

Елді қорғап қалу үшін орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан Ресейдің бодандығын қабылдауға мәжбүр болды. Бұдан кейін үш жүздің старшындары мен билері, батырлары – барлығы 128 адам Ресей бодандығын мойындап қол қойды. (1742 г. августа 25-30 – Присяжный лист хана Абулхаира, султана Ерали, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и Большого жузов. «Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ веках» 220-222 стр).

Орта жүзден қол қойғандардың қатарында Қожаберген, Құлсары, Құлеке, Олжабай, Малайсары батырлармен бірге Баян батыр да бар. Бұған қарағанда Баян Қасаболатұлы осы соғысқа

қатысып, халықтан батырлық атақты осы соғыста алып отыр, өйткені 1730 жылдардағы «Аңырақай» соғысынан бері бұған дейін ірі соғыс болған жоқ.

Өкінішке орай, көптеген зерттеушілеріміз қазақ тарихын, оның ішінде жоңғар-қазақ соғысы туралы жазылған еңбектерінде тарихи әдебиетке, яғни жыраулар сөздеріне, ауыздан ауызға жеткен естеліктерге мән бермей, бұлардың тарихи деректік негіздеріне көңіл бөле бермейді. Оның есебіне бір кезде қазақ жерін басып өткен саудагерлердің, миссионерлердің, тыңшылардың, әртүрлі саясатпен жазылған елшілердің сөздеріне имандай сеніп, дерек көздеріне айналдырып аламыз. Тіпті, архив құжаттарының көпшілігі саясат сыясына малынып жазылатынын ескере бермейміз. Мысалы:

1773 жылғы 27 наурыз

Құлсары батырдың шекара комиссиясының бастығы генерал С.К.Станиславскийге жазған хатынан:

«1.Есіл өзенінің бойындағы елдерді аралап, жағдайды біліп келу үшін жіберген сержант Абдуков пен менің кісім екеуі қайтып келді. Ол жақтағылардың айтуы бойынша Абылайдың қарауындағы қазақтар Ресей шекарасына шабуыл жасамақ, таламақ, бекіністі шаппақ. Сақ отырғандарыңыз жөн болатын шығар...

2.Менің Сіздерге аманатқа тапсырған ұлым Құлыбекті қайтарсаңыздар екен, қатты сағынып жүрмін. Уа, ұлым менің, балам менің...»

(Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 346 бет. «Абылай хан» - Зарқын Тайшыбай.)

Абылай ханның ең сенімді старшыны Құлсарының осылай дегеніне кім сенеді. Бұдан кейін кейбір архив деректеріне қалай сенерсің?!

Жоғарыдағы осы құжаттың шындықтан қаншалықты алыс екенін, жалған саясатпен жазылғанын түсіндіріп жату артық болар. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Тарихи әдебиетте және ел аузындағы естеліктерде Баян батырдың осы аталған жоңғарлардың 1738-1741 жылдардағы орта жүз жеріне жасаған жорығына қатысқаны туралы деректер көп кездеседі. Соның бірі Мәжит Айтбаевтың «Хан Абылай» дастаны. Ақын Германия түрмесінде отырып жазған осы дастанында жоңғарлардың орта жүз жеріне жасаған қырғын соғысын баяндай келе былай деп жазады:

Хан орда мекен еткен Шыңғыс тауын,  
Қаптайды өңкей батыр айтып тауын.  
Жиналды ел ұлдары ел қорғаны  
Жоймаққа ел шетіне келген жауын.  
Ойқастап Қанжығалы Бөгенбай жүр  
Бой тастап Қаракесек Қазыбек тұр.  
Бір өзі мыңға теңдес ер Баянның  
Ойнауда бойында күш, көзінде нұр.  
Арқаның Жәнібегі маң-маң басып.  
Бәсентин Малайсары судай тасып.  
Атығай арыстаны ер Шәнеке  
Батыр ма қан майданда көрген сасып.

Сырғалы Елшібек жүр тіктеп көзін  
Балталы Оразымбет етпей төзім,  
Бәрі де батырлардың ынтығуда  
Тыңдауда Абылайдың айтар сөзін.  
Шыңғыстың жері жетпей батырларға.  
Батырлар той күніндей топырлауда.  
Күтісіп Ханға кеткен қолбасшысын.  
Тынып ап жатыр бәрі шатырларда.  
Абылай ала туы тіккен шыңға,  
Малынып көктен түскен көркем нұрға.  
Алтайдан соққан желмен желбіреп тұр,  
Бөлініп әлдеқандай тұйық сырға.

(Мәжит Айтбаев. «Хан Абылай» дастаны. Абылай хан. Алматы. Жазушы баспасы. 1993 жыл. 264 бет ).

1741 жылдың мамыр айында жоңғарлардың орта жүз жеріне Ламы Доржи бастаған жорығы тоқтатылып бітім жасалады. Бұл жөнінде тарих ғылымының докторы Қ. Әбуов былай жазды:

«Осенью 1741г. в Джунгарию прибыло казахского посольство во главе с Акчурой батыром с предложением о мире о обмане пленных. На переговорах Галден-Цэрен выдвинул следующие условия. Чтобы владетели Среднего жуза прислали в качестве аманатов (заложников) «Знатных людей детей десять человек» в том числе детей самих правителей – Абулмамбет-хана, Барак-султана и Джанибек батыра. Кроме того Галдан-Цэрен потребовал выдачи Карасакала, бывшего предводителя восстания 1740 г. в Башкирии, который скрывался в Казахстане и выдавал себя за

сводного брата Галдана-Цэрена Шуно-батыра». («Хан Абылай и его время», «Елорда», Астана-2006. 77 стр.)

Тарихи әдебиетте осы Ақшора бастап барған бітімгерлердің құрамында Қазыбек би, Олжабай, Малайсары, Баян және тағы басқа батырлар болған. Қазыбек би ел аузында көп тараған қалмақ ханы Галдан-Цэренге айтты дейтін төмендегі тарихи сөзін осы жолы айтқан дейді кейбір деректер.

- Біз қазақ деген мал баққан елміз. Бірақ ешкім соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жерімізді жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң біз көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желменен жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөн деп бітімінді айт, не тұрысатын жөніңді айт! – депті.

Нәтижесінде екі жақ соғысты тоқтату туралы бітімге қол қояды. Бұдан кейін қазақ-жоңғар арасындағы саяси жағдай тұрақтанып, 1752 жылға



дейін ұсақ қақтығыстар болмаса, ірі соғыс болмайды.

Қазақ-қалмақ соғысын зерттеген тарихшы Қ. Әбуов қалмақтардың орта жүзге жасаған бұл соғысы жайында былай деп жазды:

«В эти грозные годы большую популярность в народе снискали и прославились своими подвигами батыры Богенбай, Кабанбай, Жанибек. Малайсары, Отеген, Наурызбай. Койгелди, Есет, Кожаберген, Сары, Баян и другие. Большое влияние на умонастроение степняков имели поэты-жырау Бухар Калкаманулы, Умбетей Тлеуулы, Ақтамберди Сарыулы. В числе известных деятели этой эпохи были султаны Барак, Батыр, Абулфеиз, Жолбарыс, Султанмамбет, Ералы». (Қадыржан Абуев. «Хан Абылай и его время» «Елорда» Астана-2006. 95 стр.).

Абылай мен Қалден арасындағы келісім он жылға созылып, 1752 жылы қазақ-қалмақ соғысы қайтадан басталады. Бұл соғыстың басталуына, қазақ жағы себепші болды. Өйткені Абылай Жоңғария хандығы ішіндегі алауыздықты пайдаланып, қалмақтарды бас көтермейтін етіп жеңудің сәті туды деп есептеді. Ақыры осылай болды.

1752 жылдың қазан айында қалмақтардың Сайын-Белек, Батур-Ұбашы дейтін қолбасылары басқарған жиырма мың әскерін Абылай басқарған қазақ қолы тас-талқан қылып жеңді. Бұл қазақ-қалмақ соғысының шешуші жеңісі болды. Бұдан кейінгі соғыстар қазақ пайдасына шешіліп 1753-

1754 жылдарда қазақ қолы жоңғарларды қысы-жазы шауып, айрылып қалған жерлерін қайырумен болады. «1755 жылы көктемде жеңісті жорықтар одан әрі жалғасады. Сөйтіп, ешбір халықтың тарихында болмаған аяусыз жүргізілген екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысында қазақтар түпкілікті жеңіске жетеді. Жоңғар мемлекеті қатер болудан қалады» - деп жазды тарихшы Мұхтар Мағауин. («Қазақ тарихының әліппесі» Алматы 1995. 115 бет).

Баян батырдың жоңғар хандығымен болған осы соңғы соғысқа қатысқаны туралы деректер Мәшһүр Жүсіптің қазақ батырлары туралы тарихи әңгімелерінде кездеседі.

«Абылай хан атақты, әруақты, бақытты хан болған күнде Уақ Баянсыз, Балта керей Тұрсынбайсыз, Шанышқалы Бердіқожа, Көкжарлы Көкжал Барақ, Сырым Малайсарысыз жорыққа аттанбайды екен. Сырым Малайсары батыр қара қалмақ Қатысыбанның ханы Қотажының қолына тұтқындыққа түсіпті. Қалмақтың ханы ақ боз үйге кіргізіп, құда-күйеуше сыйлап, күтіп, сірә, мұнымен елдеспей бізге тыным-тыныштық болмас деп: «Сені біз осы сыйлаған бетімізбен сыйлап, аттандырайық. Сен тұңғышың Тілеуғабылды бізге ақ үйліге бер, ақ мылтықты ауызбен жаласып анттасайық, бір-бірімізге жау болмасқа сенімді уәдеміз болсын» - десіпті.

Баласы Тілеуғабылды қалмаққа ақ үйліге бермек болып, ақ мылтықтың аузын жаласып,

анттасып қайтқан екен. Сонан үйіне келіп жаңа «үһ» деп демін алып отырған үстіне қалмаққа қосын жасап, ту тігіп Абылай хан келіп қалыпты.

- Отырма, атқа мін, жүр! – дейді ғой.

Малайсары:

- Мені қой, мен бармаймын, қалмақпен жауласпаймын деп ақ мылтықтың аузын жаласып, анттасып қайтып едім, антқа ұшырап қалармын, - дейді.

- Қалмақ шіркіннің анты не қылар дейсің, жүресің, бармасаң болмайды, - деп еркіне қоймай ертіп алып, аттанып қалмаққа барған екен. Барса қалмақ күні бұрын естіп, күтініп, дүние-дүние болғалы, жер-су болғалы жау беттеп бұзып кіріп ала алмайтұғын бір берік қорғандары болады екен. Тас түйін болып бәрі соған қамалған екен. Сонда Абылай хан төрт батырды жіберіпті, қорғанды айналып, болжап келіндер, бұзып кірер жері бар ма екен деп. Сонда Уақ Сары, Баян жоғары өтіп, қорғанның үстінен үңіліп ішіне қарай бергенде дулығаның қақ маңдайынан оқ тиіп, дулығаның артына қарай қайқайып қалғанын қалмақ мергендері көріп, жығылды ғой деп қорғанның үстіне шығыпты. Көре сала батырлар жалт беріп қашқанда артынан оқты жаңбырдай жаудырыпты.

Сонда Абылай:

- Бір қанды ауыз мылтықтың аузы Малайсарыға дөп келді-ау, құдай-ай, сақтай гөр дегенше болмай, Малайсарыны сауытының

жыртық жиегінен оқ тиген екен, жөремете сол қалмақ үш атыпты. Өзгелері дін есен, неше оқ атылса, бәрі де Малайсарыға тиіпті. Батырлардың аман-есен келгеніне өзге жолдастары қуанысқан екен.

Абылай хан Малайсары аман есен, аты қыйраландап қалды депті, айтса айтқандай, Малайсарының белін оқ қиратып тастаған екен.» ( «Абылай хан» Алматы 1993, 336 бет). Бұл оқиға 1754 жылы болған. (Малайсары тархан. «Егеменді Қазақстан» 19.01.2008 ж.).

Баян батырдың жоңғарлармен болған ең шешуші және түпкілікті жеңіс әкелген осы соғысқа қатысқаны туралы Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихат» дастанында былай деп жырлаған.

Орта жүз жақсылары қосын жинап,  
Ақыры хан алдында келді барша.  
Қосынды Абылай хан шықты көріп  
Көңіліне бір айрықша шаттық еніп,  
Қарулы жігіттермен сөйлеседі,  
Жасылдан желбіретіп ту көтеріп.  
Арғында аты шыққан Олжай палуан  
Сол еді ханның туын қолына алған.  
Қамалды неше жерде жалғыз бұзып,  
Ер елді ел-жұртына мағлұмданған.  
Жәнібек жүре алмады қосынға еріп,  
Білдірді қартайғанын ханға келіп  
Абылай ырзалықпен рұқсат етті.  
Шын айтқан өтінішін қабыл көріп.

.....

Бөгенбай Қанжығалы, Қоңырат Мәмек,  
Уақтан – Сары, Баян, Қыпшақ – Шорман  
Арғыннан – Жолай палуан, Науман - Төлек  
Осы айтқан Орта жүздің жақсылары.  
Қосыны Орта жүздің жүріп кетті,  
Даланы көлден ең деп қырқып өтті.

\* \* \*

Баян батырдың 1756-1757 жылдары болған қазақ хандығы мен Қытайдың Цин империясы арасындағы соғысқа қатысып, ерекше ерлік көрсеткені І.Есенберлиннің «Жанталас» романында жазылған (264-267 беттер). Бірақ, романда тарихи шындықпен сәйкессіздік бар. Баян батыр 1759 жылы қытайлармен соғыста ауыр жараланып қайтыс болды деп жазылған.

Расында, қытайлармен соғыс 1757 жылы тоқтатылған, осы жылдың жазында қытайлармен бейбіт бітім жасалғаны туралы тарихи құжаттар бар. Романда ешқандай негізсіз «Баянның арғы аталары Моңғолдан сіңген Саян, Аян дегендер», - деп жазылған.

\* \* \*

1771 жылғы қалмақтармен болған соңғы соғысқа дейін 1760-1770 жылдар арасындағы Абылай хан Қырғыздарға қарсы екі рет және Ерден би басқарған Қоқан хандығына қарсы жорық жасады. Осы жорықтардың бәріне де Баян

батырдың қатысқаны туралы тарихи әдебиетте деректер бар. Қырғыздармен болған ең қиын соғыс 1770 жылы Чу өзені бойында болып, бұл соғыс тарихта «Жайылдың қырғыны» деп аталып қалды. Осы соғыс туралы Шоқан Уалиханов былай деп жазды:

«Особенно славится поход Аблая 1770 года (когда) решалась судьба дикокаменных киргиз. В этой битве были все киргизы. Эта битва называется Джаилнын кырғыны – Джаилово побоище, а место битвы получило название Туйскен.

Аблай разбил род солты и сояков на Сарыбеке, на урочище Карабалта – Сукулул, где и убил знаменитого батыра, родоначальника солты Джаила» (Уалиханов Ч.Ч. Собр. соч. 2. стр. 77).

«Жайылдың қырғыны» аталған осы соғысқа қазақтардың қай батырлары қатысқаны туралы Шәді Жәңгірұлы «Тархат» дастанында былай деп жазды.

Қазақтың қайраттанып бәрі қызды  
Көңіліне ханның сөзі дұрысқа кеп.  
Бар еді неше қилы батырлары,  
Майданға бет-бетімен кірді бәрі.  
Әлеке, Алтынсадақ деп айтылған  
Әлібек, Найман Төлек ерлік қылған.  
Шапырашты Наурызбай, Табын Серке,  
Қаракерей Қабанбай өңкей қыран.  
Жаппастан Өтетілеу, Есет-Тама,

Бөгенбай-Қанжығалы, Қантай және.  
Тарақты Көбек, Уақ – Сары, Баян.  
Қоңыраттан Бәйтері мен Жаманқара.  
Алшыннан Абай, Арғын. Арғын – Олжай  
палуан.

Жалайыр Жәтен батыр. Қыпшақ – Шорман  
Осындай батырлар бар мағлұмданған.  
Бәрі де қырғыздарға салды ойран.

\* \* \*

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатынан  
Баян батырдың бейбіт уақытта болыс старшинасы  
қызметін атқарғаны туралы құжат төмендегідей  
табылды. (Бірінші қор. Әскери-жорық концеляриясы. Тізбе-1, Іс-89.  
737-741 беттер. Жасырын. №1359. 17.08.1760 жыл).

Жоғары мәртебелі генерал-майор Иван  
Иванович фон Веймарнаға Железный бекінісінен  
Рапорт.

Рапорт беруші Железинск бекінісінің бастығы  
Секунд-майор.....

(фамилиясы өшіріліп қалғандықтан оқи алмадық. С.Жұмабаев)

Рапорттың қысқаша мазмұны төмендегідей:

10 тамыз 1760 жылы Железинск бекінісіне  
Керей болысының старшыны Баян батыр бастаған  
он адам келеді. Бұлардың айтуы бойынша  
бекіністегі Ресей азаматтары қазақтардың  
жылқысын ұрлаған. Бұны айғақтайтын дәлелдері –  
ұрылардың біреуі жылқы ұрлаған жерге бас киімін  
тастап кеткен. Осы құжат бойынша бас киім иесі  
табылып, жылқы ұрлауға қатысқан Василик

Кайманаков, Степан Вершинин (пятидесятник), Казацкий Капрал, Иван Анциферов, Капрал Малыгин, вахмистр Василий Костыгин деген азаматтардан жауап алған. Бұлар жылқыларды ұрлағанын мойындап, Баян батыр басқарған Керей болысының алты жылқысын қайтарады.

Мұрағат құжатының қысқаша көшірмесін ұсындық.

Государственный архив Омской области.

Фонд Военно-походная канцелярия командира Сибирского корпуса.

/лист 737./

Секретно.

Подан августа 17 дня 1760-го года.

№1359.

Высородному господину Превосходительному господину генерал-майору Ивану Ивановичу [Ганс Генрих] фон Веймарну.

Покорный рапорт.

Сего августа 12-го числа, в рапорте от меня, Вашему Превосходительству, было донесено, что десятого дня сего месяца к крепости Железинской приезжали, на заречный реки Иртыша берег, киргиз-кайсацкой Кирейской волости старшина Баян-батыр в десяти человеках, с просьбой о покраденных у них лошадях. И привезли оные киргизцы с собой на изобличение, что российскими людьми те лошади украдены, найденную ими на



месте, где показанный табун ходил, шляпу. И по приличеству некоторому, через здешних казачьих старшин и полка Вологодского вахмистра Костычина, о тех лошадях сыскивается. А что в сыске окажется, с обстоятельством впредь рапортовано из тех же мест.

А, понеже, о шляпе. Привезенный, упоминающимися киргиз-кайсаками, живущий здесь солдатский сын Михайло Корин, в присутствии моем в железинской канцелярии, объявил, что та шляпа, жительствующего здесь же разночинца Василия Кайманакова. И к тому же, для расследования объявленной киргиз-кайсак сакмы, из которой украденные у них лошади проведены, посланный от меня полковой квартирмейстер Дочкин на ордер в рапорте ко мне написал, что она вышла через реку Иртыш с неприятельской западной на восточную российскую сторону, на остров Ежевичный, где вышеупомянутый таки разночинец Василий Кайманаков, с отцом своим, да отставной казак Иван Анциферов, /лист 737 об./ для своего скота сено косили. И потому оный Кайманаков, в присутствии моем и поручика Мертенса был с прочими, приличествующими же, порознь допрашиваемы, которые и показали, а именно: не знал.

\* \* \*

И о вышеописанном, Вашему Превосходительству, покорнейше доношу: покраденные, упоминающимися: пятидесятником Вершининым, капралами Малыгиным и Анциферовым, и разночинцем Кайманаковым, из-за границы киргизские шесть лошадей собраны. И, персонально, вчерашнего числа переправлены за реку Иртыш, киргизской волости старшине Баян-елычари с товарищами и самим хозяевам отданы. В чем и взята с них, с приложением их [руки, подписи], там расписка. А о сем мной, дабы они за огорчение себе почитать не могли, а особливо, чтоб от российской границы те киргизцы далее отходили и впредь о таковых у них покраж просьб не имели, через толмача оному старшине и киргизцам объявлено: что когда впредь у берегов пойманы /лист 741 об./ будут, то с них взыщется и им отдастся. Ибо прежде и о найденной ими, киргизцами, шляпе сказано было, что оная тех беглых, по каковому случаю и воровство все на них объявлено. А о вышеописанных ворах: Вершинине с товарищами, объявлением им [Баян-батыру с товарищами] умолчано. На что они в ответ объявили: что-де мы тем от российской стороны довольны. И о той седьмой лошади, будут ли пойманы беглецы и с них взыщется, [то, они] наведываться будут. А ныне-де имеют они киргизцы кочевье вверх по Иртышу и которые, по

окончанию тех разговоров, по удовольствию [довольные] в улус и уехали, и, окромя вышеописанного, ничего от них в объявлении не было.

Омбы облыстық архивінен табылған бұл құжат бір жағынан Баян батырдың бейбіт уақытта ел басшысы болғанын анықтаса, екінші жағынан кейбір зерттеушілердің батырдың 1756-1759ж.ж. қытайлармен болған соғыста қаза болды деген деректерін жоққа шығарады.

### **«Шаңды жорық»**

Екі ғасырдан астам созылған қалмақ-қазақ соғысының ең соңғы кезеңі тарихта «Шаңды жорық» деп аталып қалды. 1771 жылдың қаңтарынан басталып, осы жылдың күзгі айларына дейін созылған бұл соғыс қалмақтармен болған ең соңғы соғыс болатын. Міне, осы соғыстың бас батырларының бірі Баян батыр болды. Әзірше, бізге анық-қанығы батыр бабамыздың осы ең соңғы соғысқа қатынасқаны ғана. Бұны жыраулардың толғаулары, Шоқан Уалихановтың зерттеулері, Мағжан Жұмабаевтың «Баян батыр» дастаны, 2000ж. «Атамұра» баспасынан М.К.Қозыбаевтың редакторлығымен шыққан «Қазақстан тарихы» тағы басқа тарихи әдебиеттер анықтай алады.

Түсінікті болу үшін тарихқа шегініс жасап, қазақ-қалмақ соғысының «Шаңды жорық» кезеңіне кеңірек тоқталайық.

Бұл соғыс қалмақтарымен соғыс тарихындағы ең соңғы және ең ірі, сансыз жан құрбан болып, қандары судай аққан соғыс болды.

XVIII ғасырдың орта кезінде шығыстағы Жоңғария жерінен жақсы да кең қоныс іздеген қалмақтардың бір тайпасы Еділ бойында Қалмақ хандығын құрғандығын қазақ тарихынан жақсы білеміз. Бұл хандық Ресей мемлекетінің қолшоқпары болып, бүкіл мұсылман қауымдастығына жаулық саясат жүргізді. Ноғайларды, башқұрттарды өз жерінен қуды. Шығыстағы көршісі қазақ жеріне де дүркін-дүркін шабуылдап отырды. 1635 жылы Салқам Жәңгірдің тұсында Қожаберген жыраудың (1663-1763) бабасы Дәулен батыр басқарған қазақ жасақтары қолынан оңбай жеңілгесін қазақ жеріне шабуылды қойған болатын. XVIII ғасырда Жоңғария хандығының қазақ жеріндегі сәтті соғыстарына масаттанып, қайтадан жаулығын көрсете бастаған. Бұл жаулығын 1755 жылы Жоңғария хандығы жойылғасын мүлдем қойған болатын.

1770 жылдары Ресейден де қағажу көрген Еділ қалмақтары Убачи және Церен тайшылардың азғыруымен шығыстағы ата қонысы Жоңғария жеріне қоныс аударуды армандай бастады.

Ресейден жасырын Жоңғария жеріне көшу 1771 жылдың қаңтарынан басталды. Жоңғария жеріне қашуға ықылас білдірген 180 мыңдай қалмақ жақсы қаруланған 40 мың жауынгердің қорғауымен Еділ бойынан қашып шығады. Әрине, қалмақтардың көші тек қазақ жері арқылы ғана өтуге тиісті, басқа жол жоқ. Орыс мемлекеті қуғыншылар ұйымдастырғанша, қалмақ көші қазақ жеріне тереңдеп еніп кетеді.

Қалмақ көші Ырғыз арқылы Сарыарқаны бойлай жүре отырып, Жетісу арқылы Балқашты бойлай Жоңғария шекарасына шықпақ еді. Қазақ шекарасына кірген қалмақ көші алғашқы күннен бастап қазақтардың бақылауында болды.

Қалмақ көшінің біразын Кіші жүз ханы Нұралы қанға бөктірді. Қазақ жеріне тереңдей қашқан қалмақ көші Мұғаджарды айналып өтіп, қазақтар аз мекендеген жерлерімен жүруге тырысты. Торғай өзенінен өтерде біраз адамдарынан айрылды. Ілгерлеген сайын жағдайлары қиындай түсті. Көштің жүрісін қырағы қадағалап отырған қазақ жасақтары тұтқиылдан тиісіп, адамдарын өлтіріп, малдарын айдап әкетіп отырды. Алайда, қалмақ көшін құртып жіберуге қазақтардың шамасы келмейтін. Қалмақ қолы жеткілікті дәрежеде әлі де қуатты болатын. Қырым мен Кавказдағы ұрыстарда шыныққан далалық жерде ұрыс қимылдарын жүргізуге бай тәжірибесі бар еді. Сондықтан қазақ қолы Абылай ханның

тапсырысы бойынша көштің қанатынан тиісіп, Мойынты және Іле өзендеріне дейін көшті әлсіретуге тиісті болды.

Қашқын қалмақтардың көшін жіті бақылауда ұстап отырған Абылай бұларды Мойынты, Іле бойында тосып алып соққы беруді жоспарлады. Сол үшін 1771 жылдың көктемінде бүкіл қазақ жасақтарын Бурабай жеріне жинап үлкен соғысқа дайындық жүргізді.

Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанында осы туралы былай деп жазды.

Көкшенің бауырында өңшең көкжал

Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.

«Жау» десе жатпайтұғын батыр Баян,

Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?

1771 жылдың маусым айында Мойынты өзенінде аялдаған қалмақ қолын жалпы саны 50 мыңнан астам Абылай бастаған қазақ жасақтары қамауға алды.

Қамауда қалып, өлім қатерін сезген қалмақ басшылары Абылайға елшілерін жібереді. Бұл жөнінде «Қазақстан тарихында» (2000ж. 3 том. 265 бет) былай деп жазады.

«Қалмақ елшілері ежелгі дәстүр бойынша хан ордасынан белгіленген қашықтықта аттан түсіп, Абылайға жаяу келді. «Алдияр! – деді олар ханға. – Біз Сізге Убачи мен Цереннің сәлемін жеткізіп тұрмыз. Қазақтар мен қалмақтар ежелден туыстас халықтар, біздің бұдан әрі соғысуымыздың

мағынасы жоқ. Бітімге келуді ұсынамыз. Сізге арнап ақ үй тігеміз, лайықты тарту әкелеміз және Сіздің бодандығыңызды қабылдаймыз. Біздің басқа барар жеріміз жоқ, бізге көшіп жүретін жер беріңіз, сөйтіп бүкіл қалмақ халқы Сіздің билігіңіздегі Сіздердің ұлыстарыңыздың бірі болады. Ежелгі туыстық әдеп-ғұрыпты қалпына келтіруді ұсынамыз».

Қазақстан тарихында одан әрі: «Жоңғарлар мен Қытайға қарсы күрестің бір батыры өзінің сөзінде: «Убачи мен Церен орыстарды да, қытайларды да жер соқтырып кетті, сені де алдап кетеді, менің ханым», - деп жазылған.

Шоқан Уалиханов «Исторические предания о батырах ХУІІІ века» атты еңбегінде жоғарыда жазылған қалмақ елшілерінің сөзін келтіріп, жоғарыдағы сөзді айтқан Баян батыр деп жазған.

«Баян отвечал: «Нет! Не берите белых юрт, не старайтесь обманывать: Уса и Серен обманули верхний и нижний Китай, обманут и тебя». Хан два раза повторял свое, он два раза отвечал свое. Хан остался на своем» - деп жазды.

Жоғарыда жазылғандай «Қазақстан тарихы» кітабында Баян батырдың есімі түсіп қалып, «Қытайға қарсы күрескен бір батыр» деп жазған. Кітапта Шоқан Уалиханов жазған елшілердің өтініштері мен Баян батырдың сөзі өзгертілмей жазылып, Баян батырдың есімі аталмайды.

Осы «Шаңды жорық» уақиғасы (1771 жыл) мен ұлы ғалымның арасын 70-80 жыл ғана бөліп тұрса, бұл уақиға мен біздің ара қашықтығымыз екі жарым ғасырға жақындаған екен. Ендеше уақыт жағынан да шындық Шоқан Уалихановқа жақын тұр.

Енді «Шаңды жорық» соғысын одан әрі жалғастырайық. Убачи мен Церен қулық жасап тыныс алғаннан кейін қазақтардың бітімге келмейтінін сезгесін үшінші тәулікте бірі қалмай түн ортасында шабуылға шығып, қазақ шебін бұзып өтеді. Ертеңіне жауынгерлік қатарын қайтадан тәртіпке келтірген қазақ қолы жауды өкшелей қуады. Қалмақ қолын күндіз-түні қуып әскери күштерін әлсірете береді. Қалмақтар Балқашты тұщы сулы батыс жағынан айналып өтуді және Іле өзенінің бойымен жоғары барып, өздерінің армандап келген Жоңғарияға өтіп кетуді жоспарлады. Бұны сезген қазақтар суға өткізбеді. «Шөлден қаталап, сансыз көп шайқастарда алынған жарақаттан қалмақтар азапты ажал тауып қырылды, күн сайын жүздеп, мыңдап тұтқынға түсті: тек ең табанды, жақсы қаруланған ат төбеліндей адамдар ғана Жоңғарияға жетті. Еділден, Ресей жерінен қашып шыққан 180 мыңдай қалмақтың 15-20 мыңдайы ғана аңсаған ата қонысына жетті. Бұларды Қытайлар жекелеген ауылдарға бөліп жіберіп, боданы қылып ұстады. Еділден өте алмай қалған 50-60 мың қалмақ қана



тірі қалды. Қазір бұл қалмақ халқының саны 140 мыңға жетіп, Ресей жерінде қалмақ автономиялы республикасын құрып отыр.

«Шанды жорық» деп аталып, бір жылға созылған қалмақтармен болған ең соңғы соғыс осылай аяқталды.

Ойрат – қалмақтармен сегіз-тоғыз ұрпақ бойы жүргізілген өткендегі соғыстар ғана емес, сонымен қатар «Шанды жорық» барысындағы жеңісті шайқастардың өзі де қазақ халқына сансыз көп қасірет әкеліп, шығындарға ұшыратты. «Қазақстан тарихы» кітабында (3 том. 267 бет) осы соғыс туралы былай деп жазылды. «Мыңдаған жауынгерлер ерлікпен қаза тапты, олардың арасынан орны толмас екі құрбанды ерекше атап өткен жөн. Мәселен, «Шанды жорық» шайқастарының бірінде ХҮІІІ ғасырдағы аса көрнекті қазақ қолбасшыларының бірі, қазақ-жоңғар соғысында көптеген жеңістерінің ұйымдастырушысы, Маньчжур-қытайларға да қарсы жанқиярлықпен күрескен Жанатай батыр қаза тапты... Жоңғарлардың қалдықтарын қазақ жерінің шегінен асыра қуып тастап, тағы бір даңқты батыр – Баян жеңіспен қайтып келе жатты, бірақ тура жол үстінде ол кенеттеп келген аурудан қайтыс болды».

Қазақ тарихында «Шанды жорық» деп аталып қалған осы соғыстың бас батырларының бірі Батыр Баян еді.

Баспа беттерінде Баян батыр туралы жазған авторлар Балқашқа таяу Мойынты өзені бойында қоршауға алынған қалмақтарды құртып жіберуге Абылай хан қарсы болып, қазақ жасақтарын кейін қайтарды. Баян батыр Абылайды тыңдамай, өзінің жүз қолымен қашып бара жатқан қалмақтардың мыңнан аса қолымен қарсы соғысып, ерлікпен қаза тапты деп жазады. Әрине, бұл деректер Мағжан Жұмабаевтың «Баян батыр» дастанынан алынып жазылған.

### **Қоршауда тұрған Еділ қалмақтарын құртып жіберуге Абылай хан неге қарсы болды**

Жоғарыда жазылғандай қазақ жасақтарының қоршауында тұрған қалмақтардың бітім сұрай келген елшілердің ұсыныстарын талдау үшін Абылай әскери кеңес шақырады. Қазақ жасақтары мен батырлардың көбі қоршаудағы Убашы мен Церен басқарған Еділ қалмақтарын тегіс қырып тастайық, бұлар ата жауымыз, күшейіп алып қайтадан қазақ еліне шабуыл жасайды деген ұсыныстарын айтады. Бірақ Абылай көнбейді, қазақ жасақтарына кейін қайту туралы бұйрық береді.

Неге көнбеді? Біріншіден, ірі саясаткер Абылай құдіретті Қытай мемлекеті мен қазақ хандығының арасында тәуелсіз дербес Жоңғар мемлекетінің болуын қалады, Қытаймен көрші

болғысы келмеді. Екіншіден, Жоңғар мемлекетін бодандығында ұстап, алым алып отыруды ойлады. Үшіншіден, қалмақтардың соңғы тобын құртып жіберуге қытайлардан қорықты. Өйткені, Қытай мемлекеті Убашы мен Церенге Еділден шықпай тұрып 1755 жылы талқандалып қалған Жоңғария мемлекетінің жерін береміз деп сендірген және бұларды қазақ жерінен өткізіп жіберуді Абылайдан өтінген болатын. Абылайға Қытайдың бұл өтінішін орындамауға болмайтын еді, себебі осы кезде қазақ пен қытай арасы ұшығып тұрған, және де 1771 жылы хан сайланған Абылайды Ресей мемлекеті орта жүздің ханы деп қана таныса, Қытай мемлекеті Абылайды бүкіл қазақ мемлекетінің ханы екенін мойындады.

Енді осыны анықтайтын Омбы мұрағатынан алынған құжаттардан деректер келтірейік.

Князь Урусовтың Астрахан губернаторы Н.А.Бекетовке жазған хатынан. (16.04.1771 жыл) «...Тек қана менің естігенім, қалмақ билеушілері Шерең мен Бамбар Абылай ханға хат жазыпты: «Еділ бойынан шығысқа, қытайға қарай ауып бара жатқан қалмақтарды қазақ жері арқылы аман өткіз, қалмақтың жүз жақсы қызын береміз», - депті. Шерең мен Бамбар өзінің аймақтарын бастап, Убашының алдында 20 шақырымдай озып кетіп барады.

Қазақтардың өзара әңгімесінен естігенім, Қытайдың ханы Абылай сұлтанға хат жазып,

«Астрахандағы қалмақтар бізге келе жатыр, олардың жүретін жолын ашып қой», - деп талап етіпті. Оған Абылайдың не деп жауап бергенін білмейміз, бірақ осы естігеніміз шындыққа ұқсайды». (Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 173-іс, 213-бет – «Абылай хан» Зарқын Тайшыбай).

Қытай мемлекетінің Еділ қалмақтарын қорғағанын анықтайтын тағы бір құжаттан үзінді келтірейік.

Қазақ тұтқынынан қашып шыққан Еділ қалмағы Даразы Шарытовтың айтқандарынан. (26.02.1773ж.).

«Балқаш көліне жеткенімізде атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені Керей болысының қазағы Сегізбай алып кетті.

...Қазақтардан естігенім: Абылайға қытайдың ханы елші жіберіп, қолындағы қалмақтарды босатып, қытай жағына беруді сұрапты. Оған Абылай: «Менің қолымда біраз Еділ қалмақтары бар екені рас. Олардың көбі кәрі, ауру, бала-шаға, әлі кеткен қуатсыз адамдар. Басқаларын қазақтар бөліп-бөліп алып кеткен. Және де бұрынғы кезде қалмақтар қазақтарға көп жаулық көрсетіп қазақтарды қырған, талап-тонаған. Сондықтан, қазақтар бұл қалмақтарды онайлықпен бермейді», - деп жауап беріпті». (Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 235-бет – «Абылай хан» Зарқын Тайшыбай).

Ресей мемлекеті де Еділ қалмақтары біздің елдің азаматтығын алған адамдар, қытай елінің

азғыруымен кеткен, өзімізге тірідей қайтарыңдар деп Абылайға талап қойды. Осындай себептермен Абылай 1755 жылдары Жоңғар қалмақтарын талқандауға бар күшін салса, енді Еділ қалмақтарына көмектесуге тырысты. Қалмақтарды қырып тастау өздері қыспағында отырған Ресей мен Қытайдың мүддесіне қайшы келетін болды.

Ірі саясаткер Абылайды халық және Баян сияқты батырлар түсінбеді. 200 жылдай соғысып қазақ халқын қанға бөктірген ата жауы қалмақтарды бірін қалтырмай қыру керек, әйтпесе күшейіп алып қазақ жеріне қайтадан шабуыл жасайды десті. Абылай бұған көнбеді. Бұған халықтың наразылығын Баян батырдың жасағында қатардағы жауынгер болып қатысқан Уақ Тәттіқара ақынның мына өлең шумақтарынан байқауға болады.

Үш жүздің баласы  
Ақылдасып, жолдасып,  
Хан көтеріп еді.  
Үш жүздің баласын  
Бір баласындай көрмеді.  
Ат құйрығын сүзіндер,  
Аллалап атқа мініңдер,  
Хан-талау қылып алыңдар.

Абылай саясатына қазақ жасақтарының бәрі бірдей қарсы болмағандығын Мағжан Жұмабаев-

тың «Батыр Баян» дастанының мына шумақтарынан байқауға болады.

Ерлерін жиып Абылай ел ағасы,  
Сұрайды: «Мынау істің не шарасы?»  
Қырандар әрі-бері толқысқан соң,  
Қанайы Қарауылдың, топтың басы.  
Саңқылдап суырылып сөйлей берді.  
«Қытайдың қол ұсыным шекарасы,

Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,  
Қазақтың бірі қалмай мерт боласы!...»  
Тұнжырай қалса-дағы хан Абылай:  
«Қайту!» – деп, сөздің болды бітуанасы».

Баян батыр туралы зерттеу мақалаларда Абылайдың қоршауда тұрған қалмақ қолын қырып тастауға қарсы болу себептері айтылмай, Абылай «қайтайық», Баян батыр «шабайық» деп жазылып, Баян батырдың өз халқына деген патриоттық сезімін Абылайдан жоғары қойып алып жүр. Олжас Сүлейменов айтқандай, даланы биіктетемін деп, тауларды аласартып алғандаймыз. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын жазған кезде хандарды мадақтау бастарын өлімге тіккенмен бірдей және дастанның басты кейіпкері Баян батыр, басты тақырыбы махаббат жайлы болғандықтан Баян батырдың патриоттық сезімін жоғары қойғанын ескеруіміз керек.

## Ноян кім?

Ел аузындағы аңыздарда, тарихи әдебиеттерде Сары мен Баян батырлар қатар аталып, бірге туған ағалы-інілі адамдар делініп жүр. Расында, ағайынды адамдар, бірақ бірге тұмаған. Шежіресін тарқатайық. Уақ руының Шоға атасынан – Бәйімбет, Бәйімбеттен 2 бала – Қырғызәлі және Қозымерек туады. Қырғызәліден – Есқара, Есқарадан – Қарабас, Қарабастан – Баян батырдың әкесі Қасаболат туады. Баян батырдан 6 бала – Бұлан, Құлжан, Тасыбай, Қарықбол, Құлтерек, Бәйтерек. Алтауынан да ұрпақтар бар, бәрі де Мағжан Жұмабаев ауданында және Петропавл қаласында тұрады.

Қозымеректен Қарағой, Қарағойдан - Өтеміс, Өтемістен – Сары батыр туады. Сары батырдан 3 бала туады – Сексенбай, Қыстаубай (Ноян), Итіке. Сексенбай мен Қыстаубайдан ұрпақтар бар, Петропавл қаласында, Шал ақын, Тимирязев, Жамбыл аудандарында тұрып жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанындағы Ноян – Сары батырдың баласы Қыстаубай. Автор мұны білмегендіктен емес, Ноян бейнесін шығарманың көркемдік қуатын арттыру мақсатында бұрмалауға барған.

«Қыстаубай, расында да ауылдағы қалмақтың Лағда деген қызын алып қашса керек. Баласының қылығына Сары батыр қатты ашуланады.

«-Қыстаубайды қуып жетіп өлтір. Киімі мен қару-жарағын көзімше көм, - деп Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп, бір қабат киімін алып, қозының қанына малып Сары батырға алып келеді. Қыстаубайдың нағашысы Кіші жүзде екен. Сол жаққа бар деп кеңес береді. Кейін алты алаш дүр көтерілген бір соғыста Кіші жүз әскерімен келген ұлын көріп, Сары батыр жібудің орнына Баян батырға қатты ренжіпті деседі. 1986 жылы 82 жасында қайтыс болған марқұм әкем Хафиз Асқарұлының маған арнап жазып кеткен дәптерлерінің бірінде Баян атамызға қатысты осы бір әңгіме де бар», - деп жазған екен марқұм Ерік Асқаров. 1991 жылы «Дауа» газетінде басылған «Сөз басы – «Батыр Баян» атты мақаласында.

Дастандағы Ноян бейнесіне орай тағы бір айтайын дегеніміз, дастанды толықтай тарихи дерек ретінде қабылдаған Баян батыр туралы жазған кейбір авторлар Жолдыөзек жерінен Ноян мен қалмақ қызы Құралайдың бейітін іздестіруді ұсынған. Кейбір авторлар Баян батырдың Абылай ханды тыңдамай жауға өзінің жүз шақты қолымен қарсы соғысқанын Ноянның өлімімен байланыстырып, жаңсақ пікір айтуға барып жүр.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Батырлар ошақ басы, өз қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрты үшін құрбандыққа барады. Ата-



анадан, туысқаннан, сүйген жардан батырларға қымбат нәрсе – халық қамы».

«Жібекті түте алмаған жүн қылады» дегендей, Баян батырды биіктетемін деп, аласартып алып жүрген авторлар да жоқ емес.

### **Баян батыр қай жылы қайтыс болды.**

Белгісізді білу үшін белгіліден бастап іздеу заңдылығын ескере отырып, Баян батырдың туған жылынан бұрын қайтыс болған жылын анықтап алайық.

Жоғарыда жазғанымыздай, баспа беттерінде Баян батыр туралы осы уақытқа дейін отыздан астам мақалалар жарық көрген екен. Осы мақалалар авторларының бәрі дерлік «Баян батыр 1756-1757, 1759 жылдары Қытаймен болған соғыста қайтыс болыпты», - деп жазады. Авторлардың батыр бабамыз туралы мақала жазар алдында Манаш Қозыбаевтың редакциялауымен 2000 жылы шыққан «Қазақстан тарихын» оқымағандықтары өкінішті-ақ.

Баян батырдың 1771 жылдың қаңтарынан бастап осы жылдың күзіне дейін созылған Еділ қалмақтарымен болған, тарихта «Шанды жорық» деп аталып қалған соғысқа қатысқаны анық. Олай болса 1756-1757 жылдары қайтыс болды деуге ешқандай негіз жоқ. Батыр бабамыздың «Шанды

жорық» соғысынан кейін қайтыс болғанын Омбы мұрағатынан алынған құжаттар да анықтайды.

Қазақ тұтқынынан қашып шыққан Еділ қалмағының әйелі Жарға Бардазамаеваның сержант Иван Шаринге берген жауабынан үзінді. (26.02.1773 жыл).

Менің атым Жарға Бардазамаева, 40 жастамын, бұрын Еділ бойында, Енатъев бекінісіне қарсы мекенде, Дотбир Дундуков княздің қарауындағы елде тұрғанмын. Жайлауда 15 жасар қызым ауырып, оны емдету үшін Убашы ханның еліне баруға мәжбүр болдым. Ол ел шығысқа, бұрынғы жоңғар жеріне жаппай ауып бара жатыр екен. Мен солармен бірге кеттім. Балқаш (Балхасы) көлінің жағасына келгенде атымыз өлді, 30 шақты адам жаяу қалдық.

Бізді қазақтар ұстап алды да, ауыл-ауылға таратып бөліп жіберді. Мен Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың иелігінде болдым. Баян батыр қайтыс болардың алдында мені өзінің інісі Хабин Тулту Булуковқа (Бөлек?) берді. Осы уақытқа дейін сонда болдым.

Ол елде жағдайым қиын болды. Басқа қалмақтар сияқты мен де бұрын Ресейдің қоластында болғандығымнан қашып шықтым. Түн ішінде бір түйені ұстап алып қаштым. Приозерный станицасына бір шақырым қалғанда түйені далаға тастап, өзім Баянауылға жаяу келдім... (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 216 бет – «Абылай хан» Зарқын Тайшыбай).

Қалмақ әйелі берген жауаптың шындығын анықтау үшін картадан атанған селоларды іздестірдік. Әйел атаған Енатъев бекінісі Еділ өзенінің оңтүстік жағасында орналасқан Астрахан облысына қарасты Енотаев ауданының орталығы екен, Астрахан қаласынан 172 шақырым. Әйел атаған екінші Приозерный селосы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданына қарасты Зайсан көлінің оңтүстік-шығысында орналасқан село екен. Баян інісі деп аталған есімнің қазақ есіміне ұқсамайтынына қарағанда, жаугершілікте қолға түсіп, кейін туысындай болып кеткен басқа ұлттың өкілі болуы, не болмаса қалмақ әйелінің, не жауап алушының қате жазуынан болуы мүмкін. Өйткені, шежіресі бойынша бұндай есімді інісі жоқ.

Қалмақ әйелінің: «Мен Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың иелігінде болуым», - деуіне қарағанда әңгіме Баян батыр туралы екеніне ешкім күдіктенбес деп ойлаймыз. Қалмақ әйелінің 26.02.1773 жылы «Баян батыр қайтыс болардың алдында мені өзінің інісі Хабин Тулту Булуковқа берді. Осы уақытқа дейін сонда болдым», - деп жауап бергеніне қарағанда Баян батыр 1772 жылы қайтыс болды деуге толық негіз бар, «Қазақстан тарихы» кітабы да осы уақытты шамалап жазған.

Қазақ тұтқынынан жоғарыда айтылған қалмақ әйелімен бір мезгілде қашқан болу керек, тағы бір

қалмақ әйелінің жауабы (21.01.1773ж.): «Балқаш көліне жеткенімізде атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені Сыйбан Керей болысының қазағы Қожаназар Сәттібай иеленеді. Жағдайым жаман болды. Қожаназардың әйелі күйеуінен мені қызғанып, ұрып-соқты, қорлық көрсетті. Содан соң еріксіз қашып шығып, орыс бекінісіне келдім. Мен де бұрын Ресейдің азаматы болғанмын». (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 235 бет – «Абылай хан» Зарқын Тайшыбай).

Қазақ тұтқынынан қашқан екі қалмақ әйелдерінің жауаптары тағы бір тарихи шындықтың бетін ашып отыр. Әйелдердің айтуы бойынша, Қызылжар өңірінен жасақталған қол Балқаш көлінің шығыс жақ бетіне қоныстанған. Өйткені, бірге қашқан екі әйелдің біреуі Уақ Баян батырдың иелігінде болса, біреуі Сыйбан Керей Қожаназар Сәттібай иелігінде болған. Баян батыр Еділ қалмағына қарсы соғысқа қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның Аралағаш ауылынан (бұл ауыл тарап кеткен) аттанса, Сыйбан Керейлер ол уақытта қазіргі Бескөл қаласы жерін мекен еткен, қалмақ әйелі айтқан Қожаназар осы Бескөл жерінен болуы әбден мүмкін.

Қожаназар Сәттібайұлының ұрпақтары қазір Жамбыл ауданының Жаңажол аулында тұрады. Қожаназар Сыйбанның Андарбай атасынан тарайды. Андарбайдан 3 бала: - Асанай, Мәмбет, Сәттібай туады. Асанайдан тараған ұрпақтар

Жамбыл ауданының Жаңажол аулында және Петропавл қаласында тұрып жатыр.

Сәбит Мұқанов Сыйбан атасын Қылды батырдан, яғни Уақ руынан таратады. Бұл жағынан алғанда да қалмақ әйелдерінің айтуы бойынша Сыйбан Қожаназар мен Уақ Баянның қатар қоныстануы шындықпен үйлеседі.

# ШЕЖИРЕ

## Баян батыр туралы баспа беттерінде басылған мақалалар тізімі

№	Тақырып	Авторы	Уақыты	Газет-журнал
1	Батыр Баян	Хамза Абдуллин жазушы.	Шілде 1991ж.	Газет «Дауа».
2	Тарихта бар тұлға	Бақытжамал Канарбайқызы филология ғылымының кандидаты	11.12.1997	«Егеменді Қазақстан»
3	Мұрасы ақын Мағжан - «Батыр Баян»	Бақытжамал Канарбайқызы	14.05	«Ақшам» газеті.
4	Сөз басы - «Батыр Баян»	Ерік Асқаров М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын.	Шілде 1991ж.	«Дауа» газеті.
5	Алаштың ардагері батыр Баян	Салтанат Ізтілеуова филология ғылымының кандидаты	2.04.2004	«Қазақ әдебиеті»
6	Батыр Баянның жазығы не?	Ерік Асқаров	4.12.1999	«Егеменді Қазақстан»
7	Батыр Баян. Жетісу	Ерік Асқаров	11.04.1998	«Солтүстік Қазақстан»
8	Қазақтың қос қыраны – Сары-Баян	Қосыл Омаров	5.02.2002	«Солтүстік Қазақстан»
9	Батыр Баян	Бақыт Мұстафин жазушы	25.10.1998	«Солтүстік Қазақстан»
10	Батыр Баян	Қайролла Мұқанов	23.06.2006	«Қызылжар нұры»
11	Батыр бабалар	Ғалым Қадірәлі	30.01.2006	«Солтүстік Қазақстан»
12	Батыр Баянды ұмытпайық	Қайыргелді Баймұратов	25.06.1999	«Солтүстік Қазақстан»

13	Батыр Баянның ұрпақтары бар	Зейнолла Олжабаев	9.07.1993	«Солтүстік Қазақстан»
14	Булаев қайдан шыққан	Зейнолла Олжабаев	6.01.1999	«Солтүстік Қазақстан»
15	Батыр Баян. Ерлігі халқына аян	Жақсыбай Самрат	13.07.2005	«Егеменді Қазақстан»
16	Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат	Өмір Есқали	3.10.2006	«Егеменді Қазақстан»
17	Алашқа аян батыр Баян	Социал Жұмабаев	4.10.2006	«Солтүстік Қазақстан»
18	Батыр Баян өмірдеректерін ің жаңа беті	Социал Жұмабаев	27.07.2007	«Солтүстік Қазақстан»
19	Батыр Баян	Қайролла Мұқанов	23.05.2006	«Қызылжар нұры»
20	Помните имя батыра Баяна	Косыл Омаров	19.07.2002	«Северный Казахстан»
21	Батыр Баян	С. Самаратов	2.01.1999	Газета «Вести»
22	Батыр Баян из рода Уак	Кайролла Муканов	5.05.2006	Газета «Перспект»



## **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Шоқан Уалиханов. Шығармаларының жинағы. I. II. IV том.
2. Тарихи жырлар. 1-кітап. 1995 жыл.
3. Бес ғасыр жырлайды. I. II том. 1989ж.
4. Қазақстан тарихы. 2000ж.
5. Қазақ тарихының әліппесі. 1997ж.
6. Абылай хан. 1993ж.
7. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырдағы Жоңғар хандығы мен қазақтар. В.А.Моисеев. 1991ж.
8. Көшпенділер. I. Есенберлин. 1986ж.
9. ХҮІІІ ғасырдағы Қазақстан тарихынан. Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев. 1988ж.
10. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырдағы орыс-қазақ қатынасы. Алматы. 1961ж.
11. Абылай хан. Зарқын Тайшыбай. 2006ж.
12. 1) Омбы облыстық архиві. 1 қор. 1 тізбе.  
2) Сібір корпусі әскери-жорық командирінің канцеляриясының қоры. № 1359.

## Мазмұны

1. Алғы сөз.
2. «Батыр Баян». Мағжан Жұмабаев.
3. «Баян Батыр». Зейнолла Әкімжанов.
4. Баян туралы баспа беттерінде жарық көрген зерттеу мақалалар:
  - 1) Батыр Баян. Хамза Абдуллин.
  - 2) «Сөз басы - Батыр Баян». Ерік Асқаров.
  - 3) Тарихта бар тұлға. Бақытжамал Канарбайқызы.
  - 4) Алаштың ардагері батыр Баян. Салтанат Ізтілеуова.
  - 5) Қазақтың қос қыраны – Сары-Баян. Қосыл Омаров.
  - 6) Батыр Баян. Бақыт Мұстафин.
  - 7) Батыр Баян. Ерлігі халқына аян. Жақсыбай Самрат.
  - 8) Батыр Баян ақын, жазушылар шығармаларында. Қайролла Мұқанов.
  - 9) Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат. Өмір Есқали.
5. Қазақ-қалмақ соғысы
6. Баян батыр – қазақ-қалмақ соғысының батыры
7. Баян батыр Қасаболатұлының шежіресі
8. Баян батырдың ұрпақтары
9. Мақалалар тізімі
10. Пайдаланған әдебиеттер

Редакция алқасы осы кітаптың басылып шығуына демеушілік жасаған Қайрат Пішенбаев, Ермек Баймұратов, Ниязбек Нұғыманов, Алтынбек Сапаровтарға рахмет айтып, зор денсаулық, атқарып жатқан істеріне табыс тілейді.

Баян батыр бабаларының рухы әр уақытта қолдап жүрсін.

# БАЯН БАТЫР

(зерттеу мақалалар жинағы)

Кітапты құрастырып, баспаға дайындаған:  
**Социал Жұмабаев, Зейнолла Олжабаев.**

Редакция алқасы: Қайролла Мұқанов,  
Ермек Баймұратов, Ниязбек Нұғыманов,  
Жәлел Жанабаев, Ғомар Сажаратов.

Редакторы: Таңат Сүгірбаев

Компьютерде теріп дайындаған:  
Байтенова Нұржамал